

ЖАРАСБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ




Еңеңиң
ШІР БҰТАҒЫ

ЖАРАСБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ

*Еменнің
ШІР БҰТАҒЫ*

повесть, эпиграммы, с케чты



АСТАНА

2007

ББК 84 Қаз 7-44
С 90

С 90 **Жарасбай Сүлейменов**
«Еменнің нір бұтагы». — Астана: “Фолиант”, 2007. — 156-бет

ISBN 9965-32-142-6

Жарасбай Сүлейменовтің бұл кітабына нарыққа өтпелі ке-
зендеңі ауыл тұрмысы, қарапайым халықтың қыындықтарды жену
жолындағы іс-әрекеті, жаңа өндірістік қатынастарды қалып-
тастырудың қақтығысты сәттері, меншік иелері арасындағы тартыс
туралы шығармалары топтастырылған.

С 4702250201
00(05)-07

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-32-142-6

© Сүлейменов Ж., 2007
© «Фолиант» баспасы, 2007



Сыртта боран үйітқып тұр. Бұгін төртінші күн. Боран болғанда да, кәдімгі жынды боран, аш қасқырдай ұлып, шашқына соғып терезені сабалағанда жаңынды қоярға жер гаптайсын. Алқа-қотан отырған ауылды жұтып қойғандай. Көрші үйдің өзі көрінбейді.

Алтайдан маза кеткелі де төртінші күн. Төрт қабырғага қамалып аласұрғанмен қолдан келер шара жоқ. Үйдің шілде азынап барады. Танертен жаққан бір құшақ отын не болсын, әйтеуір, пимасын шешпей жан сактап отыр. Комір деген бұл ауылда атымен жоқ. Көмір ғана емес, Қаратаал соңғы екі-үш жылда бәрінен жүрдай болған: жарық та, телефон байланысы да жоқ. Дәрігерлік пункт қираған, он-әдемі мәдениет үйі бар еді, оны өздері соңғы кірпішіне дейін бөліп-бөліп әкетті. Қалғаны жалғыз мектеп, оның да шекесі шылқып тұрған жоқ, бұгін болмаса ертең жабылып қалуы мүмкін. Өйткені соңғы жылдары ауылда ғана саны күрт кеміп, мұғалімдер екі-үш сыныпты қосып оқытуда. Қыскарып қалған мұғалімдердің көбі көшіп кетті. Осы мектепте он жылдан астам уақыт математикалаш сабак берген жалғыз ұлы Берігі де қазір облыс орталығында істеп жүр. Тіпті соның немен айналысадының да білмейді. Көрмегелі бір жылдай болып қалыпты. Қатыннас нашар: ауылға автобус жүрмегелі қашан. Өзінікі деңгей көлігі жоқ. Осында екі қолға бір жұмыс таба алмаған-шін кейін өз көліктерімен жолаушыларды тасымалдап жүрген бір-екі жігіт бар, оларға күнін түссе тіпті кісінің күшін сұрайды. Осыдан бір апта бұрын кемпірі солардың

біріне отырып “Балалардың жағдайын біліп келейін, осы он бүйірім шанша береді, мүмкін дәрігерлерге көрсетер” деп қалаға кеткен. Содан бері хабар жок. Хабар қайдан болсын, боран көзаштыратын емес.

Таның атқаны жаңа ғана сияқты еді, міне, төнірек тағы да тұмшалана бастады. Асқа зауқы жок, үйкі кашкан. Жайшылықта жастықка басы тисе, кірпіктері айқаса қалушы еді, қазір қалжырап барып бір-ак үйіктайды. Неше түрлі ой миын шағып жатканы. Содан ба екен, неше күннен бері жиылмаған төсегінің шетіне келіп отырғанмен көрпенің астына кіруге асықпады. Төрт күннен бері осы үйдің есігін ешкім ашқан жок. Тіпті төніректе тірі жан жок сияқты. “Әркім өз басымен әуре болып кеткен заман-ай!” Бір күнде аспан айналып жерге түседі деп кім ойлаған. Бәрі көзден бұлбұл үшты. Қаратал аты, ауданды былай қойғанда, облысқа кең танылған ірі шаруашылықтың орталық конысы еді. Бұғінгі сикына карап оны солай болған деп кім айттар? Анада теледидардан Шешенстандағы соғыстар зардап шеккен елді-мекендерді көріп жағасын ұстаған еді. Қараталдың бұғінгі сыйкы сол сойқанды көз алдына келтіреді. “Дүние не болып кетті өзі?! Осының бәріне кім кінәлі ..” “Сенсің! Сенсің!..” – Астағапыралла, мынау Сайлаудың дауысы ғой... Бісміллә, бісміллә!!!

Сайлау осы ауылдың тумасы, өмір бойы тракторшы болып істеген, өзі мұнымен түйдей құрдасты, екеуі қатты ойнайтын. Өткен жылы аяқастынан қатты науқастанып, ақыры зейнет демалысына да шыға алмай одүниелік болып кете барды. Жай кетсе жарайды ғой, мұны жұрт алдында жерге қаратып кетті. Қайтарынан бір аптадай бұрын көнілін сұрай барғанда: “Алда-жалда ана жаққа жүріп кетсем – обалым саған, осы шаруашылықтың икі-тикісін шығармасандар адам сияқты ем-дом, дем алмас па едім, омбылап бір апта ауылдан шыға алмадым, одан аудан орталығына итшілеп жетіп дәрігерге көрінген болдым, тек одан не пайда, бәрі сатулы көрінеді. Бәріне ғаша

керек. Мен оны қайдан алам, корадағы малдың бәрі бітті. Енді не болса да, құдайдың салғанын көріп алдым!” деп кәдімгідей жұрт алдында кейіген. Бұл: “Әй, кетсөн пәленді біреуге жақпай дұрыс кет, өкпелесен ана Горбачевқа өкпеле” деп құрдасының кинала айтқан сөздерін ойынға шаптырмақ болып еді, онысын ешкім қоштай коймады. Бәрі рай бермей томаға тұйық отырып қалған. Ақыры Сайлау көп жатқан жок. Асқынған ауру азаматты алып тынды.

Жалғыз Сайлау ғана ма? Қарап отырса осы үш-төрт жылда өз катарластары бар, өзінен үлкендер бар, талай адам өмірден өтіпті. Бала-шағасын, туған-туысын сағалап сырт көшіп кеткендер қаншама. Қебі облыс, аудан орталықтарында тұрып жатыр. Бәрі тұрмыстың ауыртпалытынан, жұмыссыздықтан, қиуы кете бастаған тіршіліктен өкше көтеруде. Үлкендер осындай жаппай көшу сонау отызыншы жылдары болған дейді. Онда жұрт ашаршылықта “қара қазан, баланың” қамы үшін шет жағалап кетсе керек. Бірак, олар қазіргі жұрт сияқты аяқ астынан болған өзгеріске антарылып дәрменсіздік танытпай, “олменгеге өлі балық” кездесер деген үмітпен, “қыбырлаганға қудай берер” деген сеніммен үдерे көшкен. Енді мына құбылысты қалай түсінуге болады? Қандай тәлсім жасаған жөн? Қоңілге көк сұнгідей қадалған сан мың сұрақ сананы шиырлап кеткенімен жөні тұзу жауап таба алмай шарқ ұрады. Мына жынды боран да жығылғанға жұлдырық дегендей, басылар емес.

Ол караңғы үйде қалғып-мұлғіп әлі отыр. Осы сәтте біреу терезе қаққандай болды. Терезені сабалап жатқан кіркүйршықтары еken. Боран тіпті күшіне түскен сияқты. Мұндай да болады еken-ау, баяғыда екі-үш күнде сейіле бастаушы еді, міне, бесінші күнге ауып барады, толас жок.

Бәріне сен кінәлісін! Сен кінәлісін!.. Әлгі дауыс. – Астагапыралла!.. Ол төсегіне қисайып, көзін жұмды. Сол-

ақекен, осыдан бес-алты жыл бұрын болған оқиғалар көз алдынан тізбек-тізбек өте бастады.

“Бірлік” кеңшары дүркіреп-ақ тұрған. Бесжылдықты төрт жылда орындаған облыстық Құрмет кітабына жазылды. Ана кездері егінмен аты шығып жүруші еді, осы директор келгелі мал шаруашылығы да біраз көтеріліп қалды. Әсіресе, сауын сиырдағылардың еңбегі жаңып тұр. Эр сиырдан үш мың килограмның үстінде сүт сауған Құлпәш Бекенова Мәскеуден бір-ақ шығып, Бүкілодактық халық жетістіктері көрмесінің алтын медалін өніріне тағып кайтса, оның жарыстас құрбысы Айман Қадіржановаға аудан басшылығы көк “Москвич” сыйлады. Бір кездері директор, парторттардың үйлерінің ғана қабырғасына ілінетін түкті кілемдердің бірнешеуі де келді. Соның бірі кеңшар кәсіподак үйымын басқаратын Алтай Сәлиевке тиген. Оның несі бар, бұл да халықты іске жұмылдыруда аз тер төгіп жүрген жок. Жыл он екі ай көлік үстінде, әйтеуір, жанға тыныштық жок. Соның қайтарымы шығар, елеп ескерген директорға мында бір раҳмет! Бұрынғылар бәрін өздеріне тартушы еді, Ерлік Бәйкенұлы ұжым мүшелерін ренжітіп жатқан жок. “Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды” деп жасына да, кәрісіне де төгіп беріп жатыр. Қазір екі үйдін бірінде тоңазытқыш, теледидар. Жылдан-жылға жеңіл көлік мінгендердің де қарасы көбейіп келеді, кезекте тұрғандар каншама. Бұл халықта ақша бар деген сөз. Әйтеуір “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заман. Соның бәрі осы директордың арқасы. Айналасы алты-жеті жылда аудан, облыс орталықтарынан шалғай жатқан шаруашылықты катараптасты. Өйткені бөлімшелерді былай қойғанда, Қараталдың өзінде дені дұрыс демалыс орны жок еді. Бір жылдан кейін: “Мәдениет үйін саламыз”, – деді. Айтқанында тұрды: кешікпей Мәдениет үйі ғана емес, кітапхана, спорт залы, дәрігерлік пункт іске қосылды.

Енді басы ауырып, балтыры сыздағандар аудан, облысқа шапқылап қиналмайтын болды. Одан кейін ауылдағы асыраушысы жоқ жалғызбасты қарияларды бір шатырдың астына жинап, электр қуатымен жылтытылатын үй салып берді. Суы да ішінде, әйтеуір, бір рахат. Ол байғұстар сол жақсылығы үшін директорды көрген сайын көз жастарын сығып, жік-жаппар болады. Алла ісіне жар болсынды жаудырып, бір өліп, бір тіріліп қалушы еді.

Осылай “Бірліктің” желі онынан ескенмен шішілмеген бір үлкен түйін бар еді. Ол – жол мәселесі. Жаңбыр жауса ауданға дейінгі қырық шакырым жол ми батпак болып езіліп кететін. Қыста да сол, кар алып қалса, ауылға не кіре алмайсын, не шыға алмайсын. Бірде жиналыста осы мәселе көтерілгенде директор: “Көбіне шыдаған енді азына да шыданыздар, оны өз күшімізben шеше алмаймыз, көп қаржы керек” деген. Айтқандай арада жарты жыл өтпей жатып-ақ, “Қаратал мен аудан арасына ас-фальт төсөледі екен” деген әнгіме дүңк ете түсті. Бұл республика Жоғарғы Кенесі депутатының мандаты үшін құрестің нағыз қызған шағы болатын. Сұлікті ауданынан ұсынылған екі кандидаттың бірі облыстық атқару комитетінің төрағасы Руслан Керімбаев та, екіншісі – “Бірліктің” директоры Ерлік Бәйкенов. Алғашында кейбіреулерге бұл бәсекелестік баланың ойынындей көрінген.

– Облыстық атқару комитетінің төрағасына қарсы тұру қайда?!

– Рас айтасың, облатком кім, ”тәйт!” десе тайып тұрмай ма?

– Баяғы халықты алдау ғой, балама кандидаттар дауысқа түсті деген сияқты...

– Жоқ, олай деменіздер, аудан орталығында өткен, сосын ана көрші – Ақсуат ауданында болған кездесулерде “Бірліктің” директорына бүйрекі бүратындардың басым екені байқалып қалды.

- Ертен дауыска түсті бар ғой, Ерлік ұтып кетеді.
Күнде гу-гу әңгіме. Сайлау жақындаған сайын тіпті үдей түскендей.
- Жарайды, басқаларды көре жатармыз, осы өзіміз кімге дауыс береміз?

— Кімге дауыс бергені несі, өз басшымызды қолдауымыз керек.

— Дұрыс айтасыз, жас та болса іскер азамат, айналасы бес-алты жылдың ішінде ешкімге керексіз болып қалған шаруашылықты алға шығарған жок па, дауысты соған беруіміз керек, оның бағы жанса, біздін де ешнәрседен ұтылмасымыз хак.

— Бәрін айтта бірін айт, ертең жоғары жактағылардың көзіне шалынып, алып қетпесін де. Қолына берді бар ғой, ауданынды да үршықша үйіреді.

— Жанып тұр, біздін бағымызға қарай келген ғой, Алла тағала соны көпсінбесін деніз. Эйтпесе, ана Суаткөл сияқты баяғыда-ақ тоз-тоз болып кетер едік.

Осылай халық әңгімені қыздырып, алақанына түкіріп отырғанда: “Ерлік Бәйкенов кандидатурасын алып тастайтын болыпты, дауыска түспейді екен” деген әңгіме тарай бастады. Өзі жұмысында жүріп жатыр, тіс жарып ешкімге ештеңе айтпайды. Сайлау болса жақындал қалды. Алтай партком хатшысынан сыр тартып көріп еді, ол: “Отініш түсті деп естігем жок” деп әңгімеге иліге коймады. Осылай дел-сал болып отырғанда бір топ жұмысшы сау етіп кіріп келмесі бар ма. Сөзді фермадағы партия тобының жетекшісі Наурызбай Сапаров бастаған:

— Сіздерге бір үлкен өтінішпен келіп отырмыз, — деді ол әр сөзіне салмақ сала сөйлеп.

— Тиыштық па, бұлай бастарының қосыла қоймаушы еді ғой. — Партком хатшысы мына келісті не жақсылыққа, не жамандыққа жоруды білмеген сынаилы.

— ТиНЫШТЫҚ қой, ел аман, жұрт тиыш, шаруаның жайы да жаман емес. Тек бізді мазалап тұрған Ерлік Бәй-

кенұлы кандидатурасын алып тастайын деп жатыр деп естідік. Осы мәселеге байланысты келіп тұрмыз. Біздің білуімізше халық сол кісіні қалайды.

Осы арада сөзге жайшылықта көп сөйлей қоймайтын малшы Мұхтар Тәжіахметов араласты.

— Кеше Аксуаттан құдаларымыз келіп кетті, ол жактағылар да біздің директорға дауыс береміз деп отырған көрінеді.

— Элде жоғары жақтан бір қысым бар ма екен?

— Олай болса, қайта құру, қайта құру деп күнде қаксап жатқандарынан не пайдада?

— Горбачевтың өзіне жазу керек!

Осы арада партком хатшысы колын көтеріп “токтандар” дегендей белгі берген.

— Текке даурықпаныздар, Ерлік Бәйкенұлына жолығып мән-жайды білейік, шешімді қабылдайтын сол кісі гой.

— Солайы солай ғой, бірақ сіздер ұжым мүшелерінің көніл-күйін ол кісіге жеткізініздер. Біз бір кісідей қолдаймыз.

Директор күнде таңертен бас мамандармен лездеме откізіп, тәулік ішінде тындырылған істерді тиянактап, алда тұрған міндеттерді айқынданап отыратын. Әдетте ұбак-шұбак әңгіме болмайды, асса жарты сағатқа созылады. Сосын бәрі өздерінің жұмыс участкелеріне аттанады. Бүтін де солай қадау-қадау нұсқау алған мамандар шығар есікке беттегенде парторғ пен кәсіподак комитетінің тәрағасы орындарынан қозғала қоймаған. Директор кабинетте үшеуі онаша қалғаннан кейін құлағым сіздерде дегендей, бұларға жанар қадады. Партком хатшысының қызыметі үлкен болса да сөзді жасы үлкен кәсіподак комитетінің тәрағасы Алтай Сәлиев бастады.

— Ереке, өзінізге ұжым мүшелерінің өтінішін жеткізгелі отырмыз. Кеше сіз сайлауға қатыспайды екен, кандидатурасын алып тастайтын болыпты деген сөздерді естіген

бір топ жұмысшы келіп кетті. Аландаулары орынды сияқты. Алған бетінен қайтпасын біз қолдаймыз деп отыр.

— Біздің кеңшарда ғана емес, басқа участекерде де осындай ахуал бар көрінеді.

— Тіпті әлгі Қади тентек Ерекен дауысқа түспесе, біз сайлауыныңға келмейміз дегенді де айтып қалды.

Осылай жарыса сөйлем біраз жерге барып калған парторг пен кәсіподак тәрағасы сіз не айтасыз дегендей директордың аузына қараған. Бірақ Ерлік Бәйкенұлы елп ете түспеді. Сәлден соң ғана:

— Шешім қабылдау маған да онай болған жоқ. Эрине, халық сенім білдіргеннен кейін жарты жолда қалу үят іс. Соған қарамастан өтінішімді жазып қойдым, қазір ауданға жүргелі отырмын, округтік комиссияға тапсырмакпын, — деді.

— Қысым жасалып жатыр деген рас болды ғой.

Алтай шын көнілден бір түрлі кіжініп кетті.

— Қысым деу артығырақ болар. Рас, сөз салып, жолынды Керімбаевқа берсейші, дегендер болды. Қыскасы, беретін болым. Бірақ жай бере салғам жоқ, олар таяудағы екі жылда Қаратал мен аудан орталығының арасын асфальт жолмен қосатын болды. Менің депутат болғанымнан халыққа осы пайдалы шығар деп ой түйдім. Халыққа бәрін түсіндірініздер, облыстық атқару комитеттінін тәрағасы лайыкты кандидат, қырқында қамал бұзатын жігіт. Кездесулердің барысында, сан мәрте әңгімелескенде оған көзім анық жетті.

Осымен әңгіме тәмам болып әркім өз жайымен кетті.

Ақыры, сайлау комитетіне бір ғана адамның облыстық атқару комитетінің тәрағасы Руслан Нұрланұлы Керімбаевтың аты-жөні ғана енгізілді. Бірақ неге екенін кім білсін, сайлауға тізімге енгізілгендер түгел қатысқанмен, Керімбаев бұрынғыдай 99,99 пайыз дауыс жинай алмады, оны қатар жатқан үш ауданның ересек тұрғындарының үштен екі бөлігі ғана жақтады. Бұл бұрын-сонды бұл өнір-

де болмаған жағдай. Қалай болған күнде де депутат мандаты соның қолына тиді.

Сайлау дүрмегі де, одан кейінгі гу-гу әнгіме де басылды-ау. Бірақ көп уақыт директор айтқан жолдан хабар болған жоқ. Сөйтіп жүргенде кеңшарға Керімбаевтың өзі келе қалмасын. Мәдениет үйінде кәдімгідей үлкен жиналыс өтті. Шаруашылық басшысының есебін тындағаннан кейін мінбеге Керімбаев көтеріліп “Сіздің шаруашылықтың тәжірибесін республикаға тарату жөнінде жоғары жақ шешім алып отыр, бұл үлкен жауапкершілік”, деп бір тоқтады. “Бұл орынды таңдау екенін айтқым келеді. Өйткені “Бірлік” – таза пайдамен жұмыс істеп жатқан санаулы ұжымдардың бірі”.

Бұдан кейін тағы бірнеше адамға сөз берілді. Сөз жоқ, бірліктіктердің соңғы жылдардағы табысы толымды. Оның сыры дегенде бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, Ерлік Бәйкенұлы келіп көзіміз ашылды, бәрі осы кісінің арқасы, біз сияқты қарапайым адамдардың қолынан не келеді. Біз түгіл, Ерекене дейін істеген талай басшылардың да тауы шағылған деп жарыса сөз сабактаған.

Облыстық атқару комитетінің төрағасы осы арада: “Жағдайларыңыздың алдағы кезенде де жаксара беретініне сенімдімін, баршанызды қуантып кояйын, биыл сіздерден аудан орталығына дейін асфальт жол салатын болдық, тиісті қаржы бөлінеді” деп жиналғандардың көнілін бір көтеріп тастады.

Айтқандай, кешікпей жол құрылышы басталып та кетті. Азғантай ғана уақытта жиырма шакырымға киыршық тас төселип, бес шакырымы асфальтталған еді, әттен ... Әт-тең, соның бәрі адыра қалды. Бүгін сол игіліктердің бірі де болмағандай.

“Бәріне сен кінәлісің!” Астағапыралла! Сайлаудың дауысы. Жоқ, басқалар да қосыла шуласып жатқандай: “Сен кінәлісің. Сен кінәлісің!!!” Ол екі аяғын бауырына алып, бүрісіп жатыр. Көзі ілінер емес. Өткен күндерге

оралған сайын неше түрлі ойлар кеуде тұсын тырналап, жанын көзіне көрсетуде.

... Сол күні директор, парторғ үшеуі кабинетте ұзак отырған. Директордың кейбір сөздері мұның ақылына конып жатқан жок.

– Жағдай жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп барады. Нарықтың заны басқа, бүгін болмаса ертен көптеген ұжымдарда меншік иесі өзгереді. Қоштен қалмау керек. Егер қазір кеншарды жекешелендіріп алмасақ, ертен бәрінен де айырыламыз... Жекешелендіру! Бұл не нәрсе? Ұжымды жеке меншігіне алғысы келе ме? Сол күні де осы сияқты неше түрлі сауалдар мазалап, тұннін бір уағына дейін дөнбекшіп ұйықтай алмаған. “Жок! Оған жол беруге болмайды. Бұл дегеніңіз баяғы бай мен кедейдің заманына қайта оралу ғой. Олар бар байлықты бауырына басып қалып, мына қалын елді уысына ұстамақ қой. Осында кейбіреулер: Біздің директордың арғы аталары бай болған көрінеді. Ел басқару мұның қанында бар – деп жүруші еді, сол әніне қайта басқысы келе ме, қалай? Жок, оған жол беруге әсте болмас.” Осындай ойлардың жетегіне ерген ол директорды аяқ астынан қалай жек көріп кеткенін анғармай да қалды.

Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр, әйтеуір, бір әрекет жасалып жатқаны анық. Бірде “Құжаттары дайын болуға жақын екен” дегенді құлағы шалып қалған. Былайғы жүртқа екі дүние бірдей сияқты: әркім өз жұмыстарымен жүріп жатыр. Директор осы ауылды тік қотарып, қөшіріп әкетсе де тырс ететін түрлері жок. Бүгін солайы солай-ау, ал ертең болар іс болып, бояуы сіңгеннен кейін бәрі де сандарын соғып шыға келді. Сонда: “Жарайды, біз қараңғы халықты, ал сендер қайда болдыңдар, ай қарадыңдар ма?!” деп сөгулері хак. Мұның түбі жақсылыққа апармайды. Қарап отырмай бір амалын ойластыру керек, ертен құжаттар жоғары жаққа кетіп қалса, кеш болуы да мүмкін. Қап, осындайда ақыл қосатын бір жаннын да

болмағаны қын екен. Кім бар, осы ойларын кімге сеніп, жеткізсе екен? Ойға алдымен партком хатшысы Нұржан Байғожаұлы оралған. Эй, содан ештеңе шыға қоймас, қашан көрсөн де директордың аузына қарап, сілекейі шұбырады да отырады. Өзінікі деген бір пікірі жок қой. Бухгалтердің не ойлағаны бар екен. Есеп-кисаптың бәрі соның қолында емес пе, жекешелендіру деген пәленің не екенін бір білсе – сол білетін шығар. Оның үстіне Асхат мұның немере інісі, оған сенбегендे кімге сенеді?

Асхат бәрінен хабардар болып шықты.

– Күнде ауданға, облысқа шауып жүр ғой, не шығаратынын кім білсін, – деген ол шегір көздерін бұған қадап.

– Осының айтып жүргені не нәрсе, сен маған соны түсіндіре аласың ба?

– Оны түсіндіретін ештеңе жок, мына кеншарды сатып алғысы келіп отыр. Бәріне өзіміз ие болуымыз керек, сонда өндірілгеннің бәрі осы жерге қалады, игілігін өзіміз көреміз дейді.

– Өзімізді кімдер, бізге де бірдене тиे ме?

– Ол жағын ашып айтпайды, әйтеуір, байлық та, билік те бір колға көшу керек деп отыр ғой.

– Сенің өзіннің не ойлағанын бар, мендей емес, оқыған-тоқығаның мол ғой, ертең далада қалмаймыз ба?

– Алтеке, бұл түске де енбекен нәрсе ғой. Қайдағыны қайдан шығарып отырғанын бір алланың өзі білсін. Қашан көрсөн қолынан кітабы түспейді. Екі сөзінің бірі – шетел. Шын байлық соларда дейді. Кейде өзімен әнгімелесуге де қорқамын. Ашып айтпаса да бәріне карсы сиякты.

– Менің білуімше осындай сөз шығарып жатқан бірде-бір директор жоқ. Осының сандырағына еріп, әліптің артын бағып отыра береміз бе, ел емеспіз бе, өршіп кетпей тұрғанда койдыру керек шығар.

Асхат үн демей қалды. Оны келіскендіктің белгісі деп ұққан Алтай:

— Енді қымылдамасақ, кеш қалуымыз мүмкін, халықты қөтерейік, жиналыс өткізуіміз керек, деп ойындағысын бір-ақ актарды.

— Сосын?..

— Айтсын халыққа не ойлап жүргенін.

— Халық деп отырғанын, анау Жексен, Бейсендер ме, олар мал емес пе, кайда айдасан, сонда жүретін.

— Басқалар да бар ғой, мына өзіміздің Әутектен шық-кандардың бетін бері қаратсақ, соның өзі жетіп жатқан жок па, солар қосылып кетті бар ғой, директорының шләпісін теріс айналдырып жібереді.

— Алтеке, бұл арада қызыбалыққа салынуға болмайды, бәрін ойластыру керек, директордың да арқа сүйейтін адамдары осында да, жоғары жакта да жетіп жатыр.

— Е, ондай адамдар бізде жок па, ауданда да, облыста да отыр ғой, шақырайық бәрін, ақылдарын айтсын. Қалай десен де бүгін қымылдамасақ, ертең кеш болады.

— Сонда не, істейміз?

— Жатпай-тұрмай халықпен жұмыс істеп, солардың көзін ашу керек. Мынау бізге енді директор болып онбайды, шығару керек жұмыстан.

— Жұрттың бәрі бізді қолдай қойса жарайды ғой?

— Қолдайды, осында оның басқан ізін андып отырғандар аз емес. Басшы болғасын жұрттың бәріне бірдей жағу киын ғой. Білемін, осында өкпесі қара казандай болса да, іштен тынып жүргендег бар. Алдымен соларды қөтеру керек. Ана өзіміздің Теміrbай қолдамайды дейсің бе, қолдайды, осы директордың кесірінен баласы тұрмеде отырған жок па? Сол сияқты Биғожаның балаларын да сый-ғызыбай қаңғыртып жіберген жок па? Тізе берсек бір ауыл болып шыға келмей ме?..

— Теміrbайдың баласы сотталса, өзі кінәлі. Директор оған қандай жақсылық жасамады. Орактың озаты деп жолдама беріп, сонау Австрияға да жіберді, жұрттың колы кілемге жетпей жатқанда машина мінгізді. Соның бәрін

бағалады ма, аракқа салынып, ақыры мас болып жүріп біреудің басып кеткен жоқ па?

— Солайы солай ғой, бірақ “Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде” дегендей, алып қалуға болатын еді ғой.

— Биғожаның балалары да онып тұрған жоқ, біреуіне зоотехниктік, екіншісіне мал дәрігерінің қызметін берді. Бірақ екеуі не істемеді, қосылып алып, бір отар қойды сатып тауыса жаздаған жоқ па? Қайта аман кетті де...

— Оны сен білесін, мен білемін. Басқалар үшін бәріне директор кінәлі.

Канша бұлғактағанымен, Асхат ағасының айтқандарынан шыға алмаған. Ақыры, екеуі өздеріне караған сенімді деген адамдардың басын қосып тағы бір ақылдасуға келісті. Неше тұрлі ойлар бүйірін қыздырған Алтай директордың ауылда жоғын пайдаланып, ағайындардың басын сол күні-ақ қосып жіберген.

Бұл жолы алыстан орағытқан жоқ:

— Директор кеншарды сатып алайын деп жатыр, есті-діндер ме? — деп төбеден түскендей коя салды.

— Сатып алғаны қалай, соншама ақшаны қайдан алады?

— Бұрын-сонды көз көріп, құлак естімеген нәрсе. Сірә бірнеше жылға қарызыға алады білемін.

— Анада әйелі осы маңайдағы ауылдардың тұрғындарының купондарын сатып алып жатыр деп еді, рас болып шықты ғой.

— Сатып алса, оған біздің неміз кетеді? Үкіметке де істеп жатырмыз ғой, әлгі кім айтып еді “Бізге пролетариатқа бәрібір, бұғаудан басқа жоғалттын түтіміз жоқ” деп, екі қолға бір жұмыс қайдан болса табылар.

Мұны айтқан Сайлау еді. Сайлау Алтайға бөтен емес, екі үйінің бірі десе де болады. Бірақ осылай кейде бүйрек-тен сирак шығаратының бар. Алтай жақтырмай калды.

0 5 6 6 5 4

Сайлау, сенің осы орынсыз жерде ойының келе қалады екен. Елдің тағдыры таразы басына тартылып отырылғанын түсінесін бе? Директордың ынғайына жығыла кетсек біріміз құл, біріміз құн боламыз.

Алтайдың сөзін бухгалтер іліп әкетті:

— Алтекен екеуіміз осы мәселенің төңірегінде көп әңгімелестік. Расында да ойлануымыз керек. Ата-бабамыздан қалған игіліктерді көлденен қек аттыға ұстата салғанымыз қалай болады? Тіпті осы ауылдан шыққан жан болса бір, сірә. Ертең маңайға күлкі болмаймыз ба?

— Төрт тағандап қирап жатқан шаруашылықты аяғынан тұрғызған сол директор емес пе еді, осы ауылданда біраз адам басқарды ғой, керемет болса солар қайда қалған? Енді есімізді жиып алған соң келімсек деп мұрнымызды шүйіргеніміз қалай болады? Мен сіздерді түсінбей отырмын.

— Сәке, алдымен тыңдалап алсанызышы, осы арада бөтен адам жоқ, біз сіздерге жамандық ойладап отырғамыз жоқ. Ақылдасайық деп шақырдық.

— Ал, тыңдадым, — деді Сайлау тағы не айтасындар дегендей.

— Тыңдасаң, осы аптадан қалдырмай азаматтар жиынын өткізіп, директорға сенімсіздік білдіруіміз керек. Келген жағына кетсін. Бұл арада басқа тандау жоқ. Райынан қайтып, жұмысында қалса да енді бізге құн көрсетпейді ол.

Осы арада Сайлау шыдай алмай кетіп тағы да сөзге араласты.

— Маған сендердің бұларын ұнап отырған жоқ. Отпен ойнап отырсындар. Мына сөздеріне қарағанда сүттей ұйыған елдің шырқы бұзылайын деп тұр. Бұларың не қылғандарын, директордікі теріс болса, парткомы, профкомы бар, шақырып алып сөйлеспейсіндер ме? Сырттан тон пішіп, аяғынан шалмаксындар ма? Мен бұларына косыла алмаймын. Алтай, осы сөздің бәрі сенен шығып

отырған сияқты. Жұрттың обалына қalamын деп қорық-пайсың ба? Кеше ғана директормен екеуін бір-бірінсіз тамақ ішпеуші едіндер ғой. Араларыңнан қандай қара мысық жүгіріп өтті, оны мен білмеймін, білгім де келмейді.

Осылай айтарын түйдек-түйдек актара салған Сайлау үйден шыға жөнелді.

— Кетсен, кете бер, сенің намыссыз екенінді баяғыда-ақ білгем, ағайын болған соң кимағандықтан шакырып едім, сенің орнына бір қурай...

— Алтеке, қайтесіз, Сайлаудан басқа ешкім сіздікі жөн емес деп отырған жоккой. Ағайындар-ау, сендер неге оқтау жұтқандай үндемейсіндер? Жұртқа қарап сөйлеген Асхат Әутектін бүтінгі үлкені трактор-егіс бригадасының бригадирі болып істейтін Талғатка қарады. Басшылардың алдында көп сөйлеуге дағдыланбаған Талғат:

— Сөйлегенде не қыл дейсіндер, жағдайды бізден гөрі өздерің жақсы білесіндер. Біз сендердің айтқандарынан шығамыз ба? Тоқетерін кесіп бірақ айтындар, — деді кипкаптан.

Сол-ақ екен басқалар да шулап қоя берді:

— Рас, рас өздерің шешсөндерші.

— Біз не білеміз, айт дегендерінді айтайық. Қол көтеру керек болса, көтерейік. Он жерден директор болса да, ағайынды айырбастамаймыз ғой.

— Онда былай болсын... — Алтайдың дауысы каттылау шықты. — Жұма күні жиналыс өткіземіз, жұртты түгел жинау керек. Оған дейін бәрің ағайын-туған, көрши-колаң бар деген сияқты, халықпен жұмыс істеулерін керек. Түсіндіріндер... Біреу-міреу бұра тартып сөзіміз өтпей жатса ереуілге дейін шығамыз. Сосын көпке күл шашып көрсін.

— Тым артық кетіп, бірдемені бұлдіріп алмайық.

— Тұқ те бүлінбейді, Горбачевтың өзі күнде айтып жаткан жоқ па, демократия, жариялыш деп, корқатын ештеңе жоқ. Керек болса ЦК-ға да жазамыз.

Алтай сол түнде көз өлгөн жок. Ереуіл комитетінің, жи-налыста сөйлейтіндердің тізімін жасады. Қойын кітап-шасына сырттан шақырылатын адамдарды да тұртіп алды. Аудан басшыларын, газеттерден тілшілер шақыру керек. Қайткен күнде де есін жинай алмайтындағы етіп соғу керек. Директорға кім дос, кім кас дегенге де жауап іздеп, өткен-кеткен біраз оқиғаларды еске түсірді. Есеп-теуінше іштей тынып, қойынына тас тығып жүргендер толып жатыр. Соларды шапқа тұрт те, қызығына қара да отыр. Көп түкірсе, көл емес пе, тұтіп жейді...

Осылай “Бірліктे” дүрбелен басталды да кетті. Облыс-ка хабар берілді. Ауданға аттанған екі ардагерді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы өзі кабылдапты. Омырауларында орден, медальдары саусылдаған майдангерлерге не десін, “Барамын” депті. Истің мән-жайына терен бойламай көне кеткеніне қарағанда, “Бірліктің” директорын қорғайтын түрі жоқ. “Олжабай Тентекұлы Сағынов кететін көрінеді, оның орнына Ерлік Бәйкенұлы бірінші хатшы болады екен” деген сөздерді оның құлағы шалмады дейсін бе, іштей тынып, тісін қайрап жүрген ғой, “Құланның қашуына мылтықтың басуы” деген осы болады. Жан-жакқа шапқылап кеткен шабармандары кіріп шыққан сайын Алтайдың іші жыли түседі: “Әй, бәлем кімнің бай болғанын көрейік, әзірше бәрі ойдағы-дай, Сайлау сиякты директордың сөзін сөйлеп жатқан ешкім жоқ. Осыдан кейін Ерліктің өзі де мұнда қала қой-мас. Демек, оның орны міндепті түрде босайды. Осы оқиғадан кейін сырттан біреудің келе коюы неғайбыл, ал ауылда директорға лайық кім бар? Бас зоотехник, бас инженер... Институтты бітіргендеріне екі-үш жыл ғана болған ол бозәкпелерге ешкім шаруашылықты сеніп тапсыра қоймас. Парторг ше? Оны қойса баяғыда-ақ тағайындар еді ғой. Осы жолы кезек өзіне келген шынар. Жасы келіп қалды демесе... Жасы ұлғайса, оның несі бар, талайлар отыр ғой”.

Танертенгі онға белгіленген жиналыс уақытында басталып кете қойған жок. Жайшылықта жиналыс десе төбе көрсете қоймайтын халық бұл жолы тез жиналды. Мәдениет үйінің үлкен залына лық толды. Аудандық, облыстық газеттердің, теледидар мен радионың тілшілері де осында. Алтай дағаға жұз шығып, жұз кірді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мен келмей бастамандар деп қатты тапсырған. “Неге кешікті еken? Әлде жағдай өзгеріп қалып жатыр ма?..” Бір кездे араның ұясында шуылдаған халық тым-тырыс бола қалды. Іле бірінші хатшы да көрінді. Жалғыз емес, аудан басшылары тайлы-түғымен түгел келіпті. Арапарында бұл танымайтын тағы екі-үш адам бар. Конактар орналасып, зал тынышталғаннан кейін президиумда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының сол колын ала отырған кеншар партия үйыминың жетекшісі орынынан көтерілді:

— Жолдастар! — деп тамағын бір кенеп алған ол кеншар ұжымы мүшелерінің жалпы жиналысын ашық деп жариялады. Сосын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан бастап жиналыска сырттан келгендерді түгел таныстырып шықты. Алтай шырамыта қоймаған үшеудің біреуі облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі болып жақындағана тағайындалған Степин еken, екеуі облыстық прокуратураның қызметкерлері болып шықты.

— Күн тәртібінде бірак мәселе: “Бірлік” кеншарындағы моральдық-психологиялық ахуал туралы. Сөз кеншар директоры Ерлік Бәйкенұлына беріледі.

Сол-ақ еken зал шу ете түсті.

— Оның сөзінің бізге керегі жоқ!

— Алдымен ереуіл комитетін тындаимыз!

— Директордың не айтатыны белгілі!..

Залдың орта тұсында отырған жастар жағы еліріп барады. Кейбіреулері тіпті сәкіні тепкілей бастады.

— Жолдастар! Жолдастар, тынышталыныздар, тәртіп сақтайык!

— Сөз ереуіл комитетіне берілсін! Басқаларды тында-
маймыз!

— Жақсы, жақсы, келісіп алайық. Сырттан адамдар бар
екенін ұмытпаңыздар, ұят болады.

Бастырмалата сөйлеген партком хатшысы не істейміз
дегендей қасында отырған аудан басшысына қарап еді,
анау дегендері болсын дегендей бас изеді.

— Онда сөз кеншар кәсіподак ұйымының төрағасы Ал-
тай Сәлиевке беріледі.

Ешкім шакырмаса да президиумдағылардың сыртын
ала отырған Алтай лып етіп мінбеге көтерілгенмен, бір
сәт аузына сөз түспей тұрып қалды. Жүргі аузына тығы-
лып, құлағы шуылдан кетті. Залда тырс еткен дыбыс жоқ,
ұшқан шыбынның ызыңы естілетіндегі тыныштық. Бәрі
бұған қадалып қалған.

— Алтай Мәлікович, бастай беріңіз. — Партком хатшы-
сының осы сөздерінен кейін ғана есін жіған ол:

— Жолдастар, бүгін біздің ұжымның, ұжымның ғана
емес-ау, әрқайсымыздың тағдырымыз шешілетін күн, —
деді. — Өздерініз білесіздер, кәсіподак — халықтың ұйымы,
ол әрқашан еңбекшілердің мүддесін қорғауға тиіс. Өз
басым осы дау-дамайға араласпай-ақ қояйын деп едім,
халық сұраған соң олардың тілегін аяқсыз қалдыра ал-
мадым. Ал, мәселенің мәнісіне келсек, осында отырған-
дардың біреуі естісе, біреуі естімеген шығар, осыған дейін
шаруашылықты басқарып келген Ерлік Бәйкенұлы кен-
шарды сатып алуға әрекет жасап жатыр. Мен бұған үзілді-
кесілді қарсымын. Ай жарық, күн ашықта жалшылықтың
камытын кайта кимекпіз бе? Сонда біздің әкелеріміз ке-
шегі Отан соғысы кезінде не үшін қан төкті. Осының бә-
рін өзіне түсіндірмек болған едік, онымыздан түк шықпа-
ды. Директор алған бетінен қайтар емес. Бар айтатыны:
“Сіздер жағдайды бағалай алмай отырсыздар, шетелдің
экономикасының қозғаушы қүшіне айналған нарық бізге
де келе жатыр, бүгін қисылдамасақ, өз дүниемізге өзіміз

ие болмасақ кеш қаламыз” дейді. Меніңше, мұнын бәрі бос сөз, халықтың маңдай терімен жиналған игіліктерді пайдаланып кетудін айла-шарғысы.

— Тұтас бір шаруашылықты сатып алтын ақшаны қайдан алмақ?

— ...

— Иә, иә, директорды айтамын!

— Ол жағын мен білмеймін. Өзі осында отыр ғой, қайдан алатынын айтар, мүмкін ондай ақшасы бар да шығар. Бірақ, мәселе онда емес. Біз өз елімізді сактап қалуымыз керек. Тұсінген адамға мұнын өзі қарғыс атқыр капитализмге қайта оралу емес пе? Баяғыда Ленин бабамыз халықты құлдықтан құтқарамын, капиталистік елдер анталарап тұрса да жеке бір елде социализм орнатамын деп жан ұшырса, біздін директор сонын бәрін сатып аламын дейді. Осы сау адамның сөзі ме?! Бұл дегенініз – нағыз сандырак, саяси көрсөкүрлік. Олай болса, жолдастар, бұдан былай мұндай адамға сене алмайтынымызды осы арада ашық айтуымыз керек.

— Дұрыс айтасын! Қайдан келсе, сонда кетсін, табанын жалтыратсын!

Топтың ортасынан тағы да сөз тастаған Наурызбай малақайын қыса ұстап, қәдімгідей екілеңіп тұр. Талай жыл жергілікті халық театрында ойнаған қу ғой, рөліне еніп алыпты. Тіпті бірдене десен, білегін сыбанып төбелесіп кететін түрі бар. Көзін ойнақшытып, қояншығы ұстаған адамдай қалш-қалш етеді. — Қарай гөр, бүкіл елді сатып алып, бәрімізді жұмыска салып қойып, үйінде шалқыып жатпак қой. Ол болмайды!..

— Нәке, Нәке, сабыр сактаныз, сөзімнің сонында айтадырым ұжым мүшелері директорға сенімсіздік білдіріп отыр, бұдан былай ол кісімен жұмыс істей алмаймыз. Аудан, облыс басшылары бізге осы мәселені шешіп берсе, елдін тыныштығы сакталады, ал болмаса іс насырға шабады.

— Алматына да, Мәскеуіңе де барамыз!

Наурызбай тағы айғайға басып, көтеріле беріп еді қасында отырған біреу етегінен тартып әзер отырғызыды.

— Масқара ғой, масқара! Тілті адамның қанын қыздыратын іс қой, мынау! Бүкіл ауылынды үрім-бұтағынмен сатып аламын дегені қай қорлағаны!

— Алтай Мәлікұлы, сіз болдыңыз ба?

— Иә, болдым.

— Онда ...

Партком хатшысы келесі сөзді кімге беремін дегенше, мінбеке Сансызбай Ахметов көтеріліп кеткен. Келісім со-лай болатын. Жігіттер бірінен соң бірі сөйлеп, залдағы-ларға ес жиғызбауға тиіс. Сансызбай Алтаймен аталас, ауылдағы пысықтардың бірі, төрт кластық қана білімі болса да, бәлен жылдан бері бригададағы есепшілікті еш-кімге бермей келеді. Өзі көп оқиды, қайдағы-жайдағы-ны біледі.

— Бәріміз де жағамызды ұстап отырмыз, — деп бастады ол сөзін. — Директорымыз іскер, жұмыстың жайын біледі деп жүрсек, көрешекті дайындал қойған екен ғой. Бұл шынында да “пан или пропал” болатын кез. Бізде тандау жоқ, не директордың айтқанына көніп құл боламыз, не ... Осы бізде намыс бар ма?! Эй, жоқ-ау деймін. Эйтпесе айдаладан қаңғып келген шүрегей қалың елді сатып аламын деп айтар ма еді? Ойланатын ештеңе жоқ, жұмыс-тағ шығару керек. Елдің шырқын бұзбайтын басшылар бағ шығар, солардың біреуін әкелу керек.

— Мен де осы пікірді қолдаймын. — Сансызбайды Женіс іліп әкетті. — Бірақ, осы, директорды сырттан әкелуді қою кеңек. Немене, өзіміздің жігіттердің көзі сокыр, аяғы ки-сық па? Қолынан іс келетін жігіттер өз арамыздан да шығады. Сырттан келгендерден не пайда? Осы ауылға неше директор келмеді? Қазір солар қайда? Бәрі жеп-жеп, қой-ны-қонышын толтырып тайып тұрған жоқ па?

— “Бажылдақ қайда?” — Алтай залдан жүрттың бәрі бажылдақ деп кеткен Құлзираны іздей бастады. Қазір сол сөйлеуге тиіс. Бажылдақ десе бажылдақ, біреу қылқындырып жатқандай қиқулатканда жаныңды қоярга жер таппайсын!

— Құдай бар екен ғой, әйтпесе Ерлік біздің сөзімізді тыңдаپ осылай отырар ма еді? Тіпті осы отырған халықты мал құрлы көрмеген ғой. Сатып аламын дегені қай сасқаны? Мейлі, үкімет беріп жатса, ала қойсын. Мәселе онда емес. Мәселе оның кіслігінде, анада ауданға барайын деп жолға шығып едім, тоқтамай өте шықты. Күнде әйелі мен бала-шағаларының астынан түспейтін машинасының бір бұрышына отырғыза салса, немене сыры түсіп қалатын ба еді?

Жүрт ду күліп жіберді. Тынышталындар дегендей, партком хатшысы қолын көтерді.

— Апай тоқетерін айтыңыз.

— Тоқетері сол, бұл директорды шығару керек. Орнына мына өзіміздің Алтайды қою керек. “Бұлдірді, бұлдірді”. Кәсіподақ тәрағасы жүрттың назары өзіне ауғанынан қысылғандай, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының артына тығыла түсті. “Мыналар көр-жөрді айтып кетті-ау, Қадіржан қайда, Қадіржан?..”

Мінбеке келіп қалған Қадіржан бажылдақ түсер-түспесте гүжілдей жөнелді.

— Директорымыз кеншарды сатып аламын деп жай айта салып отырған жоқ. Өзіне-өзі сеніп отыр. Өздерін ойландаршы, осы ауданда біздің директордан басқа “Волга” мініп жүрген басқа басшы бар ма? Ондай машина мына аудандық партия комитетінің бірінші хатшысында да жоқ. Жай іштей тынып журміз ғой. Әйтпесе бұл баланың оғаш қылқытары толып жатыр. Анада Қостанайдағы құдама барып келейін деп көлік сұрап едім, орақ жүріп жатыр деп бермеді. Сонда орақ кезінде ешқайсымыз ешқайда шықпауымыз керек пе? Жарайды, оған да көндік.

Менің ана көршімнің баласы неге асылып қалды? Соны ойлағандарың бар ма? Директор арақ іштің деп астындағы машинасын сыптырып алып, ел-жұрттын алдында маскара қылған жоқ па? Айта берсек, осындай қылыктары толып жатыр. Жұмыстан босату керек деген ұсынысты мен де қолдаймын.

Төрде отырғандарда үн жоқ. Парторг те тізгінді босатып алғандай, ешкімге тоқтау айтар емес. Шығам дегендер шығып, сөйлеймін дегендер сөйлеп жатыр. Бәрінің айтатыны: Бұдан әрі бұл директормен жұмыс істей алмаймыз, бізден әкетіндер...

Алтайдың көзі бір кездे Сайлауға түсіп кетті. Қабағын түйіп алыпты. Бір қарағанда басын шайқап отыр еді, енді бір қарағанда маған да сөз беріндер дегендей, колын көтеріп отыр екен. “Мынау бірдемені бұлдірмесе жарап еді”. Алтай қылпыштайдай бастады.

Сайлаудың сұстануы тегін болмай шыкты. Райынан кайтпапты, бірден қатты кетті.

— Ауылымыз іштей әбден шіріген екен. Бәріміздің де жаулық жамылуымыз ғана қалыпты. Не деп отырсындар? Жақсылықты тез ұмытқандарың қалай? Кеше осы кеншар көштің сонында қалып, қирап жатқанда көтеріп алып, қатарға қосқан осы Ерлік Бәйкенұлы емес пе еді. Кәне, айтындаршы бір жылда отыз үй тұрғызып, отыз шаңыраққа қуаныш сыйлаған қай директорын бар? Ана жылдары сепкен тұқымымызды да ала алмай қалғанымыз өтірік пе? Құдайға шүкір, осы директор келгелі Жер-Ана да иіп тұр, соңғы жылдары гектар шығымдылығы 20 центнерден төменделеп көрген жоқ. Откен жылы 2 комбайншымыз аудандық жарыста көш бастап, бірі “Жигули”, бірі “Нива” мінген жоқ па? Осының бәрі кімнің арқасы? Оны мен айтпасам да, іштерің сезеді. Солай бола тұрса да, істің байыбына барып алмай, байбаламға басып, бүкіл елге жаман аттарынды шығарайын деп отырсындар. Қөржөрді теріп кімді мұқатамын дейсіндер. Қадіржан, сен

жаңа директор “Волга” алды деп сөктің. Онда тұрған не бар. Мүмкіндігі болды, алды. Алып үйіне апарып тығып койған жоқ қой, шаруаға мініп жүр. Жоктан өзгені сөз кыласындар. Мыналарың іс емес, мұның аяғы жақсылыққа апармайды. Құдайдан қорыксандар етті. Сосын менің бір тұсінбей отырғаным, осы жиналышқа ауданнан, облыстан жауапты қызметкерлер келіп отыр. Олар неге үндемейді? Тым болмаса алдымен директордың өзін тындалап алып барып, жиналыштарынды жалғастырмайсындар ма?

Осылай залда отырғандарға шүйліккен Сайлау “Ойланындар, елдің обалына қалмандар” деп мінбеден түскен күйі, орнына оралмай залдан шығып кетті.

Осыдан кейін мінбеге ешкім ұмтыла қойған жоқ. Бәрі есенгіреп қалғандай. Парлком хатшысы аудан басшысымен күбірлесіп-сыбырласып алғаннан кейін ғана: “Сөз кеншар директоры Ерлік Бәйкенұлына беріледі” деді.

Директор мінбеге көтерілгеннен кейін сөзді бірден бастап кеткен жоқ. Залда отырғандарды бастан-аяқ шолып шықты. Кейбіреулер бұған “ә, бәлем қалай екен?” дегендей, кекесінмен қараса, жанарларын тайдырып әкетіп жатқандар да бар...

— Бұл мәселені мен жай да ұжымның жалпы жиналышына ұсынғалы жүр едім. Бірак кейбіреулер алдымы орап кеткен сияқты. Олар шынында да мәселеге терен бойлап жатқан жоқ. Жекешелендіру дегеніміз шаруашылықты сатып алу емес. Біз бүгінгі күнді ғана ойламай, ертеңге де көз жүгіртуіміз керек. Осы тұрғыдан алғанда шаруашылықты неғұрлым ерте жекешелендірсек, соғұрлым ұтарымыз да көп болады. Қазір қайда болмасын өндірісті қайта құру жүріп жатыр. Ол бізді де орап өтпейді. Егер соған дайын болмасақ, ертең бәрінен бір-ак күнде айырылып қаламыз. Көбінізге тұсініксіз нарық деген сөз бүгін оқта-текте ғана ауызға алынса, ертең өз әмірін жүргізеді. Тағы да айтамын, жекешелендірудің түпкі мәні —

жиналған иғліктерді халықтың өзіне қайтару. Осыдан бас тартсаныздар, өздерініз білесіздер. Бұл, сайып келгенде, ұжым мүшелерінің еркімен жасалатын іс. Егер сіздер мені қолдамасаныздар, сенімсіздік білдірсөніздер, мен қызметтімнен бүгіннен бастап кетуге әзірмін.

Осы сөздердің бәрін директор жанарын бір сәтте төмен түсірмей жұртқа қарап айтты. Залдағылар біршама сабаларына түсіп қалғандай, көбінің бағдары салбырап кеткен.

— Мен қолымнан келгенше партияға, осы отырған халыққа адал қызмет еттім. Сіздерге ренішім жоқ. Осы жиналыштан кейін жұмыстан босату жөнінде өтінішімді жазбаша беремін.

Әсіресе, соңғы сөздеріне салмақ сала сөйлеген директор тағы бірдене айтпақ болып, аузын аша бергені сол еді, оны аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы киіп кетті:

— Сіз, Ерлік Бәйкенұлы, олай осалдық танытпаныз. Сізді директорлыққа халық сайлаған жоқ, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бекіткен. Бұл не сөз? Кетемін, өтініш жазамын... Кімді қорқытасыз? Қажет болса, біз партиялыштықтызды қараймыз.

Бірінші хатшы осылай күркірей сөйлегенде жиналған халық сілтідей тына қалған. Осыны пайдаланып қалғысы келді ме, енді аудан басшысы залдағыларға шүйлікті:

— Жалпы бұл не жиналыш, сіздерге оны үйімдастыруға кім рұқсат берді?! Ереуіл комитеті деген не сүмдик! Мұның аяғы неге әкеліп соктыратының білесіздер ме?! Бұл — партияға, үкіметке қарсы шығу деген сөз. Отпен ойнап отырсыздар. Біз мұны аяқсыз қалдырмаймыз, кінәлілерді табамыз, жазалаймыз!..

Бірінші хатшы осылай зіркілдей берер ме еді, кім білсін, қасында отырған қасқабастың ерні жыбыр ете түсті. Сол-ақ екен хатшының дауысы жұмсарып:

— Соңғы бір айда ғана осы кеншардан директордың үстінен түрлі ұйымдарға он шағым тұсті. Олардың бәрі мұқият тексеріледі. Хатта айтылған жайлар анықталса, әрине, директорды да ешкім мандайынан сипамайды. Прокурорға да, басқа да құқық корғау органдарының басшыларына бұл жөнінде тапсырмалар берілді, — деді.

Бірінші хатшы осылай екпінін сәл басқанмен біраз жерге барып келді. Жиналғандарды КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Михаил Сергеевич Горбачевтың игі бастамаларына іспен жауап беруге шакырып ба-рып бір-ақ тоқтады.

Партком хатшысы жиналысты жабық деп жариялады. Сол-ақ екен жүрт үн-тұнсіз тарай бастады. Сырттан келгендер де көп бөгелген жок, сарт-сұрт машиналарына отырып, көшениң шаңын көтеріп кете барды.

Сол түнде талайлар ала-құйын ойға беріліп, көз ілмей шықкан шығар. Осы дүрбелен ғасталғаннан бері үйқыдан айырылған Алтай да дөңбекшүмен танды атырды. Тұк түсінсе бұйырмасын. Не деп кетті өздері? Таяқтың бір ұшы келіп өзіне тимесін... “Табамыз, жазалаймыз” деді ме... Әйтеуір, не десе де корқытып кетті. Қарға қарғаның көзін шұқымайды. Ертең директор орнында қалса, енді бұған күн жоқ”.

Осылай талықсырап жатып көз ілген Алтай күндеңі әдетімен ерте тұрып, шайын ішті де кенсеге беттеді. Ди-ректор лездеме өткізуге тиіс. Одан қалуға болмайды. Қалса жеңілгені. “Кеше ереуіл комитетінің бастығымын деп өзеуrep еді, бетіне қалай карайды. Басқалар қайда екен? Жайшылықта телефонда маза болмаушы еді. Кеше жиналыстан кейін бір адам хабарласқан жоқ. Жалғыз қалып жүрмесін...”

Лездемені директордың орынбасары Зекеш өткізді. Ди-ректор қайда деп бұлар сұраған жоқ, анда кетіп еді деп ол да тіс жара қоймады. Ди-ректор келесі күні де, одан әрі де төбе көрсете қоймады. Сол-ақ екен жиналыстан кейін

сәл саябырлаған гу-гу әңгіме тағы өрши жөнелді. Біреулер “Директор ауырып қалыпты” десе, енді біреулер “облыс, одан әрі Алматыға кетіпті, басқа шаруашылыққа ауысатын көрінеді” деп даурығысты. Не десе де, директордың жұмысқа шықпауы тегін емес...

Ақыры директордың кететіні рас болып шықты. Рас болғанда хабарын директор көшіп кеткеннен кейін бухгалтерден бір-ақ естіген. Істі орынбасарына өткізіпті. Әзірше директордың кім болатыны белгісіз көрінеді. Алтайдан тағы маза кетті. “Мынадай айғай-шудан кейін кімнің жүргегі дауалап осы жакқа келе қояды дейсін. Осыннан біреуді қоятын шығар. Мұнда кім бар? Мамандардың бәрі оны мен солын танымаған жастар”. Көз алдына бір сәт директордың жұмысқ орынтағы елестеп кетті. “Жаңа “Волганы” қалдырар ма екен? Әлде бірінші хатшының өзі мініп ала ма екен?”

Арада бір айдай уақыт өткеннен кейін ауданнан “Ертең таңертенгі сағат онда жалпы жиналыс болады, бірінші хатшының өзі қатысады” деген хабар жетті. Оның қандай жиналыс екенін жүрт бірден түсінген. Жаңа директорды таныстырумак қой.

Айтқандай, хатшы жалғыз келген жок. Залға оған ере кірген жас жігіт президиумда да қатар отырды. Әдеттегідей, бұл жолы жиналысты партком хатшысы ашқан жок, бірінші сөзді аудан басшысының өзі алды.

— Жолдастар, өздеріңіз де естіп жатқан боларсыздар, “Бірлік” кеншарының бұрынғы директоры Ерлік Бәйкенұлы өзін басқа шаруашылыққа ауыстыру жөнінде өтініш берген болатын. Оның бұл тілегі қанағаттандырылды. Қазір мына көрші ауданының осы шаруашылықпен іргелес “Ақжол” кеншарында істеп жатыр. Ал “Бірліктің” тізгінін біз жас маман Ағыбай Шәкіұлы Балғабаев-ка сеніп тапсырғалы отырмыз. Бұл кісі отыздан жаңа ғана асып барады, іскер, алғыр, кеншарда агроном болған. Соңғы кезде аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды.

Сосын ол жаңа директорға бұрылып:

— Ағыбай Шәкиевич, “Бірлік” аудан ғана емес, облыс көлемінде аты шыққан озат шаруашылықтарымыздың бірі, — деді. — Егіншілік те, мал шаруашылығы да жаксы дамыған. Әсіреле, сонғы кезде мұнда әлеуметтік салада көп он өзгерістер болды. Кеншарда жұмысшы құші жетеді. Тек шешілмеген бір ғана мәселе — ол жол мәселесі. Жаңа өзінің де байқаған боларсыз, бес шақырымдай жерге асфальт тәселгенмен, жолдың қалған бөлігі кімді де болса қажытады.

Сонғы оқиғалар көз жеткізгендей, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал да назарда болуға туіс. Өзінізге сенімді қөмекшілер ірікеп алыныз. Біз партком хатшысын басқа жұмысқа ауыстыруға үйірдышқ, қалғандарын рет-ретімен шеше берерсіз.

Бірінші хатшыдан кейін жаңа директор сөз алды. Көп созған жок. “Бар күш-жігерімді сенімдеріңізді актауға жұмылдырамын” деген жаттанды сөзден асқан жок. Жас болса да жүзінен жылылық білінбейді, қабағының астынан қарайды екен. “Тоңмойын біреу болып жүрмесін”.

Кесіподак тәрағасы бұл жолы басшылардың көзіне түспеуге тырысты. Жиналыс жабық деп жарияланып, жұрт жапа-тармағай сыртқа шыққанда да бұл кібіртікеп арт жақта қалып қойған. Оны іздеңген кісі болған жок. “Сірә, оның да мәселесі шешілген болуы керек”.

Үйге келісімен ішке сыймаған күдігін әйеліне білдірген. Бұрын-сонды әйеліне сыр аша қоймаушы еді. Қарап отырса, казір касында ой бөлісетін адам да қалмапты. Бәрі бұдан қашқақтайтын, өз бастарымен қайғы болып жүрген сияқты.

Рабиға негізінде момындау адам. Қазақ қой аузынан шөп алмайды деп осындайларды айтатын шығар. Қырық жылдан бері әбден сырмінез болып алған әйелі жайшылықта әнгімеге үйіріле қоймас та еді. Бұл жолы кесені ұстасып жатып “өздерінде де бар” деп қалған.

– Сонда не, ол тұтас бір шаруашылықты сатып аламын деп жатқанда қарап отырайық па?!

– Үкімет өзі рұқсат беріп жатқан көрінеді ғой.

– Үкімет неге рұқсат беріп жатыр, неге бермей жатыр, оны сен менен артық білмейтін шығарсын, бәрі өзінің шығарып жүргені. Негізінде іскер адам демесен, бірбеткей, нағыз кисыктын өзі. Анада жиналышта “Сен Шойманның дөніндегі жалғыз кисық қайын сияктысың” дегенімде ыршып түсті ғой.

– Катырған екенсін?! Осында жүрттын бәрі сенін өзінді кисық деп жүрген көрінеді ғой.

– Кімнің аузына қақпак боласың? Мысыққа ойын, тышқанға өлім керек. Мына келген директор не дерекен?

– ...

– Парторг кетті, маған да басқа жұмыс ұсына ма, кім білсін?

– Ұсынса, жарайды ғой.

– Ұсынбаса, тағы мейлі, пенсияға стажым толады, төрт-бес жыл үйде отыра тұрармын. Осында өмір бойы шыбық басын сындырмай, корасындағы малымен ғана құн көріп отырғандар аз емес қой. Құдайға шүкір, балалар есті, қызметтері, баспаналары бар. Енді бізге не керек? Не болса да көріп алармыз.

Осылай десе де ол іштей толқулы еді. Қалай дегенмен, өзінің пысыктығының арқасында талай жылдан бері аттан түскен жоқ. Жемшөп қоймасының менгерушісі, бригадир болды. Қәсіподактың тізгінің ұстағанына да қыруар уақыт өтіпті. Осында келіп-кетіп жатқан талай директормен бірге жүріп, бірге түрдү, дәмдес болды. Соның бәрі қолдан сусып, көзден бұлбұл ұшайын деп тұр ма, қалай?

Айтқандай ертеніне мамандарды кабинетіне жинаған директор мұны шакырткан да жоқ. “Ереуіл комитеті” деп атын атап, түсін түstemесе де, біраз адам қызметімен қоштасады деп кесіп айтыпты. Осында прораб болып жүрген

Сәлменге ғана сөніммен қарайтын сияқты. Оны өзіне орынбасар етіп тағайындасты. Сәлмен қак-соқта жұмысы жок, жуас жігіт. Айтқанды екі етпейді. Жүртқа сонысымен жағады. Бас бухгалтер жұмысын бас экономистке тапсыратын болыпты. Бас агроном мен бас инженерді басқа жақтан әкелемін депті. Эйтеуір, не керек, бір адамның аузын аштырмапты. Бас экономистке, прорабка колдау жасағанына қарағанда бұл ауылдағы жағдайды, кімнін кімге жақын екенін біліп келіп отыр. Элде бұрынғы директор Ерлікпен таныстыры бар ма екен?..” Эр нәрсөні ойлаумен Алтайдың басы әбден қатты. Мұны апта бойы іздеген жан болған жок. “Мынаның қорлығы өтті-ау? Соңғы жиналыста кәсіподак дегеннің керегі бар ма, осы. Ол кімді кімнен қорғайды деп төбеден жай түсіргендей болыпты. “Мәссаған, “Кәсіподак – коммунизм мектебі” деген кайда!!! Мынау бір әумесер болмасын?!”

Жаңа директордың қайда екенін, немен айналысып жүргенін ешкім білмейді. Келеді, кетеді. Отбасын көшіріп әкелу де ойында жоқ сияқты. Эйтеуір, бір жұмбак адам. Бұрынғы басшылар келісімен ауылдағы аксақалдардың, беделді адамдардың арасынан өзіне кенесші болатындай жандарды іздеп, солармен ақылдасып отырушы еді, бұда ол да жок.

Кәсіподак комитетінің мәжілісі де аяқ астынан шақырылды. Алтай күн тәртібін мәжіліс басталғанда бірақ естіді. Бәрін сыртынан пішіп, кесіп қойыпты. Эй-шай жок мұны төрағалықтан босатып, орнына бөлімше зоотехнігі болып жүрген Аманаттың Қайсарын сайлады.

Содан кейін Алтай едәуір уақыт кеңсе маңын басқан жок. Мұны іздеушілер де табыла қоймады. Сөйтіп, бұрын аспанды тіреп тұрғандай шіренетін Алтай бір күнде ешкімге керексіз болып қалды. “Қорадағы малмен де күн көремін” дегені бекер екен. Үйге кірсе де, далага шыкса да, жатса да, тұрса да, неше түрлі ой маза бермейді. “Қой, бүйтіп ішкүса болып өлемрін. Бұл директорға істеген

жамандығым жок кой, кеткенге қарсы шықсам – елдін жайын ойладым. Мүмкін менің жұрт сияқты барып, қайырлы болсын айтпағаным кітіғына тиіп қалған шығар. Директор маған келіп жағдайымды сұрамас, өзім барайын, мүмкін кілтшілік болса да бір жұмыс тауып берер”.

Кенседе көп жағдай өзгеріп қалыпты. Ерліктін кезінде директордың кабинетінің есігі жабылмаушы еді, бұл кіріп келгенде хатшы қыз: “Қазір директор жок. Қандай жұмыспен келіп едініз, мүмкін басқа мамандар шешер” деп сзызыла қалды. “Әдірам қалғыр, кешегі бокмұрын Әспеннің шүйкебасқызы, танымайтын адамдай сейлеуін”.

– Мен жеке жолығып әңгімелесейін деп едім.
– Ол кісі қандай мәселемен келгенінізді біліп алмай, бәрібір қабылдамайды.
– Баяғы жұмыс мәселесі ғой.
– Онда кадр бөліміне, Әсия Рахметқызына жолығыныз.

– Әсия Рахметқызы? Кадр бөлімі? Әлгі бухгалтердің көмекшісі болған қыз ба?

– Иә, Әсия Рахметқызы – кадр бөлімінің бастығы. Күнде көріп, бұрын бірдене айтса елп ете түсетін Әсия да жылы қабақ таныта қойған жок.
– Өтінішінізді тастап кетініз, бір алтаның ішінде шешіліп қалар, – деді.

Амал нешік, өтініш жазып қалдырды да, ұнжырғасы түсіп үйге оралды. Содан бір алтаны өткізіп, кенсеге тағы барды. Ернін шиедей қылып бояп алған Әсия бұл кіріп келе жатқанда әлде бұған солай көрінді ме, тыржың ете түскендей болды. “Тыржындасан, тыржында бер. Ертең де күн бар ғой, көрерміз сонда”.

Әсия алдындағы қағаздарды ақтарыстырып, мұның өтінішін тауып алды да, шекесіне директордың өз қолымен жазылған нұсқаманы оки бастады.

– Принять скотником.

— Принять скотником?! Ол құлап қала жаздады. “Мынаның қорлығы-ай”.

— Қарағым, дұрыстап қарашы, мүмкін мына оқып тұрғаның басқа біреудің өтініші шығар?

— Жок, сіздікі, кеше ғана қол қойған. Маған қайтарып тұрып: “Барса – малға барсын, бармаса – өзі білсін” деді.

— Өзіне кіріп шықсам қайтеді?

— Жок, ол кісі бас мамандардан басқаларды қабылда-майды.

“Мынау бір керемет болды ғой. Қап!..” Шай ұстінде де ерні жыбыр-жыбыр іштей кіжініп отыр.

Рабиғада үн жок. Күйеүінін қиналып жүргенін іштей сезеді. Бірақ өзінде де бар. “Бұқіл елді көтеріп қарсы шығатындаі сол Ерліктен не жамандық көріп еді? Үй салып берді, балагардың оқуына да көмектесті, жылда соғымын алып тұрды. Қонаққа барса да, “Алтеке, Алтеке” деп қасынан тастамайтын. “Семіздікті қой ғана көтере алады” деген рас қой.

— Маған мал баксын депті, мынаның есі дұрыс емес шығар.

— ...

— Неге үндеңейсің, мал бақ деп отыр ғой.

— Қайдан білейін, өзің шешсейші.

— Элде көшіп кетсін деп отыр ма екен?

— Көшіп қайда барамыз? Қазір үй салу онай ма? Ол жакта да қалаған жұмысынды бере қойса, жарайды ғой.

— Жай айтам да, кім көшнейін деп отыр дейсің. Сенің де әке-шешен, менің де туған-туысқандарым осында жатыр, қайда барамыз? Басқа жакта бізді кім күтіп отыр дейсің. Элде, мені мал баға алмайды деп отыр ма екен? Қой, төрт қабырғаға қамалып, қора мен екі ортада сенделе бергенше, сол малына барайын, ертең ол да жоқ деп мұлде жұмыссыз қалдыrap. Мыналардың түрі жаман.

Кыста мал жайлau онай ма? Бұл айыр-күрек ұстамағалы қашан. Рабиға шай құйып отырып, ауық-ауық қүйеуі-

не қарап қояды. Жағы суалып бара жатқан сиякты. Ана кездері үйге келсе алас-құлес тамағын ішіп кетуге асығышы еді, қызметтөн босағалы мұнымен кәдімгідей әңгімелесетінді шығарды.

— Мына заман не болып барады?

— Тағы не болып қалды, малдан да шығарып жатыр ма?

— Қайдағы мал, кенес одағы тарап жатқан жоқ па? Құнде теледидардың алдынан шықпайсын, ненді көресін сен?

— Менікі жай, кино-сино ғой, саясатта не жұмысым бар.

— Жұмысың болмаса, біліп қой, енді Мәскеудің бізде ісі жоқ. Ақыры, ана жалтырбас қайта құрамын деп бәрін құрттыпты. Енді бізді алда не күтіп тұрғанын бір Аллағана біледі. Шанырағы ортасына түскен одак сиякты шаруашылықтар да тоз-тоз болып кетпесе жарайды ғой.

Рабиға уәж қайтарған жоқ, ыдыс-аяғын сылдырлатып, ауыз үйге кетті. Тұмшалаған ой енсесін көтертпей, ол әлі отыр. “Кешегі газет қайда екен? Такырыбы өзгешелеу бір макала жүр еді. “Ортак өтіз өлді”. Ол газеттің екінші бетін етектей жатқан көлемді мақаланы көз жүгіртіп оқи бастады. Мынау өзіміздің көршілес кеншар туралы ғой. Олардың халдері қалай екен? “Мәссаған! Тұтас шаруашылық иесіз қалып, пышак үстінен бөліске түсті дей ме?! Иесіз қалғаны қалай?! Үкімет не бағып отыр?!” Ол тағы да газетке үнілді. “Тарап кеткен кеншардың мысалына жүгінетін болсақ, колда бар техникасынан айырылған үш ауыл он бес мың гектардай жерді өндеп, баптап, егін сеуіп ойдағыдай өнім ала ала ма? Эй, қайдам? Менің күмәнім бар. Заманың түзу кезінде, бәрі үйіліп-төгіліп жатқанда істің онтайын келтіре алмаған ағайындарымыздың бір жылдан кейін-ақ танаптарға арамшөптерді қаптатып жібермесіне кім кепіл? Өгізге туған күн бұзауға да туады. Ертең ел, жер иесіз қала ма деп қоркам”. Ол кеншар кеше ғана дүр-

кіреп тұрған жок па еді. Басқаны былай қойғанда қойдың озі он бес мындан асатын. Соның бәрін жер жұтып қойғаны ма? Мынау адам сенбейтін нәрсе ғой...”

“Өгізге туған күн бұзауға да туады”. Тілшінің айтканы айна-қатесіз келді. Алтай мал жайлауды қойып, қасапшы болып алды. Күнде он-он бес мал сояды. Терісін ғана сыпрырып КамАЗ-ға артып жөнелтіп жатыр. Қайда әкетіп жатыр? Оны ешкім білмейді. Директор айтты, бітті. Бұгінгі таңда бұл ауылда директорға “ә” дейтін адам жок. Сол “директор айттымен” бойдақ мал түгел бітті. Бір күні бас зоотехнигі, мал дәрігері, инженері бар үш КамАЗ-ды тіркеп қойып, сауын сиырларды сойындар демесі бар ма? Бұл үндеген жок. Осында отыз жылдан бері бакташы болып істеп келе жатқан, жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын Мырзагали шыдай алмай кетті білем:

— Бұл қай шатасқандарын, пышақтарынды жалаңдастып, бұзаулайын деп тұрған сиырларды соямыз дегендерін.

— Директор айтты.

— Бүткен директорларын бар болсын, сол директор айттымен әкетіп жатырсындар, әкетіп жатырсындар, осының шегі бола ма? Мынау өзі біздін көсегемізді көгергепейтін адам болды ғой...

Эңгімеге бас инженер араласты:

— Отағасы, қазір мал өсіру пайдасыз. Оны өзініз де жақсы білесіз. Енді егін салу керек. Өған қосалқы бөлшек, жанар-жағармай керек. Қолма-қол сатып алатын ақша жок. Бәрі айырбасқа кетіп жатыр. Бартер. Бартер дегенді естігеніңіз бар ма? Жалғыз біз емес мұндай жағдайға тап болып отырған.

— Ой, бартерлерінің!... Мал тиімсіз деп кім айтты сендерге, атам қазақ малмен күн көрген жок па еді.

— Салғыласып қайтеміз, мұнын бәрін біз шешіп жатқан жоқпыз. Біз айтқанды істейтін адамбыз, ерте күнді кеш кылмайык.

— Істесендер, өздерін істендер. Мен малдың обалына қала алмаймын.

Мырзағали қолындағы айырын бұрышқа қарай лақтырып жіберді де, үйіне кетіп отырды.

Бас зоотехник:

— “Алтеке, өзініз бірдені қылмасаңыз” деп бұған жақындай түсken. Ол енді жаңа Мырзағалидің сонынан ке-тіп қалмаған екенмін деп өкінді. Жүргегі шайлышып қалған ба, бір түрлі қарсыласа алмай тұр.

— Жалғыз өзім үш КамАЗ-ды кашан толтырамын.

— Жалғыз соймайсыз, қазір ауылдан жігіттерді әке-леміз.

Сол күні ол үйге тұн ортасы ауғанда бір-ақ оралды. Қанша қалжырап келсе де, көпке дейін кірпігі айқаспай қойды. Көзін жұмса болды, бұзауын іздең сиыр мөніре-гендей болады. Расында да, елу сиырдың бәрі буаз болып шықты. Оған қараған ешкім жок. Ферма басы қан сасыды. Осы ауылдың бар иті сонда. О, тоба! Ақырзаман деген осы шығар?

Қызмет істеп жүрген кезінде газеттен бе, әлде кітаптан ба, қоғамдық құрылыс өзгеріп, үкімет ауысқан кезде неше түрлі аласапыран болады дегенді оқығаны бар еді. Қазір дәл сондай кез сияқты. Сол аласапыранның ауылға тиіп тұрған бір ауыр көрінісі – ұрлық. Мал ұрлығы өршіп тұр. Ашаршылық пен соғыс жылдары да дәл осындағы сипатта ұрлық болды деп естімеген. Өрістен, даладан жітіру бы-лай тұрсын тұн құрғатпай қорадан әкетіп жатыр. Осы ауылдың өзінде қаншама мал қолды болмады. Марқұм Сайлаудың да қорасын біреулер бұзса керек. Эйтеуір, бір-нәрсе бөгет болып, ұрылар дегеніне жете алмай, құр қол кетіпті. Құр қол емес-ау, сол тұнде Бәтіш кемпірдің тайыншасы қолды болды ғой.

“Ақырзаман” алда екен. Кешікпей кеншардың бүкіл коралары қаңырап бос қалды. Нақ осы кезде көзіне облыстық газетте жарияланған тағы бір мақала тұсті.

“Ауылдастарыма ашық хат”. Кім жазды екен?” Арман Жұсіпов, осы ауылдың баласы, журналист. Ол көзілдірігін киіп, жарықтың алдына отырды да оқи бастады.

“Ардакты ағайын, қымбатты аға-апаларым, іні-карындастарым, өздерінізben таяуда ғана екі мәрте жүз-десіп, бүгінгі күн үрдісінен туындал отырған бірқатар мәселелердің төнірегінде пікір алыссам да осы хат аркылы тағы бір тілдесуді жөн көрдім.

Оған мені итермелеп отырған ауылдың бүгінгі ауыр түрмисы. Өздерініз жақсы білесіздер мен отыз жылдан астам уақыт бойы қалада өмір сүріп келе жатсам да туған ауылым Қараталға ат ізін жиі салып тұрамын. Ертеректе ауылға соққан сайын оның уақытпен бірге көркейген бейнесіне көнілім толып, куанып қайтушы едім. Сол күндері жасампаз істердің жетегінде жүрген жерлестерімнің жүзінде нұр ойнаса, бүгін мұн, уайым-кайғы басым екені байқалады.

Киім-кешекке түскен жамауға да көнерміз-ау, жүрекке түскен жараны қалай емдейміз?! Иә, дәл бүгін ауылда шекесі шылқып отырған ешкім жок, нарық әкелген киындықтар көше-көшенні бойлап, қакпаларды кезек-кезек кағып келеді. Бұл бір түсініксіз заман болды: маңдайтер енбекақынды айлап ала алмайсын, алансыз қарттығымды қамтамасыз етем деп өмір бойы бел шешіп, тізе бүкпеген зейнеткерлердің де колына көк тыын тиіп жатқан жок. Қаржының тапшылығынан ғана туындастын түйіндерді тізе берсем – қағаздың беті жетпес. Нарықтың тоғына түскен халықтың не нәрседен болсын қолы байланып отыр. Бір ғана мәселені алайықшы, басы ауырып, балтыры сыздағанмен, ауылдан аттап шыға алмай амалсыздан үйінде бүктүсіп жатқандар, болмаса сырт көзге сыр бермей тістеніп жүргендер қаншама.

Міне, осылай бір-ақ күнде әлеуметтік әділеттіктің аты өшті. Енді не істей керек? Осы сауал көптен менің де көнілімнен шықпай жүр. Алдыма карасам, жылт еткен сәуле

көрінбейді, ал артым быт-шыт қирап жатыр. Не істейміз, кайтсек казіргі жағадан алып, аяқтан шалып жатқан қыындықтардың бетін қайтарып, еңсемізді көтере ала-мыз? Осындай ойлардың жетегінде ақылдаспақ болып жақында өздерінізге келген едім. Сіздер койған сансыз сауалдар ойдағының бәрін актаруға тұрткі болды. Сонда мен сіздерге не ұсындым? Бұл арада екі сағаттан астам уақытқа созылған сол әңгімені қайталап жатпай-ак коя-йын. Тек, өзім ұсынған негізгі бағыттарды естерінізге сала кетсем артық болмас.

Біріншіден, мен сіздерге нарық деген алпауиттың еш-кімді аямайтынын, дәл бүгін оның алдында баршаның дәрменсіздік танытып отырғанын, елде берекесіздік бе-лен алып бара жатқанын, құдайдан да, заннан да қорық-пайтындардың көбейіп кеткенін айттым. “Әй” дер әже, “қой” дер қожаның” жоқтығын пайдаланып қойны-ко-нышын толтырып жатқандардың да аз емес екенін жа-сырғам жоқ. Байлыққа құнығып, жауапкершіліктен жүр-дай болған көптеген басшылар халықтың ондаған жылдар бойы тырнактап жинаған игілігін онды-солды шашуда. Осыны үкімет, жергілікті жердегі әкімдер, құқық корғау органдары көрмей отыр деп кім айттар? Әрине, біледі. Білсе де үндемейді, қолынан қақпайды. Осындай жағдай-да үкімет бізді асырайды деп кол кусырып қарап отыру дұрыс па? Менің ше бұл шарасыздыққа мойынсұну деген сөз. Оның арты неге әкеліп соктыратыны белгілі ғой. Қайыршылық өмірдің қамытын киуге асығуымыз қалай? Мен сіздерге осыны, енді аспаннан шелпек жаумайты-нын дәттедім.

Баршаның да түсінгендей бас шұлғысып: “Сонда не іс-теуіміз керек?” деген сауалды қөлденен тарттыңыздар. Менің жауабым: бұл арада сіздерде кеншардан бөлініп шығудан басқа таңдау жоқ. Бұл сіздерге не береді? Ең ал-дымен өндірілген өнімнің бәрі ауылда, халықтың өзінде қалады, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кет-

пейді. Араларыныздан іскер де адаптация шықса, бір жылда байып кетпегенмен, қайыршыланудың жолы киылады. Ол үшін, әрине, ауыл тұрғындары: жасы бар, кәрісі бар бір женнен қол, бір жағадан бас шығара ынтымактаса енбек етулері, әсіреле, үнем мен ұқыптылық жолындағы құреске белсене қатысулары керек. Мысалы, Қаратал ауылы үшін 200 бас ірі караны жайлауға техника құшін пайдаланудың не қажеті бар? Жалпы жан-жакты ойластыrsa, нарыққа өтпелі кезенде кез келген қасіп-орынды қарызға белшеден батырып отырған электр куатын да, суды да есеппен пайдалануға, сол арқылы шығындарды едәуір азайтуға болады. Иә, бүгінде не нәрсеге болсын есеп төреші екенін түсінетін мезгіл жетті. Және осы істен ұжымның бірде-бір мүшесі шет қалмауға тиіс. Мен осы жағдайларға егжей-тегжейлі тоқтала келіп, мәселені жедел, қөктемгі егіске дейін шешпесеніздер соңғы мүмкіндіктен айрылып қалатындарынызды ескерттім. Сабак болар, ой салар деген мақсатпен негізгі қорлары таусылғанша титықтай берген, ақыры, ешкімге керексіз болып қалған кеншарлар туралы мысалдар да келтірдім.

Ойды ой қозғайды деген емес пе, “Дұрыс екен, онаша бұзау айдап та көрейік” дестініздер. Сол арада “Дауысқа салайық, несіне созбактай береміз” дегендер де болды. Мен мұндай қадамның жауапкершілігі зор екенін, сонлықтан ауыл тұрғындарын мүмкіндігіне карай түгел жинап ақылдасу қажеттігін, орталарының қеншар басшыларын, жекешелендіру ісімен айналысып жүрген мамандарды да шақырудың артық болмайтынын түсіндірдім. Міне, осы сөзге тоқтап келесі аптада тағы да кездеспек болып, сонда туған ауылымыздың болашағына қатысты мәселелерді кен толғамақ ниетте тарқастық.

Иә, дағдарыстан шығудың оңай жолын көріп отырған ешкім жок. Дегенмен, қасқырдан қорыққан адамның орманға бармайтынын естерінізге салдым. Жүрексініп,

ауық-ауық күрсіне бергенмен іс біте ме, соны неге ойла-
майсыздар? Өткен жылды 12 миллион тенгеге жуық шы-
ғынмен аяқтаған, басқа да қарыздарға белшеден батып
отырған шаруашылықтың ендігі жерде кімді асырап-сақ-
тайтын қауқары бар?! Ертен аз ғана мал да біtedі. Соңғы
бір жылдың ішінде қатарға бір де бір төл қосылмаса, қайта
төрт түлік жұздел кеміп жатса, саланың болашағы туралы
не айтуда болады? Жақсы, қолда бар майды түгел нарыққа
құрбандыққа шалайық, сонда халыққа не қалады? Сіздер-
дің ойларынызды оятсам деген ниетпен мынадай қара-
пайым мысалға да жүгінген едім. Экенін қолында екі
сиыр болса, біреуін енші сұраған баласына бермей ме, ал
жоқ болса, несін береді? Сол сияқты кеншар тоз-тоз бол-
май тұрғанда бөлінсеніздер, қолдарынызға әйтеуір, бір-
деме тиеді ғой. Ал, ертен қалтаның жыртығы әбден кеңей-
генде таяқтан басқа не ұстап шығасыздар?

Бірақ, соны ойлап жатқан ешкім жоқ. Баяғы жартас,
бір жартас: самарқаулық, жоғары жакқа қарап ауыз аша
беру, “Анау неге жоқ?”, “Мынау неге жоқ?” деген сияқты
сансыз сауалдар ғана халықтың ми қатпарларына мықтап
сіңіп алған. Эрине, жекешелендіру зорлықпен жүзеге
асырылатын іс емес. Сол сияқты оның нарықтың ажыра-
мас маңызды буыны екенін де дәлелдеп жатудың қажеті
жоқ. Өйткені, қазіргідей халық шаруашылығы жаңа
экономикалық қатынастарға көше бастаған кезде жеріне,
еліне ие болмасан, ісін алға баспайды, тұрмысын жақ-
сармайды. Алдын алмасаң – нарық ертен-ак тұнғиығына
тартып әкетеді. Құндердің күнінде оны да түсінерсіздер-
ау! Бірақ одан не пайда?!

Эрине, бұл барлық ауылдарға қатысты мәселе. Соң-
дықтан, өзімнің ауылдастарыма арнаған осы сөздерім
басқаларға да ой салар, үлken іске қозғау болар деген үміт-
темін. Халқымыз “Келісіп пішкен тон келте болмас”, –
демеуші ме еді, үйқылы-ояу жүріп көштен қалып кой-
майық”.

Сөзінің бәрі дұрыс сияқты. Жас болса да жағдайды түсініп жазып отыр. “Бірақ бұл да жекешелендіруді жақтай ма, қалай? Сол жекешелендіру дегенді қайдан шығарған осылар. Баяғыда әкелеріміз айтып отырушы еді: “Бізді колхозға зорлап кіргізді ғой” деп. Енді бұлар соның бәрін таратып бермек пе? Түк түсінсем бұйырмасын. Білетін адам болса тым құрымағанда біреуі ауылға шығып осының бәрін халыққа неге түсіндірмейді екен? Одакпен бірге райком-срайком дегендердің де көзіне су құйылды. Әкімшілік деді ме, әйтеуір, ара-тұра әкірепенде кететін біреу бар.

Баяғыда колхозды үйымдастырғанда да осындай өкілдер мен шолак белсенділер тыным таппайтын деуші еді үлкендер. “Ортаға сал, колхозға бар” деп тепсінген өкілдер мен белсенділер әйтеуір елді өлместің күнін көретін енбекке, ортак жұмысқа айдайтын. Сол кездегі халық сірә, қазіргі жұрттай бойкүйіз болмаған-ау. “Үкімет өлтірмейдінің кебімен қарап отырмай, күнді-түнге ұластыра еңбек еткен”. “Бригадир терезенің алдында қамшысын шырт еткізгенде, етігімізді қонылтаяқ кие салып жұмысқа жүгіретінбіз деп айтып отырған үлкендердің әнгімесін талай естіп те еді.

Ең ауыры сол, жастар тығырықтан шығар жол таппай қиналуда. Жол сілтер кім бар? Әй, бірақ ана газетте жазылғандай ақыл-кенеске құлак койып жүргендер аз-ау. Ұрпақ өз пікірімен жол табатын ақылдан ада болып кеткен бе? Кеше ғана көрші ауылдағы бір өрімдей жас жігіт асылып өліпті деген хабар шыкты. Екі қызын алдына алтып аймалап отырып, келіншегіне “қазір келемін” деп шығып кетіпті. Содан корада асылып түрған жерінен бірақ тапқан. Онын алдында Никитенко селосында бір казақ жігіті асылып өлген. Ауру шешесін қалаға дәрігерге көрсетуге аппаратын қаржы таба алмай, намыстан күйініп асылыпты дейді жұрт. Қалай болғанында да мұндай жайсыз хабарлардың қаптағаны сондай, елдің еті үйреніп те кеткендей.

Көп жерде кеншардың да аты өшті. Өндірістік кооператив деді ме, бірлестік деді ме, бәрі астан-кестен. Шаруа кожалығы деген бір бәле шықты. Айтуға тіпті онай: жерінді бөліп алды, өзіне-өзін жұмыс істе. Соған сеніп қалған бір-екі отбасы бөлініп еді, ешкімге керексіз болып шыға келді. Кеншардың басшылары: “Сендер крестьян-сындар, бізге катынастарың жок, өз күндерінді өздерін көр” деп жолатпайтын көрінеді. Бәрінен тұніліп, бөлініп шыққан Серікбай да не анда емес, не мұнда емес, сандалып жүр. “Қырық жыл кеншарда енбек еттім, үлесіме техника беріндер десем, ешқайсысы маңайына жолатпайды. Сонда ана алпыс гектар жерді қолмен өндеуім керек пе” деп бір кездескенде жыларман болған.

Техника дейтін техника да жок. Бәрін осы шаруашылықтан алашағы барлар таратып әкетіпті. “Директор кайда?” Соңғы кезде директорды көрген ешкім жок. Біреулердің айтуына қарағанда, Астанадан бір-ак шыққан сияқты. Өзіне алатынын алып, сататынын сатып “Бірліктің” орнына шөп шықпайтындаі қылып кетсе де оны іздейп жатқан ешкім жок. Қазір жалғыз Алтай емес, бүкіл ауыл жұмыссыз. Үлкендер жағы үйлерінен шықпайды, ал жастар... Жастар қас қарайса топ-топ болып, көше кезіп, тәбелеседі. Өйткені, ауылда оларды тәртіпке шақыратын ешкім қалған жок. “Осылар ертең не болар екен?” Бұрынғылар тоғыздан алтыға дейін болса да сағатқа қарашы еді. Ал қазіргілер ше, оларды іздейп жатқан ешкім жок, өндіріс, жұмыс, тәртіп, жауапкершілік дегеннің не екенін білмейді. Тіпті кейбіреулері үйіндегі бір-екі малын жайлауға да ерінеді. Әйтеуір, бір етек алып бара жатқан бойқүйездік”.

Бұл ауылдың тұрғындары ақшаның да мөрін ұмытуға жақындаған. Тіпті бертінгे дейін жұмыс істеп келгендердің өздерінің де қолдарына ақша тиген емес. Еңбек-акына осы шаруашылықта не бар, соны аласын. Алғанда да бағасы удай. Оның дәмін анада өзі де татқан, кеншарда

бұрыннан қалған мың тенгедей алашағы бар еді, соны сұрап барғанда есепші үш қап жем алмасаңыз, одан басқа түк те жоқ деп аузын күшөппен сұрткен. Ертең ол да болмайды. Осылай енбек әбден құнсызданданғаннан кейін жұмыска кімнің зауқы соқсын? Бірдеме істейінші-ау демейді ғой, демейді. Бар билетіндері басқа жаққа көшү. Осы ауылдың жартысы көшіп кеткен шығар-ау. Көбі үйлерін де сата алған жоқ. Қайтеді? Ертеде тұрғызылған үйлерден мықтасаң қора саларсын. Оны далита беретіндегі қай ма-лын сыймай жатыр? Ал, Ерліктің кезінде шпалдан салынған жана үйлерді берісі Сулышоктан, әрісі қаладан келгендер бұзып-бұзып алып кетті. Жай отырып жылағын келеді, бес бөлмелі үйлерін бір тайыншаның құнына айырбастап жібергендер болды-ау. Ерлік демекші, Ерліктің кезінде жыл сайын кем дегенде жиырма үй пайдалануға берілетін. Бұғін ойлап отырса, сонын бәрін етінің тірлігімен істеген екен ғой. Құрылыш материалдарымен бір орталықтан жабдықтау деген болған жоқ. Кім қайдан не табады – соған риза. Осы маңайдағы көп директорлар Ерлік жиырма үй тұрғызып жатқанда екі-үш үйді әупірімдеп әзер салатын. Ерлік материалдарын бәрін Түменнен жеткізіп тұрды. Әсіреле, құзгі жиын-терін аяқталағып, қар түскеннен кейін сол жақтан шықпайды. Қасына прорабы бар, тағы екі-үш жігітті ертіп кетеді. Содан бір-екі апта өткеннен кейін бөренесін бөренедей, тақтайын тақтайдай артқан машиналар “Іш жактан” ағылады-ай келіп. Сейтіп, көктемге дейін құрылыш участке-сінің аумағы, ат шаптырымдай аланы материалға толып калады.

Бірде Ерлік сол жақтан қатты ауырып келді де, үйінде бір күн болды ма, болмады ма, ауруханаға тұсті. “Жай сүйк тиген шығар” деп ойлап еді, екі апта өтсе де шыға коймады. Сонын бір күні көнілін сұрайын деп ауруханаға барған. Өні бір түрлі ашан тартып, кәдімгідей жүдеп калыпты.

— Бұл не жатыс, жастар ауыра ма екен, — деп әзілдей кірген.

— Эй, Алтеке-ай, аұру жасқа қарамайтын көрінеді ғой, күнде сұранам шығарындар деп. Бірак, мені тыңдайтын дәрігер жок. Анализден анализді алғып жатыр. Айтуна карағанда ауруды асқындырып алған сияқтымын. Суық тигені өз алдына, бауыр мазалап тұр.

— Иә, ак қар, көк мұзда тайганы шарлау оңай болып па, ел іші емес, алыс командировкада жүрген адамның бабы келе бермейді ғой.

— Көктайғағына да, боранына да, күн-тұн жүріске де үйрәндік қой, бәрінен орыстарға еріп арақ ішу қыын болды.

— Е, денсаулығың көтермесе, ішпе.

— Ішпеуге болмайды, мұндағылар ойлайтын шығар, бәрі өзінен-өзі келіп жатыр деп. Жоқ, орыстармен стакан соғыстырмасан, бір тактай да ала алмайсын. Оларды ақша да онша қызықтырмайды. Жәшік-жәшік арақ апарып, өздерімен бірге ертелі-кеш ішу керек, сонда ғана тіл табысасын, барған ісін біtedі. Сөйтіп, ағаш-ағаш деп жүріп біраз денсаулықты құрытып алышты ғой.

Осылай директор ағынан жарылған. Сол үйлер қазір кайда? Үйінділері ғана жатыр. Япыр-ай, бұл не деген заман болды? Қандай іргесі сөгілмеген ел еді, бір-ақ күнде быт-шыты шықты. Бүкіл дүние жүзін дірілдететін одактың шанырағы ортасына түседі деп кім ойлаған? Бәрі ағылып-төгіліп жатушы еді-ай! Қайда барсан да қоймалар аузы-мұрнынан шығып тұратын. Қағазынды толтыр да, керегінді ала бер. Қазір соның бәрі кайда? Жер жұтып койды ма?! Ешкім білмейді. Бәрі кит етсе “нарық”, “нарық” деп қақсайды. Нарығың қора-кора қойды қырып кететін аш қасқырдан да жаман болды ғой, бәрін тыптипыл етті. Барлық жерде осылай ма екен? Әлде нарықтың дауылы осы ауылдың үстінде ғана соғып тұр ма?

Оның ойына тағы да Ерлік оралды. Осыннан кеткеннен кейін ол көрші аудандағы “Ақжолға” директор болған.

Басқа аудан демесен, Ақжол Бірліктің дәл іргесінде. Заманның түзу кезінде желі онынан бір еспей қойған “Ақжол” қазір дүркіреп тұр. Анада өзі де барып, бәрін көзімен көріп келген. Сол ауылда мұның нағашылары тұрады. Нағашы болғанда шешесінің інілері қайтқан. Солардан калған тұяқтар бар. Бірақ ана кезде ат үстінде жүріп соларға мойын бұра коймады ма, әйтеуір, бұдан безбесе де, іздел жатқан ешқайсысы жок. Тек Сәлімнің Нұрқаны ғана мұны “нағашылап” алай өткенде, бұлай өткенде ат басын тіреп жүреді. Бұрын мектепте мұғалім еді, қазір соның бәрін тастап, қанырап бос қалған сауда орталығын сатып алғып, дүкен ұстап отыр. Анада барған. Барғанда кездейсөқ барған жоқ, ат басын арнайы бұрған. Нұрқан сөйтіп жатыр, Нұрқан бүйтіп жатыр деген әнгіменің шеті бұл ауылға да жеткен. “Қанша дегенмен жекжат емес пе, мынадай тығырыққа тіреліп отырғанда ештене бөліп бермese де білгені болса айтар, ақыл қосар” деп барған тұра үйіне соғып еді, балалар “әкеміз де, шешеміз де қазір үйде отырмайды, жұмыста, товарға кетіп жатыр ма, осында ма, ол жағын білмейміз”, – деген. Сосын жұмысына іздел барды. Бұрынғы рабкооптың бір үйде орналасқан бес дүкені болатын. Соның мәндайшасына айшықты етіп “Н.Сәлімовтің жеке кәсіпорны” деп жазып қойыпты. “Мәссаған! Мынаның бәрі Нұрқандікі болғаны ма?!” Іші де кірсе шыққысыз екен, сөрелер товарлардың неше түріне толып тұр. Сатушыны тани кетті, Нұрқанның кіші інісінің келіншегі – Әсима. Ол да мұны танып: “Ағатайым, бір жұмысымен әлгінде ғана кетіп еді, қазір келеді” деп жылы шырай танытты.

Айтқандай, Нұрқан көп күттірген жоқ. Амандық-саулықтан кейін: “Асхана ашпақшы болып жатыр едік, мына құрылышты жігіттерге жұмыстың мән-жайын түсіндіріп кетейін, сосын үйге барамыз”, – деді.

Астында “Волга”, үйінің алдында жаңа жоқ еді, “Газель” мен баяғыда өзі бәлен жыл мінген “Пирожковоз” катарласа қалыпты.

- Элия да келіпті ғой. Таңертең товарға кетіп еді.
- Иә, жана ғана жоқ та.
- Бүгін сіздің келетінінізді сезгендей, мен ешқайда шыға қоймап едім. Әйтпесе, үйде отыру жок. Жұмыс деген бастан асып жатыр, бірі бітсе, екіншісі дайын тұрады. Жүрініз, үйге кірейік.

Үйдін іші де ана жолы келгендегідей емес, біраз өзгеріп қалыпты. Стенка да, диван да басқа. Сәкіде ұлken жана кілем жатыр. Сұктана беруге ұялып отыр, әйтпесе, басқа да өзгерістер аз емес сиякты.

Дастаркан жиналғаннан кейін Элия балаларын ерітіп дүкенге кетті де бұл екеуі үйде онаша қалды.

- Жиен-аға, ауылдан шыға бермеуші едініз жай жүрсіз бе?

– Бәлендей шаруам жоқ, бірақ біраздан бері өзінмен кездессем деп жұр едім.

– Әңгіменізді айта беріңіз.

– Менікі қай бір әңгіме дейсін, жұртта қалғандай болып отырмыз. Жалғыз сиыр бар еді, анада баланың бәлен айдан бері жиналып қалған пәтерақысын төлеуге кетті. Қазір бір пәле көрінеді ғой, тоғына, жылуына, тағы несі бар еді, суға ақшасын уақытында төлемесен сотқа беріп, пәтеріңе дейін сыпырып алатын көрінеді. Түү, мен нені айтып кеттім, нағашы, мен бірдене сұрайын деп отыр екен деп ойлад қалма. Мені кинап жүрген жай, осы не болып барады?! Байқап отырмын, жағдайларын жаман көрінбейді. Не ақылың бар бізге қосатын?

– Алланың бергені шығар, өзірше жұмысымыз жүріп тұр.

– Элгі дүкен өзіндікі ғой.

– Иә, өзімдікі, үйі арзанға түскенмен жөндеу, ішін товарға толтыруға көп ақша кетті. Несие алдық, карызға кірдік, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп төлеп құтылдық. Енді шағын асхана ашпақ ойымыз бар.

– Өзіннен кейінгі балалардың жағдайлары қалай? *

— Жаман емес, солардың бәрі осы дүкеннің манында жұмыс істеп жүр. Енбекақыларын ай сайын алып тұрады. Жалғыз біз емес, осы ауылдағылардың бәрі солай. Осында Нәби деген болған.

— Білем ғой.

— Соның балалары Мәдениет үйін алған, сол сиякты моншаға да біреу ие болып отыр. Бұрынғы медпунктіміз де кеңшар кезінде бас дәрігер болып істеген Қаратайдың меншігіне көшкен.

— Бізде осының бірі жок, бәрі құрып бітті. Тіпті ана мал қораларына дейін талап-талап алып кетті.

— Жалғыз сіздерде ғана емес, көп жерде солай болды ғой. Осы шаруашылыққа Ерлік Бәйкенұлы директор болып келмегендегі біз де солардың кебін киетін бе едік, кім білсін? Әйтеуір, Алла аяған шығар, бағымызға қарай сол кісі келді де, шаруаны дәңгелетіп әкетті ғой. Кеңес заманында 9 мың гектарға егін салсақ, казір бидайдың ғана көлемі 15 мыңнан асады. Осыдан тұрмысқа не қажеттің бәрі бар. Ұн үгемін дейсің бе, ат сабылтып алысқа шапкылаудың қажеті жок, диірмен бар. Бұрынғыдан келіншектер нан пісіріп әуреленбейді, наубайхана бар, бәрін содан аламыз. Бір-ак жылда қаракұмыққа карқылды. Сүйықмай да осында ағызылады.

— Құстың сүтінен басқаның бәрі бар десейші.

— Бәрі бар, бәрі бар. Содан да болуы керек, осында көшіп келіп жатқандар көп. Оралманың да, басқасын да беттерін қайтармай қабылдап жатыр. Бір бос үй жок. Аманшылық болса, биылдан бастап үй салмақшы. Ана кезде орта мектеп деп аталғанмен жүз елудей ғана бала оқитын. Қазір бала саны үш есе өсті, сабактар екі ауысымда жүргізіледі. Биыл өз қалтасынан 3 миллион тенге шығарып, сол мектепті жөндөтіп берді. “Евроремонт” деңгенді естуініз бар шығар, ондай мектеп аудан түгілі, облыста да жок.

— Сол ақшаның бәрін қайдан алып жатыр?

– Өзінікі, осы жердің байлығы. Үш жыл болды гектарынан 20 центнерден кем өнім алғып көрген жоқ. Бұрын күзде астықты қидай сыйырып, тіпті кейде тұқымына дейін алғып кетуші еді ғой. Қазір жағдай олай емес. Кімге сатасын, қандай бағаға сатасын, өз еркін. Оның үстіне жұрт пайдасыз деп малды жойып жіберген жоқ па? Ал казір осы серіктестікте 400-дей жылқы, 2 мындаі ірі кара, 10 мындаі қой бар. Бұрын мал сойса терісін тілгілеп лақтырып тастаушы еді ғой, қазір тұяғына дейін іске жаратып жатыр. Осы ауылда өндірілген шұжық, сүт өнімдері Астананың, Алматының дүкендерінде сатылуда.

– Тіпті сол жақтарға да шығып кеткен бе?

– Анада Қазақстанның 15, Ресейдің 10 қаласымен байланысымыз бар дегенін өз аузынан естігем. Керемет іскер жігіт, білмейтіні жоқ. Қайда пайда бар екенін іші жұрттан бұрын сезіп тұрады. Осында ауысқан соң бір жылдан кейін ғой деймін, бес бәйге атын сатып алған. Сонда кейбіреулер: “бәрі жетіп бәйгеге қатысуымыз ғана қалды ма!?” деп мырс-мырс құлген еді. Сол аттар ғана төрт “Джип” мінгізді. Қазір неше түрлі тойлар өтіп жатыр ғой. Солардың бір де бірінен қалып жатқан жоқ. Машинаға артып алады да, түү қиянға да бара береді. Қай ауылда жылқышы “Джип” мініп жүр, біреуін өткен жылы ат басына мінген балаға да бере салды.

– Бар болғасын аясын ба?

– Иә, иә, беріп тұр. Сол басымызға қонғалы түрған бақты үркітіп ала жаздадық қой. Мұнда да “кеңшардың күні бітуге жақын, бәрін жеке меншікке ауыстыру керек” деп келді ғой. Басында осындағылар да мәселенің мәнісіне терең бойлай алмай, тулаған. Түсінбейді екенбіз ғой, бұған дейін жекешелендіру дегенді кім естіген, бәрі осындағыларға “мынау мұліктік үлесін, мынау пайын” деп бөліп-бөліп берді. Біреулерге комбайн, біреулерге трактор тиді. Он-оннан мал алғандар да болды. Эйтепті ауыл шала байып қалды.

– Өзіне бірдене алды ма?

– Алды, әрине. Бірақ мәселе алғанда ғана емес екен.

Жерді өндеп, дән себу керек қой. Ол әркімнің қолынан келе ме? Білу керек, істің кисынын табу керек. Соны түсінбей қолдарына тиғен техникаларын сатып жіберіп, бір күнде байып шыға келгендер де болды. Ал билігін де, байлығын да таратып берген директорымыз біраз адамды өзіне қаратып, банктен көп несие алып, егін септі. Онай болған жок. Басшылар бір жаңа көйлек кисе, “Бізді жеп жатыр, тонап жатыр” деп байбалам салатын халықпаз ғой, неше түрлі сөз айтқандар да табылды. Жүйкесі мықты екен, бәріне шыдады. Ақыры, шаруа қожалығын құрған ағайынды Айтқожиндерден басқалары түгел өз еріктерімен Ерліктің қол астына қайта барды. Қазір енді оларды кусаң да кетпейді. Осы ауылда жұмыссыз жүрген бір адам жок. Бәрі де кәдімгідей ай сайын он мындал, жиырма мындал енбекақы алады. Ана кезде зейнеткерлер ешкімге керексіз болып қалғандай еді, қазір олар ештеңеден мұқтаждық көріп отырған жок: отын-шөбін әкеліп береді, ұнды да сатып алмайды. Осында жалғыз қалған он шакты қария бар еді, соларды бір шатырдың астына жинап, қолдарын жылы суға малып отыр. Күтушілері, дәрігерлері бар. Бар шығынын өзі көтеруде.

– Ондай үй кезінде біздің Қараталда да болған. Бәрі кирай бастағанда ешкімге керексіз болып, ақыры тіпті ешкімі жок екі шалды облыс орталығындағы қарттар үйінеге тапсырып, әзер құтылғанбыз.

– Әрине, ауыл болған соң, әр түрлі жағдай кездеседі ғой, тұрмысы жұқалар да бар. Егер Ерлік көмектеспесе, солардың балалары оқуға түсе алар ма еді?

Қазір бәріне төлеу керек. Осында үш баланы өзі оқытып жатыр. Эсіресе, қаладағы жастарға жақсы болды. Ана кездері қыста да, жазда да үйге жете алмай, келсе кете алмай көп қыындық көруші еді, қазір автобус бөліп қойды, қалаға екі күннің бірінде катынап тұрады.

- Иә, жағдайларын жаман көрінбейді, автопарктің жанынан өтіп едім, жап-жаңа комбайндар тізіліп тұр.
- Біразын сатып алды, біразын лизинкке деп жүрген.
- Ол тағы не нәрсе?
- Оны өзіміз де жана түсініп жатырмыз. Сірә, қарап берген нәрсе ғой деймін. Білмейтіні жоқ, үкіметтегілердің басы да бұлай істемейтін шығар?!
- Дұрыс айтасын, істесе біз сияқтыларға кол ұшын бермес пе еді. Отырмыз ғой шарасыздықтан қайда бара-рымызды білмей. Алла тағала бізді “Білме, білгеннің тілін алма” деп қарғады ма еken, түпкі ойын түсінбей жатып, даурығып кеттік қой. Естімін осылай істің оңайын тауып жатқандар әр жерде бар көрінеді.
- Алғашында біздің де басымыз катып кеткен. Бір куні халықты жинап алды да: “Шаруашылықты жекешелен-дірдік, енді әлеуметтік нысандарды да өз иеліктерінізге алуларыңыз керек. Қолынан іс келетін азаматтар шықсын, көмектесеміз” дегені ғой. Сол сәтте оған аса мән берген адам бола койған жоқ. Арада біраз уақыт өткеннен кейін өзі ізден үйге келіпті. “Сен отбасынмен сауда орта-лығын алсайшы, жолдасын кооперативтік институтты бітірді ғой” дейді. “Ойланайық, ақылдасайық” дедім. Ол кеткен соң Әлияға айтсам “Оны кім істейді, товарды қай-дан аласын, дағарадай үйді қалай жылтыасын, үкімет бүгін берсе, ертең қайта сызырып алады” деп безек-безек етеді. Бірақ Ерлік ақыры бізді де, басқаларды да дегеніне көндірді. Одан зиян болған жоқ.
- Қазір “Ақжол” жиырма мың гектарға егін себеді деген рас па, осы?
- Болса болатын шығар, оның үстіне мына іргедегі Амангелді ауылының бір топ ақсақалдары “бізді өзіңе косып ал” деп келіп кетіпті ғой.
- Амангелді әлгі “Синегорьеңін” карауында емес пе еді?

— Болған. Бірақ “Синегоръенің” өз көздегені бар екен. Бір-екі жыл егін егіп Амангелдінін бүкіл техникасын сиртқа айдаپ, жұрдай қылып кетіпті. Әбден үміттері үзілгеннен кейін, баар жер, басар таулары қалмаған соң Ерлікке келіп отырғой. Ерлік қолға алса, бірдене шығарады.

— Жиен аға, — деді біраздан кейін Нұрқан жүзіне тұра қарап. Жағдайларынызды естіп те, көріп те жатырмыз. Кезінде қызмет істеген көзі ашық азамат сияқты едініз. Жағдайды парықтай алмай қалғансыз-ау деп ойлаймын. Казір қарап отырған адамға аспаннан ештене түспейді. Қимылдау керек. Ен құрыса мал ұстап, бағуға шаманызың келеді ғой. Қазір үкіметте, банктерде сұрағанға несие береді. Эрине, оған кепілге қоятыныңыз немесе кепіл бола алатын кісі керек. Жөн-жосыкты білетіндей, ажыратындағы білімініз де, аудан, облыста таныстарының да бар. Алғашқы құжаттарды әзірлеуге қарыз акша берейін. Несие алуға тырысыныңыз. Бір-екі мал алып, бағып, іске жаратсаныңыз, ептеп жөні келер.

Сол сапардан кейін жекешелендіру десе жаны түршігетін Алтайдың да санасына бір сәуле түскендей болған. Ерлік шынында да ер жігіт екен. Кезінде қасында жүріп соны қалай аңғармаған? Нағашысының айтуына қарғанда, тұтас бір ауданның жерін алса да ауырсынатын түрі жок. “Сонда ана “Синегорье” сияқты осында бірінен соң бірі келіп кеткен фирмалар бір Ерлікке тұрмағаны ғой. Фирма демекші, соңғы жылдары “Бірлікке” кім иелік етпеді?” Жарылқаймын деп келген “Синегоръенің” қаунары бір-ак жылға жетті. Үш мың гектарға егін салып еді, шығымдылығы небәрі 7 центнерден ғана айналды. Техника, тұқым, жанар-жағармай “Синегоръенікі” болғанмен жұмыс істегендер осы ауылдың жігіттері ғой. Ал үрлап-жырлау – бұлардың ежелгі әдеті. Дән қалай болса солай себілсе, оның үстінен жаз бойы шаруаның бар малы егін үстінде жүрсө қандай нәтиже болады?! Осыдан кейін “Синегорье” бір-бір қап ұнын үлестіреді де, бір-ак күнде

тайып тұрды. Кеткенде жай кеткен жок, сендер үшін бәлен миллион қарызға баттық деп бүкіл техниканы алып кетті.

Одан кейін “Бірлікті” екі жылдай “Алтын дала” иледі. Бұл жұмыс күшінен басқаның бәрін сырттан әкелді. Алғашқы жылы егін жаман шыққан жок. Бірақ одан не пайда? Инвестор астықты қырманға түсірмей, тұра элеваторға айдады. Сол жылы ауыл жем былай тұрсын, сабансыз қалды. “Джон-Дирлер” шашып кетеді екен, оны кім білген? Жігіттер жұмыс істей біледі ғой, астығын жауын-шашынға ұрындырмай жинап берді. Соңдағы қолдарына тигендері – бір-екі қап ұн, жем. Тіпті кебіреулердің табысы алып тұрған темекісі мен құнбек-құн ішкен тамағынан да артылмапты. “Алтын дала” да көп шыдамады. Одан кейін тағы екі фирма келді. Дұрыстап өндөлмеген, тыңайтқыш себілмеген жер жақсы өнім бере ме, бұлар да көп тұрактаған жок. Соңғының сойқаны тіпті құшті болды. Дәл көктемгі егістің алдында “жерлерінді бізге сатындар, он бес жылдай пайларынды алып тұрасындар, ал одан кейін бәрі біздің меншігімізге көшеді” деп отырып алды. “Осы жердің бізге не керегі бар” дегендер бұл ұсныска сол сәтінде-ак құлай кеткен. “Жерді сатып ертең далада қалып жүрмейік” дегендер де болды. Сөйтіп ырду-дырдумен жаз өтіп, күз келді. Бұл жылы “Бірлік” мүлде астықсыз қалды. Қазір кейбіреулер басқа малды былай койғанда қорадағы бес-алты тауығына да жем тауып бере алмай отыр.

* * *

Күйеуін күтіп құннің бір уағына дейін көз ілмеген Айман, қанша уақыт үйіктағанын білмейді, оянса Ерлік әлі жок. Ол кереуетінің басында тұрған шамды жағып, сағатка қарады. Сағат тілі тұнгі үштен асып барады екен. “Осы

уақытқа дейін Ерлік қайда жүр?” Ол мазасыздана бастады. Облыс орталығына кетті ме еken, әлде аудан орталығында ма? Осы манайда болса бір хабарласар еді ғой... “Ойы он сакқа жүгірген Айманның ұйқысы шайдай ашылды. Шыдай алмай Берікті ояты. Берік Айманның інісі, көктемде әскерден келген, екі айдан бері осы үйде.

— Берік, Берік тұршы, есік алдына шығып келейік, Ерлік әлі жоқ.

— Аландамай үйықтай берсейші, күндегі әдеті емес пе, жұмыспен жүрген шығар, келеді ғой.

— Білмеймін, бір түрлі қобалжып тұрғаным...

— Жарайды, сен жата бер, өзім қарап келейін.

Айманның аландауы тегін емес. Осыдан алты-жеті айдай бұрын екі кештің арасында бетперде киген екі жігіт әй-жай жоқ, кіріп келіп үйдің астан-кестенін шығарған. Қолдарында ұнғысы кесілген шолақ мылтық: “Дыбысынды шығарма, өлесің!” — дейді. Кетерлерінде дембел-шелеу келгені: “Күйеуіңе сәлем айт, айтқанға көнбесе, бұдан да зорын көреді” — деп зіл тастаған. Содан бері Айман үйде жалғыз калуға корқады. “Әйтеуір, үйде бос жүр ғой” деп Берікті алдырған.

Берік есік алдына шыққаннан кейін тың тыңдал, біраз тұрды. Село мұлгіген тыныштық құшағында. Тіпті жайшылықта шан-шұң етіп маза бермейтін иттер де тыныштала қалыпты. Үш пен төрттің арасы нағыз үйқы қысатын кез ғой, бұл да жаңа сүйретіліп әзер тұрған. Жездесі жоқ. “Бүйтіп бастық болғаны құрысын, күні-түні дамыл жоқ. “Анау керек, мынау керек“ деп, әйтеуір, кала мен екі орталықта шапқылайды да жүреді. Несиенің сонына тұскеңніне де бірайдан асып барады. Жайшылықта бұған шаруашылық жайында айта қоймаушы еді, кеше шай үстінде: — Аяғын тік басқан бізге несие бергілері келмейді, басқалар қалай күн көрмек деген.

— Несие алындар деп теледидардан күнде қақсан жатқан жоқ па?

— Айтуын айтып жатыр ғой, бір-ақ оны алудың машақаты көп екен. Эсіресе, кепілдік мәселесі қинап түр, “техниканың бәрі жаңа болсын” дейді. Бізге жаңа техника жаңа ғана келіп жатқан жоқ па?!

Осы арада әңгімеге Айман араласты:

— Сол несие саған не керек? Өзінің өсімі де көп екен. Ақырын қолда барынды ұқсата бермейсін бе?!

— Жалғыз астықпен алысқа бармайсың, мал өсіру керек, оның өнімдерін осы арада ұқсату үшін цехтар салу қажет, осының бәрін атқаруға әзірше өз күшіміз жетпейді. Несиені қайбір жетіскенінен алайын деп отыр дейсін?!

Көшеге женіл шыққан Берік тона бастады. Қанша дегенмен жаздың күзге ұласар шағы емес пе, ауада ызғар бар. Көшенін арғы басынан жастардың шуылдаған дауысы естіледі. Күнде осылай, кеш болса жастар топ-топ болып жиналып, таң сыз бергенше көз ілмейді. Оларға “әй” деп жатқан әже жоқ, араққа сылқия тойып алып, жаға жыртысып қалатын кездері де болады. Анадағы оқиғадан кейін осы жай аздап саябырысқандай еді, бәрі ұмытылды. Түнгі шуылдақ қайта басталды.

Сол күні Берік ерте жатып қалған. Апа-жездесі тұрады демесен, бұл ауылда оны білетіндер шамалы, содан да көшеге көп шыға қоймайды.

Таңертең ауыл шу ете түсті. Біреулер Еменнің баласын өлтіріп кетіпті. Таңертең мал айдал шыққан көрші әйел катты қорықса керек, көпке дейін үй ішіндегілерге не болғанын түсіндіре алмапты. Бейшараның сау жері жоқ көрінеді, басы мылжа-мылжа дейді.

Одан арғысы белгілі ғой, полициясы бар, прокуроры бар, бәрі қаптады да кетті. Кісі өлтірушінің сырттан келмегені анық. Сол күні Сейсен кіммен бірге болды? Оны соңғы көрген кім? Осы сияқты саулдар-ақ із кезушілерді құдіктіге шығарған. Құдікті біреу емес, бірнешеу болып шықты. Сол кеште де Сейсенді үйден өзімен күнде бірге жүретін жолдастары алып шыққан. Бес жігіт ауыл орга-

сында қанқылып тұрған клубтың тасасында отырып арақ ішкен. Арактың жүрген жері кашаннан лан емес пе, ақыры төртеуі жабылып, Сейсенді тепкінің астына алады.

Күдік ауған төртеуді сол күні-ақ үстап әкетті. Кешікпей сот болды. Осы ауылдан біраз адам барды. Солардың айтуларына қарағанда, ұсталғандар кінәларын мойындарына алғанмен, оқиғаның калай болғанын, төбелестің неден басталғанын түсіндіріп бере алмапты. Бәрі тек “мас болдық” дейтін көрінеді. Аракты шамадан тыс көп ішті ме екен? Әлде... Колдарына су араластырып сататын сапасыз спирт тиді ме? Осы ауылда екі үйдің бірі арақ сатады десе де болады. Қай мезгілде барсан да, керегінді аласын. Ешқайсысы қабақ шытпайды. Тіпті кейбіреулері карызыға да бере салады. “Қол сынса жең ішінде, бас жарылса берік ішінде” дегендей, бұл жағын қазбаған ешкім болған жок, кінәлі төртеу он жылдан арқалап кете барды.

Осы бір қанды оқиға жергілікті мәслихаттардың сайлауы қарсанында болған еді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін ауылға депутаттықтан үміткермін деген бір жігіт келді. Кездесу мектеп ауласында өтті. Берік те барған. Бірақ халық көп жиналмапты. Әдетте ауданнан, облыстан кісі келсе, құлдырақтаң қастарынан қалмайтын осындағы бастықсымактар да көрінбейді. Оның мәнісін депутаттыққа кандидаттың өзі түсіндірді:

— Мен мансап қуған жан емеспін, — деп бастады ол өз сөзін. — Бірақ елдегі қазіргі жағдай бүйрекке байланған тастай тыншытар емес. Эйтпесе, құдайға шукір, қызметім бар, бүкіл республикаға тарайтын тәуелсіз газеттің осы облыстағы тілшісімін. Сонымен депутаттық мандат маған не үшін керек? Өздерініз білесіздер, өркениетті елдердің бәрінде биліктің үш тармағы болады: атқарушы билік, өкілетті және зан шығарушы органдар. Соңғысына сот, прокуратура жатады. Міне, осы үш билік бір колдың саусағындағы болғандаған қоғам қалыпты дамып, елдегі

жағдай жақсарады. Ал бізде бәрі атқаруышы биліктің қолында, тіпті сот пен прокурорың да олардың айтқанынан шыға алмайды. Сондықтан өкілдегі органдардың рөлін көтеру керек. Мұны оның құрамына билікке жалтақтамайтын тәуелсіз депутаттар сайланғанда ғана жүзеге асыруға болады. Эрине, билік өлістей беріспейді. Өздерініз ойлап караңыздар, осы округтен дауысқа кімдер туспіп отыр. Тіркелген төртеудің біреуі мектеп мұғалімі, екіншісі – кешегі партком хатшысы. Ал анау Әлиев деген аудан әкімімен құдандалас адам. Осылардың біреуі депутат болып сайланғанда делік, сіздер мен біздердің көсегемізді көгертеңді деп ойлайсыздар ма? Жоқ. Биліктің сойылын соғып, көзімізге көк шыбын үймелетеді.

Осылай біраз көсіліп алған кандидат отырғандарды бір шолып шықты да әңгімесін одан әрі жалғастырды:

– Кеше көресінді партиядан көрсек, енді бар билікті колына алып алған әкімдер ойларына келгендерін істеуде. Алысқа бармай-ак кояйық, осы ауданда да осындай былық-шылық толып жатыр. “Балық басынан шіриді” дегендей, халық не ішерін, не киерін білмей отырғанда ауданның әкімі Сағатов мырза екі миллион тенгенің шетелдік көлігін мініп жүрген көрінеді.

– Енді жаяу жүрсін бе?

Орта тұстан біреу күнк ете түсті:

– Аудан басшысы жаяу жүрсін деп отырған ешкім жоқ. Бірақ халқымыз “көрпене қарай көсіл” демей ме? Мен осы ауданның барлық ауыл-селоларында дерлік болдым. Онған жер жоқ, қайда барсан да халық күйзеліп отыр. Ертең қыста не боларын бір алланың өзі білсін. Жұмыс жоқ, әлі күнге тенғені колына ұстап көрмегендері бар. Көптеген ауылдарда мектептердің жылу жүйесі істен шыққан, әр класқа пеш орнатып күн көруде. Естімегеніміз, көрмегеніміз көп екен, мына Бірлікте әр баланы мектепке екі сырғауыл әкелуге міндеттепті. Бұл не деген сұмдық. Аудан әкімі “Тойота” алуға жұмсаған қаржыны осындай мәселелерді шешуге бағыттамай ма?

Ауылда жылу жок, жарық жок, газ жок. Осында жағдайға олардың қалай шыдап отырғанына таң қаласын. Әсіресе, жастарды аяймын. Бәрі бос сенделіп жүр – ішетіндері арак, төбелес. Осылай жалғаса берсе, елдің болашағы не болады?! – Осылай бітеу жараны бір тырнап өткен кандидат: – Айтатын әңгіме көп, мүмкін сіздердің накты сұраптарының бар шығар? – деп бір тоқтады.

Ортаға Мәлібайдың Жайлайуы шықты. Не нәрсені болсын бұра сөйлейтін қынырдың өзі.

– Балам, айтып түрған сөзіннің бәрі дұрыс, – деді ол. – Елдің сыйқымыздан айырылып болдық, қазір тап жүртта қалғандаймыз, ешкімге керегіміз жок. Облысты былай койғанда, аудан басшылары осы жаққа ат-ізін салудан қалған. Ал енді біз сізге дауыс беріп, сол мәслихатына сайлай қояйық, сонда жағдай өзгере ме? Анада осы ауданның бір дәкейін Мәжіліске сайлағамыз. Ол да өзін сиякты келіп, ананы өйтемін, мынаны бүйтемін, бәрінді жарылқаймын, деп гөй-гөйлеткен. Қазір сол қайда? Үш жылда бір төбе көрсеткен жок...

– Ақсақал, мен басқалар үшін жауап берे алмаймын, ал өзіме сенім көрсете қалсаныздар, халықтың мұддесі үшін құресемін. Біз қайткен күнде де мына бейбастактықты тоқтатуымыз керек. Егер өзініз айтып түрған Мәжіліске, мына жергілікті жердегі мәслихаттарға өзінің қаракан басының қамын ғана ойламайтын, колы таза адамдарды сайласақ, жағдай түзеледі. Ал қол қусырып қарап отыра берсек, жағдай бұдан да ушыға түседі.

– Сіз өзініздің газетке жарияланған бағдарламанызда жастармен жұмысқа айрықша көніл бөлемін десіз, осыған тоқтала кетсөніз.

Бұл сұрапты қойған – қашан көрсөн қолынан газеті түспейтін Қайырдың Әскері.

– Жастар – елдің болашағы. Бұл менің сөзім емес. Ғұламалардың бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, осы сөздерді жиі қайталайды. Ол дұрыс та. Бәрі ертең со-

ларға қалады. Ал біздің жастарымыз соған дайын ба? Бұл жайында сіздердің не ойлайтындарынызды білмеймін, ал меніңше мына заманның ызғары алдымен соларға соқкы болып тиүде. Накты деректерге жүгінейік. Осы үстіміздегі жылғы көктемде облыс бойынша 1200 жігіт әскерге шакырылса, солардың тен жартысы денсаулығына байланысты жарамсыз деп танылған. Қебі салмағы жетпегендіктен, әскерге алынбаған. Неге бұлай болып отыр? Оның жауабын мен сіздерге айтайын. Қазір елді аштық жайламағанмен, тамақ тапшы. Эсіресе, ауылды жерде тұрғындардың көпшілігі қара шай мен қара нанға қарап қалған. Қазір бұрынғыдай ет те жоқ, малдың бәрі біткен. Кейбір үйде соқыр тауық та жоқ. Мұны бір деніз. Екіншіден, сәбиді дүниеге әкелетін ауылдағы жас келіншектердің жағдайы қандай? Қебі ауру-сырқау, ауылда олардың денсаулығын бақылайтын дәрігер жоқ, бәрі бірдей қалаға бара алмайды. Сосын “шықпа жаным, шықпа” деп сүйретіліп жүре береді. Олардан туған бала қайдан онсын?! Қебі шиеттей шағында шетінеп кетеді, болмаса әлжуаз болып өседі.

Жағамды ұстакан тағы бір жайға тоқталайын, көптеген ауылдарда әйелдер жағы араққа салынып алыпты. Қөшеде құлап жатқан жас келіншекті де көрдім. Өзіміздің қаракөз.

Бұрынғы жастар арман қуушы еді. Қазір олардың бәрі адасып қалғандай, қебі базар жағалап жүр. Ауылда ата-аналарының зейнетакыларына қарап отыргандар қаншама?! Ешқайсысының оқу оқығысы келмейді. “Қайтемін, мұғалімін де, дәрігерін де айлап-жылдап акша алмайды. Зауыттар жабылды, шаруашылықтар тарады. Бұрынғылардың өзі далада қалып жатқанда, жас мамандар кімге керек?” – дейді. – Оларға не уәж айтасын. Осылардың бәрін жоғары жактағылар шешеді деп қарап отыра берсек, ертең жайымыз бүгінгіден де мүшкіл болады. Президенттің өзі “Бізді алда бұдан да көп киындықтар күтіп тұр” деді ғой.

Жұрт үйіп тындаған отыр. Не десін, өздеріне белгілі жай. Асқар сияқтылар бағдарын шайқап қояды. Қолдағандары ма, әлде сенімсіздік білдіргендері ме, ол жағы беймәлім.

– Сұрақтарының болса, қойыныздар.

– Сұрақ көп кой, бірақ...

Осы ауылда табан аудармай қырық жыл мұғалім болған Кәрім күмілжіп тұр.

– Кәрекен дұрыс айтады, көнілде саулап жатқан сауалдан басқа түк те жоқ. – Әскер іліп әкетті. – Жақсы, біз сізге дауыс берейік, бірақ басқалар сізді қолдай қояр ма екен?.. Ертен осында биліктін бишкештері де келеді. Олар өз адамдарын атайды. Көр де тұр, мына халық солардың айтқандарынан шықпайды. Дауыс беру деген бізде – бос әуре. Бәрін осындағы комиссия, бастыксымактар шешеді. Айтқандарын істемей көрсін, жұмыстан қулады. Кеше газеттен оқыдым, комиссияның мүшелері кімдер? Мұғалімдер, кітапханаши... Бәрі де бюджеттен ақша алғып, отбастарын асырап отырғандар. Меніңше, осы демократия деген бос сөз.

– Сіздің де сөзініздің жаны бар шығар, бірақ кенестік дәуірдегі әкімгершілік-әміршілдік келмеске кетті. Елбасының өзі де айтып жатыр ғой, демократиялық ел боламыз деп. Конституцияда да тайға таңба басқандай жазылған.

– Конституция басқа жақта конституция шығар, ал бізде әкім не десе сол болады...

Басқаларда үн жоқ, бағдары салбырап отыр. Осыдан кейін “мен айтартымды айттым, ендігісін өздерін білесіндер” дегендегі кандидат та әнгімені одан әрі соғған жоқ.

Ақыры сол жігіт депутат болып сайланды. Бірақ жағдай өзгерер емес, “баяғы жартас – бір жартас”.

Беріктің ойын машинаның гүр еткен дауысы бөліп жіберді. Ол карсы жүрді. Рульде кім отырғанын анықажырата алмады, жездесінің өзі ме, әлде Сәбит пе, әйтеуір ол

да мұны байқап қалған екен, жүрісін бәсендетіп барып тоқтады. Бұл машинаға жақындаپ келгенше ешкім шықкан жоқ. Рульде Сәбит, жездесі көрінбейді.

Жүргізуші ұн-тұңсіз сұлк отыр.

– Сәбит бүгін тіпті кешіктіңдер ғой, жездем қайда?

– ...

Жайшылықта жайранდап жүретін Сәбит бұдан жана-рын тайдырып әкетті.

– Ой, саған не болған, айтсаншы, не болды, жездем қайда?

Сәбит мас сиякты, ауыл арасында жүргенде ептеп алғып қоятыны болушы еді... Жоқ, арактың исі білінбейді.

– Сәбит, Сәбит!.. Берік дауысын көтере сөйлемді. Соңда ғана жүргізуші жігіт үйқысынан оянғандай селт етіп:

– Айғайлама, ақырын сөйле, – деді.

– Өзін ғой мылқау адам сиякты, адамды жынды қылып тұрған. Жездем қайда?

Сәбит машинаға отыр дегендей иек қақты. Сосын үйге қарай емес, үлкен көшемен ауылдың сыртына бет алды.

– Не болды, айтсаншы енді?!

– Соны өзім де түсіне алмай отырмын ғой.

Ерекендей полиция алғып кетті.

– Полиция! Қайдағы полиция?! Не үшін!!!

– Мен оны қайдан білейін. Кеше тұра облыс оргалығына бардық. Содан бүгін тұс ауа шығып, Қаратеректегі тәтейдікіне соқтық. Одан бір шай іштік. “Ертерек үйге жетіп қалайық” деп асығынқырап келе жатқан, Жекекөлге таялғанда жол полициясының қызметкері тоқтатты. Жолды жиектей тоқтағаным соледі, қайдан шыққанын білмеймін бетперде киген бір топ адам машинаны қоршап алды. Қолдарында автомат. Эй-жайға қарамастан екеуімізді де отырған орындарымыздан тымақша жұлып алды. Мұндай сұмдықты кім көрген, қара топыракқа аунатып, қолымызға кісен салды да, желкелеп машинаға отырғызды. Ар жағы белгілі ғой, полиция бөлімшесіне апарды. Ерекендей қайда әкеткенін білмеймін, мені жеке бір

бөлмеге қамап таstadtы. Содан екі-үш сағат өткеннен кейін ғана босап шыққан бетім осы. “Ауылына қайт, ешқайда ұзап шығушы болма, керек болсан شاқыртамыз”, – деді.

“Директор қайда?” – деп едім. “Онда сенің жұмысын болмасын, тай дегенде тайып тұр” деп зекігесін, алдыартыма қарай алмай кете бардым.

Осылай болған оқиғаны бастан аяқ баяндап шыққан Сәбиттағы да ұнсіз қалды.

Бұл кезде төнірек бозамықтанып таң біліне бастаған еді.

– Енді не істейміз? Үйде Айман күтіп отыр. Тұні бойы көз ілген жок.

– Эзірше болған жайды айтпай тұра тұрайық, шошытып алармыз. Бір жұмыстарымен қалада қалып қойды дейік.

– Қалада қалса кімнің үйіне тоқтатыны белгілі ғой, апайдікінде болады, телефон шалып іздел жүрмесе.

– Онда Астанаға кетті дейік.

* * *

Түкке түсінбеген Ерлік көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Бәрі аяқ астынан астан-кестен болды. Сарт-сұрт! Кәдімгі Американың боевиктеріндегі сиякты. Өздерінде үн жок, кимылдары жалт. Топыракқа аунатып, қолын артына қайырды да кісен салды. Кәдімгі қауіпті қылмыскерді ұстап жатқандай. Бір қарағанда жүргізуші Сәбитті қайда алып кеткендерін байқай алмай қалды. Ол байғуста не жан қалды екен?! Өздері көп. Мұны тұрғызып, тінте бастағанда ғана байқады, біреуі жағалай жүгіріп бәрін бейнетаспаға түсіріп жүр. Оның қалтасындағы заттарын түгел машина капотының үстіне жайып салған біреу, сірә, бастықтары болуы керек, “кара мына заттар сенікі ме?” – деді. “Иә” деді ол. “Жана ғана қалтасынан алса кімдікі болушы еді”.

– Жігіттер...

– Шығарма дыбысының!

Ерлік, бұларың не, бізді біреумен шатастырып алған жоқсындар ма дегендей, бірдеме айтпақ болып еді, әлгі бәріне бүйрық беріп жүргені ақырып, тобығынан бір тепті.

– Дұрыстап қара, мына заттардың бәрі сенің қалтаң-нан шыкты. Куәлар жақындандар.

– Сіренке сенікі ме?

– Менікі.

– Темекі?

– Менікі.

– Қол орамал?

– Менікі.

– Күмәжінек?

– Менікі, бәрі де менікі!!! Бұларың не, мені кім деп тұрсындар? Мен серіктестік директорымын?

– Білеміз, Ерлік Бәйкенұлы. Жұрттың бәрі солай ой-лайды. Машинасын тінтіндер!

Сол-ақ екен, әлгінің жандайшаптары машинаның ас-таң-кестенің шығарды.

– Подполковник мырза!

– Иә.

– Мына қараныз, пистолеттің патрондары...

– Дұрыстап қарандар, тағы не бар екен!

– Ал сендер қалтасынан шыққан заттарды тізімдендер!

– Тағы да бір рет мұқият қараныз, мына заттардың бәрі сіздікі ғой.

– Иә, менікі.

Полицейлердің бірі капоттың үстінде шашылып жаткан заттарды тізімдей бастады: күмәжінек, түсі коныр, көпқалталы, ішінде 500 АҚШ доллары, 27300 теңге ақша бар. Фильтрлі “Мальборо” темекісі, екі корап сірінке, токтаныз, токтаныз, мына төрт бүктелген қағаздың ішінде бірдене бар сиякты. Ақ ұнтақ. Есірткі болуы мүмкін. Лабораториялық зерттеуге жіберу керек...

“Ақ ұнтақ. Есірткі болуы мүмкін”. Осы сөздер оның ойынан шықпай қойды. Алғашында полицейлер өзін кателесіп тұтқындаған шығар деп ойлаған. Жок, олай смес сияқты. Бұл біреулердің өзіне қарсы қасақана ұйымдастырған әрекеті болды. Өткен жылдан бері өзінің қыр сонынан қалмай жүрген астаналықтардың жұмысы болмасын.

Орайы солай келді ме, ол жаңа шаруашылықты тез көтеріп әкетті. Құдай берейін десе, бере салады ғой, екі жыл қатарынан гектар басы 20 центнерден өнім алды, дәл осы кездे бидайдың да бағасы өсіп шыға келмесі бар ма. Осылай аяқ астынан “Ақжолдың” данқы дүркіреп, кенес заманындағы іргелі шаруашылықтардың денгейіне көтерілді.

Ерлікте тыным жок, үйде отырмайды. Жұмыс деген бастан асып жатыр. Ол алдымен кезінде бет-бетімен кеткен білікті мамандарды жинаудан бастады. Басқаны былай қойғанда, ауылда бір агроном қалмаған. Агроном болмағаннан кейін жердің жайы белгілі ғой, кайда барсан да, киптап кеткен қарасұлы. Техниканың да жайы мәз емес. Оны бабында ұстайтын механик, инженерлер әлдекашан калаға кешіп кеткен. Анада таныстарының айтуымен біреуін іздеп барса, базарда тұр. “Атама, ауылдан не ала-мын, қазір басымнан алтын құямын десенде бармаймын” – деп безек-безек етеді. – Қып-қызыл жігітсін, қалтанда алақандай диплом, ұят емес пе?! – деп намысына тимек болып еді, анаутіпті ашу шақыра бастады: “Қайдағы ұят, ұят менің бала-шагама шай-қант бола ма, дипломым болса қайтейін, осында тұрғандардың бәрінің де, тіпті кейбіреулерінің қос-костан дипломдары бар. Анау тұрған жас келиншек – дәрігер, мына қарсы тұрған зауытта конструкторлар бюросын басқарған. Ал анау екеуі – ерлі-зайыптылар – мұғалімдер. Бұл базарда кім жок. Бәрі бар. Бәрі құнқөрістің қамымен осында бұрсендер тұр. Кусан да, кетпейді. Өйткені мұнда қолма-қол ақша бар. Оны ауылда кім береді?!”.

Әйтеуір, осылай іздел жүріп, біраз маманның басын біріктіріп алған. Балабақша мен мектептен де күй кеткен екен. Жылы орын іздел ауылдан көшіп кеткендердің дені жастар. Осылай балалардың саны күрт кеміп кеткен. Бұрын орта мектепте 385 бала оқыса, өткен жылы партаға отырғандардың саны 150-ақ болды. Бұл жай Ерлікті қатты ойландырған. Мектеп болмаса, ауыл да болмайтынын жақсы түсінген ол жан-жактан мұғалімдер шақыра бастады. 3 миллион теңге қаржы бөліп мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізді. Балаларды бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етті. Осы және басқа шаралар нәтижесін беріп, ата-аналардан көнілі орнықты, кейбіреулер көрші ауылдардан көшіп келе бастанды.

Осылай айы онынан туып ісі алға басқанынан көнілі өсіп, желқанат қуаныштың жетегінде табаны жерге тимей жүргенде үш ұйықтаса түсіне кірмеген жайсыз бір оқиғаға тап болды.

Ойга алған ісін тиянақтамай үйге оралмау – оның ежелгі әдеті. Сол күні де ол кенседе жалғыз қалған. Кенет сарт етіп ашылған өсік ойын бөліп жіберді. **Жыға** тани алмады, кескіні таныс секілді. Отыздар шамасындағы жас жігіт әй-жай жоқ, алдында тұрған орындыққа отыра кетті. “Жұмысынызды айта берініз” дегендей, бұл да қарап қалған.

– Бір ұсыныспен келдім, – деді бейтаныс жігіт бірден сөз бастан.

– Айта берініз.

– Жұмысыңың жүріп тұрғанын білем, көл-көсір табыс кейбіреулерге аспаннан түсіп жатқандай көрінуі мүмкін. Қара да тұр, ертең көз алартушылар көбейеді. Міне, осындай кездे саған “крыша” керек. Мен жалғыз емес-пін, талай қалталыларға қорған болып жүрген серіктерім көп.

“Крыша”, “корған” ... Ерлік енді әнгімені көп созуды жөн көрмей:

— Бізге ондай қызметтің қажеті жоқ, — деп бір-ақ кайырды.

Алдында шегір көздерін бұған қадаған қалпы шіреніп отырған жігіт айылын жияр емес:

— Асықпаныз, артынан өкініп қалуыныз мүмкін. Тайлайлар осылай тулаған. Артынан бастарына іс түскенде өздері келіп, жалынып-жалбарынып көмек сұраған.

Жайшылықта сабыр сақтай білетін Ерлік:

— Басқаларда жұмысым жоқ, басымды көп қатырма, — деп ашу шақыра бастады.

— Жоқ, олай қызбаланба, біздін қызметіміз қымбат смес, бүкіл табысынцың 10-ақ пайызын бересін. Оған конбесен, түбінде бәрінен де айырылып қалуың ғажап смес?!

Бейтаның жігіт осылай зіл тастап кетті.

Ертеңіне осы жайды Ерлік өзінің қарамағында агроном болып істейтін осы ауылдың тұмасы Сабыржанға айтқан.

— Ол жігітті білемін, — деді Сабыржан салған жерден.

Осы ауылда өзінің туыс дейтіндегі туысы да жоқ. Бірақ екі күннің бірінде осында жүреді. Астында “Мерседес”, естуімше, еш жерде жұмыс істемейді. Білетіндер “карта ойнайды, бопсалаумен айналысады” дейді.

— Е, бәсе, батпан күйрық іздел жүрген біреу десейші!

Ерлік тұн жамылып келіп, көніл-күйін бұзып кеткен жігіт тағы бір соғар деп топшылаған. Бірақ ол тәбе көрсете койған жоқ. Ауылға келіп-кетіп жүргенін сыртынан әлдеңшіе рет көрген. Енді ойлап отырса, өзіне сес көрсетіп кеткен жігіт ауыл арасында кім көрінгенге соктығып жүрген сотқар бала емес сияқты... Бірақ қолында дәлелі жоқ. Соңғы бір жылда өзі басқарып отырған шаруашылықтың астан-кестенің шығарған қылмысқа бергісіз оқиғалардың бәрін соған жабар еді, оған дәлел, дәйек керек. Оны іздейтін, табатын кім? Әрине, ішкі істер органы. Бірақ олар аудан орталығынан таяқ-тастам жердегі Ақжолға аяқ баспайды.

Былтыр көктемгі егіске әне-міне шығамыз деп отырғанда белгісіз біреулер қоймаға ұрланып кіріп, 100 тонна жағармайды далаға ағызып жіберді. Қылмыстық іс қозғалды. Алайда кінәлілер күні бүгінге дейін табылған жок. Құзетшіні олай-былай айналдырды да койды. Заманың өзгергені миына кіріп те шықпайтын ол байғұстан не аласын. Кейде орнына әлі он үшке толмаған баласын қалдырып, тамақ ішуге кетеді, шакырыстан да қалмайды. Сол күні де жұмыс орнында болмаған.

Арада ай өтті ме, өтпеді ме, тағы бір жанжал бұрқ ете қалсын. Кезінде осында қатардағы есепші болып істеген Серік Әблітаев деген азамат, өзінің ағайындары – төрт отбасының өкілдерін ертіп келіп, “Бес жылдан бері біздің мұлкімізді пайдаланып келесің, біздің әрқайсымызға кем дегенде 750 мың тенгеден қарызысын, соны қайтар”, – деп қиғылықты салмасы бар ма? “Қайдағы мұлік, қайдағы қарыз?”. Түсіндірмек болып еді, онысынан түк шықпады. Білектерін сыбанып, дауға сайланып келген, сөз тындағының бірі жок. Айтатындары: “Бізді қанап жатырысын, біздің бала-шагамыздың аузындағысын жырып алып, байып отырын, жетті, ішкен-жегенің бойына құт, енді өзіміздікін өзімізге қайтар! Эйтпесе сотқа береміз!” Қазір осылай, бәрі заңшыл, кит етсе сотқа береміз деп коркытады. Бұл оларға не дей алады? “Дұрысы сол болатын шығар, занға жүгінейік”, – деп шығарып салды.

Бұл үлкен даудың басы ғана екен, ертеңіне осындағы талаппен тағы төрт адам келді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, олар да “қарызымызды қайтар” – дейді.

“Бұл не болып барады өзі? Бұлай жалғаса берсө, жұмыста береке бола ма? Басын ашып алу керек” деген оймен ол селолық округ әкімімен ақылдаса келіп, бұл мәселені азаматтар жиынында талқылауға үйғарды.

Жайшылықта жиналыс десен, неше түрлі сылтау айтып, сырғып кетуге дайын тұратын халық қаптап кетті.

Кешікпей жиналыс та басталды. Күн тәртібінде бірақ мәселе: “Серіктестік мүшелерінің өтінішін қарau”.

– Алдымен жиналыс тәртібін келісіп алайық, өтініш іслерін тыңдалап аламыз ба, әлде сөзді бірден серіктестік директоры Ерлік Бәйкенұлына береміз бе? – деді жиналысты жүргізуші ауыл әкімі Орынбек Сейітов.

– Өтініш иелерін тыңдайық! – деп шуылдасты көпшілік.

– Жақсы, онда бірінші сөзді Серік Эбілтаевқа берейік.

Серік Эбілтаев жасы алпыстын үстіне еркін шықкан адам, бірақ өмірі айыр-күрек ұстамағандықтан ба екен, жас көрінеді, мінбеке көтерілгеннен кейін залда отырғандарды бір шолып алды да, сөзін бастап кетті:

– Мәселе маған ғана байланысты деп ойлап қалманыздар. Қазір бәрін өздерініз де түсінесіздер. Мен өмір бойы табан аудармай осында енбек етіп келемін, оның қалыптасуына бір кісідей қосқан үлесім бар деп ойлаймын. Ал бірақ ойлап отырсаң, бәлен жыл бойы төгілген тер босқа кетіпти. Өздерініз ойлап қараңыздаршы, бұрынғы кеншарды жекешелендіргенде маған не тиді? Екі сиыр мен есекі “Белорусь”...

– Бізге ол да бұйырған жок, тәубе десейші.

Жұрт жазбай таныды. Не нәрсеге болсын ретсіз қыстырыла кететін Оңалсының дауысы.

– Оңалсын, сен сөзді бөлме, менің айтайын деп тұрғаным, қазір құдайға шүкір, шаруашылық оңалды, біз сияқтыларға да карасатын мүмкіндігі бар, сондықтан берешекті өтеу керек. Үйде отырып есептесем, менің бір өзіме миллион тенгедей берешек екен.

Кейбіреулер шектерін тартып қалды.

– Бір миллион?! Біздің түсімізге де кірмейтін нәрсе гой!..

Жұрт шуылдарап кетті:

– Қарыз, миллион?!

“Тиышталыңыздар!” – деп жиналғандарды тәртіп сактауға шакырған әкім: – “Келесі сөз серіктестік директоры Ерлік Бәйкенұлына беріледі”, – деді.

Аяқ астынан көтерілген дау біраз уақыт Ерлікке де маза бермеген. Өтініш иелері орынсыз жерге пышак ұрып тұр. Бүкіл құжаттарды көтертті. Бұрынғы кеншар тарағанда бәрі де өз үлестерін алған. Бірақ бұрын-сонды ондайды көрмеген адамдар емес пе, онды-солды шашып бітірген.

— Біздің шаруашылықтың тасының өрлей бастағаны кейбіреулердің ұйқысын қашырып тұрғандай ма, қалай? Эйтпесе, мұндай мәселенің туындағын реті жок. Мен сіздерге қарапайым тілмен түсіндіріп берейін. Өздерініз шақырғаннан кейін осы ауылға келдім. Алғашқы жылы 20 үйдің үлесін алғып, 1200 гектар жерге бидай септік. Банктен несие алдым, техниканың бәрін сырттан әкелдім. Келесі жылы тағы 50 үй қосылды... Осылай қатарымыз толығып екі-үш жылдың ішінде егістік көлемін 10 мың гектарға жеткіздік. Бұрынғы кеншардан бізге ауысқан ескі қоймағана. Оны да сатып алдық. Сонда қандай қарызы туралы әнгіме қозғап отырсыздар?! Сіздер мен кеншар есеп айырысқан. Ал мен құрған серік тестіктің кеншарға еш қатысы жок.

Осы арада арыз иелерінің біреуі киіп кетті:

— Міне, бұлар осылай құйрығын ұстаптайды. Кеншарға қатысың болмаса, мына байлықтың бәрі қайдан келіп жатыр?

— Оның ешқандай құпия сыры жок, соңғы жылдың көрсеткіштерін ғана алайын. Өздерінің жақсы білесіздер, биыл егініміз бітік шықты, гектар басы орта есеппен 20 центнерден өнім алдық. Он мың гектар жеріміз бар. Сонда 20 мың тонна астық үйілді. Соның 15 мың тоннасын саттық. Биыл баға жақсы болды, кассамызға 2,5 миллион доллар акша түсті. Оның үстіне жылда несие аламыз, техниканың көбі лизингке келіп жатыр.

Жұрт ұйып тыңдал отыр. Ерлік келтірген цифрларды біреулері түсінсе, біреулері түсінбеген де шығар.

Серік Әблітаев тағы да орнынан ұшып тұрды.

— Осы да әділдік пе, біреу бір үзім нанға ақша таба алмай қысылады, ал директор болса 2,5 миллион доллар табыс таптық деп бөсіп тұр. Ортақ шаруашылықтан тұ-

кен табысты бір адам ғана пайдалансын деп қай занда жазылған, жұрттың бәріне тен бөлу керек!

— Токта! Токта!!!

Токтасын осылай жиналғандардың назарын өзіне ауда-рып алды да, мінбеге қарай беттеді.

— Жөн сөзге жетесіз ғана токтамайды. Осы дауға ара-ласпай-ак қояйын деп едім, жұртты адастырып, елдін берекесін алғалы тұрсындар фой. Ұмытылған ештеңе жок. Бәрін басынан бастайык. Мына сырттан келген бала біл-меген сон үндемей тұрған шығар. Біз бәрін білеміз. Кен-шар тарап, осы отырған халық өндірістік кооператив құр-лық. Оны, Серік, сенің немере інін Сәлік Смайлов бас-карды. Осыны өтірік деші. Дей алмайсын. Сол кезде біраз дүние бар еді. Айналасы бір жылда такыр мұзға отырдық. Мал да, техника да ұстағанның қолында, тістегениң ау-зында кетті. Ақыры қалған-құтқанды бөлу басталды. Жап-жана “Белорусь” өмір бойы трактордан түспеген маған бұйырған жок, сенің аулана кірді. Ол ол ма, бертін ғана салынған тұтас бір кораны бұзғызып, түгел үйіңе та-сып алдың. Енді келіп үлес сұрағаның қай сасқаның? Әлде бізді түк білмейтін, түк түсінбейтін дүлей деп ойлай-сың ба?! Бұлай елдің арасына іріткі салма!

Токтасын дұрыс айтады, мен де бір-екі ауыз сөз қо-сайын деп енді мінбеге зейнеткер Наурызбай Сәбитов көтерілді.

— Тоқтықты кой ғана көтереді деуші еді, біз сол қой құрлы болмағанымыз ба?! Есімізді енді-енді жиып, ең-семізді тіктей бастағанымызда, мыналарың не?! Ерліктің не жазығы бар?! Ұмытсандар, естеріңе салайын. Осында Ерлік келгенде бәріміз де қара шайға қарап отырған жок па едік, аяғына жығылғандай болғанымыз қайда?! Келді. Жай келген жок, ауылға жақсылық ала келді. Сөйтіп көрші ауылдардан көш ілгері кеттік. Айтындаршы, кәне, қайда осындей тұрмыс бар? Ең бастысы, халық жұмыспен қам-тылып отыр. Бұрынғыдай жастар селендең көшеде бос

жүрмейтін болды. Керек десеніздер, жастардың жайын ойлаған да осы Ерлік емес пе еді?! Екі қолға бір жұмыс табылмай қорадағы малға қарап қалған кезімізде “жұмысты жастар істесін, олардың көбі әлі ұжым дегеннің не екенин білмейді, соларды тәрбиелейік” демеп пе еді.

Бұдан кейін де бірнеше кісі сөз алып: “Бөлінемін дегендер бөліне берсін, біз өзіміз Ерлікпен бірге боламыз” – десті.

Осыдан кейін ел іші тынышталғандай болған. Бірақ ол ұзакқа созылған жоқ. Бір түнде екі үйдің шебі күйіп кетті. Участекілік инспектор қелді, әрлі-берлі жүріп, сұрас-тырғанмен, онысынан еш нәтиже шықкан жоқ! Арада он күн өтпей жатып тағы бір мая отқа оранды. Тоқтасынның үйген шебі еді, кора-қосысы бірге кетті. Халық улап-шулап жүріп, әйтеуір, үйін аман алып қалды.

“Бұл не болып кетті өзі?” Осы бір сауал Ерлікті неше түрлі ойға жетелеп, мазасын алды. Зардап шегіп жатқандардың бәрі – жиналыста Ерлікті жақтап сөйлегендер. Демек, бәрі қасақана, халықты қоркытып-ұрқіту үшін істеліп жатыр деуге негіз бар. Оның сыртында әнеугі жігіттің тұруы әбден мүмкін.

Ерлік қателеспепті. “Крыша” болам деген жігіт тағы келді.

– Хал қалай? – дейді кәдімгі құрдасындай ыржаландап.

Зығырданы қайнаса да үндеңген жоқ.

– Ақылға келмесен, бұдан да зорын көресін. Ойлан, болмашыны қимаймын деп барыннан айырылып қалма!

“Қап, мына иттің қорлығы-ай!” Ерлік орнынан атып тұрды. Сол-ақ еken “крыша” есіктен ата жөнелді.

Ертеңіне Ерлік аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына соғып, оны ауылдағы жағдайдан хабардар еткен, өзінің күдігін де жасырмады. Бірақ селт еткен анау жоқ!

– Мұның бәрі бос сөз, кімнің шебі күймей жатыр. Соңғы он күнде ғана аудан бойынша 150 тонна шөп өрткеніп

кетті. Дәлел керек, қылмыс үстінде ұсталса бір, сірә,— леп текстен-текке мазалай берме деген сыңай танытты.

Нак осы кезде салық инспекциясы дейсін бе, қаржы полициясы дейсін бе, ауылға тексерушілер қаптасын келіп. “Домалак” арыз тіпті Бас прокурорға, Президент аппаратына да түсіпті. Эрине, оларды қарша боратып жатқандар белгілі. Ерлік солардың сыртында үлкен бір күштің тұрғанын сезген. “Дәуде болса, мынау да соның ісі”. Ой қажап, әбден қалжыраған, ол таң алдында ғана көз ілді.

Қатты үйықтап кетіпті. Тасыр-тұсыр есік ашылып, біреулер кіріп келгенде өзінің қайда жатқанын да түсіне алмай қалған.

— Сыртқа шығыныз, тергеушіге барамыз, — деді енгежердей жас жігіт.

Тергеуші мұнын өмірбаянын тәптіштеп жазып алғаннан кейін:

— Өзінізге қандай айып тағылышп отырғанын білесіз бе? — деді.

— Тұк түсінсем бұйырмасын.

— Сіз есірткімен...

— Қайдағы есірткі?!

— Тоқтаныз, мұнда сұракты мен қоямын. Есірткі болғанда да, ірі көлемді, гашиш. Оның үстіне көлігінізден тапаншаның патрондары табылды. Бұған не дейсіз?

— Не айтарымды өзім де білмей отырмын. Есірткі деғеннің атын естігенім болмаса, қолға ұстаған нәрсем емес. Гашиш... Патрон... Тұкке түсінсем бұйырмасын...

— Не түсінбейтіні бар, сізді кімнің ұстағанын білесіз бе?

— Жоқ.

— Республика Ішкі істер министрлігіне қарасты наша-корлыққа қарсы қурес департаменті бастығының орынбасары Тұрсын Иманбековтің өзі ұстады. Арнайы операция кезінде сіздің қалтаңыздан ірі көлемді есірткі және тапаншаның патрондары табылған. Оны күәлер де растап отыр.

...

Ерліктін қамауда отырғанына бүгін үшінші күн. Тер-
геуші екі рет жауап алды. – Сөз сыңайы жаман. “Үстініз-
ден қылмыстық іс қозғалды, айғақтар жеткілікті. Өзініз
тұратын ауылдың тұрғындары да сізді мактап отырған
жок. Эбілтаев деген азаматтың түсініктемесін оқыық” үйі-
нен кісі арылмайтын, біреу келсе, біреуі кетіп жатады,
әйтеуір, сапырылысқан халық”. Кімдер олар? Бәрін
анықтаймыз. Енді жуырманда үйінізге орала қоймассыз”, –
дейді. Сосын корғауши керек пе? – деп сұрады. Басында
“Корғаушыны қайтемін, ешқандай кінәм жок”, – деп
ойлағанмен “мыналардың түрі жаман, әй-шай жок
турмеге тығып жіберуі де мүмкін” деп корғауши жалдауға
келісті. Ол бүгін келуге тиис.

Корғауши дегені жап-жас қызы болып шықты. Жасы
асса, 25-те болар деп шамалады. Мұның корғаушыға дे-
ген сенімі шамалы. Өйткені киноларда көрсетіп жүрге-
ніндей, қорғаушылар ақшасын алады, сосын сотта айып-
тыны ақтау ниетімен бірдеме айтқан болады. Бірақ бәрі-
бір түптін-тубінде женіліп қалады. Әлде, бұған кездеспеді
ме, әлде, өмірде солай ма, корғаушының женіске жет-
кенін көрмелті. Содан да ол корғаушыны селсок қарсы
алды. Тіпті “Сәлеметсіз бе” деген де жок.

– Менін аты-жөнім – Светлана Григорьевна Павлова,
сіздің корғаушыңыз боламын, – деді жас қызы бұған құлім-
сірей қарап. – Байқаймын, жасып қалған сияқтысыз фой.
Олай болмайды. Кінәсіз екенінізді дәлелдеп шығуымыз
керек. Ол үшін мен сізге қатысты жайдың бәрін білуге
тиіспін. Қарсы болмасаныз, жұмысымызды бастайық.

– Жақсы.

– Өміrbаянынызбен, іспен таныстым. Түсініксіз жай-
лар көп. Бірақ... бірақ сізді ұсташа кезінде қалтаныздан
есірткі шықкан. Есірткі болғанда да бала-шағаның қалта-
сында жүретін шөп емес, мың мәрте өндөлген гашиш.
Өзініз осыны қалай түсіндіресіз?

— Тіпті, соған миым жетпей койды. Үш ұйықтасам, түсіме кірмеген жай. Ақшаға қызығатын жан емеспін. Құдайға шүкір, биыл да табыстан кенде емеспіз...

— Сіздіңше есірткі бизнесімен “қалтасы тесіктер” ғана айналысады ғой. Жок, олай емес. Кез келген адам дүниеге тоймайды. Байыған үстіне бай түссем дейді, есірткі саудасымен айналысушылар арасында да ондайлар көп.

Ерлік еріксіз құліп жіберді:

— Шалғайдағы ауылда қайдағы есірткі?...

— Мен сізге қорғаушы болуға келіскеннен кейін әрбір сөзіңізге сенгім келеді. Бірақ, әлгіндей тұжырымды іске тіге алмайсыз. Дәлел болғанда да бұлтартарапас дәлел. Демек, сол дәлелді іздеуіміз керек. Ойланыңыз, барлық жайларды еске түсіріңіз.

— Иә, оған уақыт жеткілікті.

Қорғаушы қыз қоштасарда: “екі күн сотта боламын, енді жұма күні кездесейік”, — деді.

Ерлік оқшаулағышқа камалғалы күннен де жаныла бастағандай, аядай бөлме, төрт қабырғада... Жанын жегідей жеген ой. “Үйдегілер не болып жатыр екен? Ендігі ел-жүртқа да тараған шығар?”

Екі күн ешкім мазалаған жок. Қай-қайдағы ойға келеді. Үлкендер “Бәрі алланың қолында” деп отыруши еді, соның бәрі рас екен-ая! “Енді-енді бәрі орнына келгенде бәрі астан-кестен болғаны ма?!”

Көзі ілініп кетіп еді, тұс көрді. Марқұм әкесі үйдің алдында отыр. Бұл: “Әке, үйге неге кірмейсің?” дейді. Үн жок. Тіпті, мұнымен сөйлескісі келмейтін сияқты. Қабагы түсінкі. “Әке, маған ренжіп отырғаннан саусың ба? Мениң еш кінәм жок. Өзің үйреткендей, адал жолмен келе жатырмын. Оқу оқы деген аманатынды да орындаым. Өзің құрған шаңырактың тұтінін сөндіргем жок”. Әкесі үнсіз, орнынан тұрып, бұдан ұзай берді. “Әке, әке!!!”

Өз дауысынан өзі оянып кетті. Қара терге түсіп жатыр екен. Ол біразға дейін өзіне-өзі келе алмай есенгіреп жатты.

Колына алғаш кісен салынғанда аспан айналып, жерге түскендей құй кешкен ол, ойлап отырса, әлі өзіне өзі келе алмапты. Қорғаушы қыз айткандай, жасып қалғаны анық. Мұмкін, оған “кінәсіз жанды тектен-текке құйдіре кой-мас” деген ішкі сенімі әсер еткен шығар. Бірақ, мыналардың түрі жаман. Олар мұны кінәсіз деп отырған жоқ. “Қалтаннан есірткі шықты. Қайдан алдын? Бәрін актар, сыйбайластарынды ата” деп дік-дік етеді. Ал, бұл болса, “не деп отырсындар, өздерінің естерін дұрыс па, білдей бір шаруашылықтың басшысын есірткі сатумен айналысты деп айыптауға ауыздарын қалай барады? Бұл қорлықтарынды аяқызы қалдырмаймын. Заң бәрімізге бірдей, ертең өздерін де жауап бересіндер” деп уәж айтпағаны, қарсылық білдірмегені қалай? Мұны басқалар қалай түсінеді. Қылмысын мойындан отыр деулері де мұмкін ғой. Қой, қарап отырмайын... Осылай іштей жігерленсе де, қалтасынан есірткі шыққаны анық. Оны жүрттың бәрі көрді. Оны қалай теріске шығарады?” Өзі де, қуәлар да қол қойды. Сол күні қалаға баратын болған сон, костюмін ауыстырып кигені есіне түсті. Токта, токта!.. Ол костюмді ара-тұра Сәкен де килюші еді ғой. Сәкен – Ерліктің үлкен ұлы, институтты биыл ғана тәмамдаған. “Балалықка салынып, бірдене бұлдіріп жүрмесе жарайды ғой”. Ерлік өз ойынан өзі шошып кетті.

Тағы да басы ауыра бастады. Неше түрлі ой миын шағып жатыр. “Құрып кеткір, есірткі мұның қалтасына қалай түсті? Әлде, өзін ұстағандардың біреуі қалтасына салып жіберді ме екен? Олай істейтін, олардың мұнда ұзында өші, қысқада кегі бар ма?..”

Жалғыздық қыын екен, өз ойынмен өзін арпалысқан қандай ауыр? Ол қорғаушы қыздың келуін асыға күткен. Бірақ ол уәделі күні тәбе көрсеткен жоқ, араға төрт күн салып, дүйсенбі де бірақ келді.

– Соттан кейін сіздің ауылға барып қайттым, – деді ол.

Ауыл дегенде елең ете түскенмен Ерлік “Ондағылар қалай екен?” деген тіл ұшына оралған сөздерді іркіп қал-

ды. “Бәрі де аман, сіздің мұнда екеніңізден хабарсыз” деп қысқа қайырған қорғаушы қыз:

— Ойландыңыз ба, есінізге түскен жайлар бар ма?— деді.

— Бәрі көздің алдынан өтіп жатыр ғой. Эрі ойлап, бері ойлап, осы біреулердің қасақана ұйымдастырған ісі ме деп отырмын.

— Оған қандай негіз бар?

Ерлік “крыша” боламын деп келген жігіт туралы айтты.

— Қазір ондайлар көп кой. “Тисе терекке, тимесе бұтакқа” дегендей, тамырыңызды басып көрген шығар?

— Басында өзім де солай ойлағам. Енді ойлап отырсам, оның іс-қимылын біреу бағыттап отырған сияқты. Соңғы бір жылда сүттей ұйыған ауылдың шырқы nedен бұзылды? Көктемгі егіске әне-міне шығамыз деп отырғанда қыруар жанармайымызды ағызып жіберді. Серіктестік құрамындағы бірнеше үйдің шебі күйіп кетті. Тып-тыныш жүрген бір топ адамның бүйректен сирақ шығарып, ұлес сұрауында да не мән бар? Менінше осылардың арасында бір байланыс бар сияқты.

— Сөзініздің жаны бар, қазір елдегі жағдай түзеле бастағанда “дайын асқа тік қасық” дегендей, басқалардың байлығына көз алартушылар табылып жатыр ғой. Сіздің де дүниенізге қызығушылар бар шығар. Бұл өзі түптін түбінде жалпы елді жайлаған індетке айналуы мүмкін. Сарапшылардың айтуларына қарағанда, мұның аяғы үлкен шайқасқа ұласады.

— Қазан төңкерісі қайта оралады десенізші.

— Қазан төңкерісінде байларды кедейлер тонаса, бұл жолы байды бай талайды, күші жеткендер әлсіздерді жұтып қоюға тырысады. Бұл орайда неше түрлі айла-шарғы, қулық-сүмдық колданылады.

— Мен де сондай қара ниет біреулер құрған торға шырмалдым ба деп отырмын.

— Мүмкін, мүмкін... Бірақ есірткі қалтаңызға қайдан келді? Алдымен осы жұмбактың түйінін шешуіміз керек.

Жаңа ғана өзін қолдан отырған қорғаушының осы сөздері оның үмітін үзіп жібергендей болды. “Кім де болса, мұны ұрымтал жерден ұстаған, онайлықпен босата қоймайтын сияқты. Элде ”крыша“ боламын деп келген жігіттің полициямен байланысы бар ма екен?”

Осылай өз ойымен өзі болып кеткен Ерлік қорғаушының “Бұғінгі әңгіменізді осымен тәмамдайық” деген сөздерін естіген де жок. Светлана Григорьевна камерадан шығып бара жатып сәл бөгелді де: “Тергеуші жауап ала-мын десе, міндепті түрде мені шақыртыныз”, – деді.

Ерліктің шыдамы таусыла бастады. Соңғы рет кездескенде тергеушіге:

— Несіне соза бересіздер, кінәлі деп тапсаныздар істі сотқа тапсырмайсыздар ма? – деген.

— Сол күнге де жақындаپ қалған сияқтымыз, – деді тергеуші бұған тесіле қарап.

Айтқандай, екі күннен кейін Ерлік тергеу оқшаулағышынан босап шықты. Түк түсінсе бүйірмасын. Тергеуші: “Сотқа шақырыласыз, әзірше боссыз” дегеннен басқа сөзге барған жок.

Ерлік ауылға оралғанмен бірден жұмысқа бел шешіп кірісіп кете алмады. Жігіттер де мұның жайын түсінетін сияқты. – Демінізді ала берініз, аландастын ештене жок, бәрін өзіміз тындырамыз, – дейді.

* * *

Ол сотқа шақыру алғанда, өз көзіне өзі сене алмай, тілімдей қағазға жұз рет үнілген шығар. “Куә ретінде. Мүмкін емес, шақырту қағазын жазған адам қателескен шығар? Бұл куә ретінде шақырылса, айыпталуши кім?..” Ол облыс орталығына жеткенше осындай ойлармен ар-пальсумен болды.

Қалаға кірер-кірмeste ұялы телефонымен қорғашысына хабарласты. Ол да сот мәжілісіне дайындалып жатыр еken. Көnліндегі құдігін білдіріп еді, “Бәrі дұрыс, сшқандай қателік жок, сотта кездесеміз” деп қыска кайырды.

Сотка ауылдан бұдан басқа да біrnеше адам шақырылышты. Бәrі үnsіz, сотка шақырылғандар үshіn арнайы бөлінген бөлmede тым-тырыс отыр. Ауылдастарымен bas изесіп амандақан бұл бос орындықтардың bіrіne жағасты. Көnл-күй “тағдыр салды, мен көндім” дегендей, “бәrі бүгіn шешіледі” ...

Ол сот мәжілісі өтіп жатқанынан хабарсыз еді. “Кашан басталады?” деп іштей тықыршып отырған. – Ерліk Бәйкенов! – деген бөтен адамның дауысын естігендеге ғана bіr сәт oйдан сергіп, өзіне таялып келіп қалған жас жігітке “Бәйкенов менміn” – деп tіl қатты.

– Меніn соныма еріnіz, – деді бейтаныс жіgіt.

Сот залының табалдырығынан алғаш аттауы, басында kіmнің kіm еkenіn ажырата алмай, абыржынқырағанмен, ойын да, бойын да тез жиып алды.

Сот төрағасы:

– Ерліk Бәйкенов, сіз бүгіngi сот мәжілісіне куә retіnde шақырылып отырсыз. Мына айыпталушы орындығында отырған Тұrsын Иманбековті bіlesіz бе? – деді.

Айыпталушы орындығына көz токтатқан Ерліk анада өзін ұстаған подполковникті bіrden таныды.

– Bіr ret көргеніm бар.

– Қайда, қашан, қандай жағдайда көргеніzіdі сотка баяндап берсеңіz.

– Өткен жылы қантардың 14-i қуні жүргізушім Сәбит Халықов екеуміz біr жұмыспен облыс орталығына бардық. Содан қайтып келе жатқанда, аудан орталығынан шыға беріste, bіzdі полицейлер токтатты. Эй-шайға каратқан жок, бәrі betperde киген, қолдарында автомат...

Айыпталушы да betperdede болды ма?

- Жок, бұл кісінің бетпердесі болған жок.
- Айта берініз.
- Сосын машинаның астан-кестенің шығарды, қалтамыздығының бәрін капоттың үстіне жайып койды.
- Қалтаңыздан неше қорап сірінке шықты?
- Екі қорап. Сосын бірнеше бүктелген қағаз шықты.

Ішіндегі ақ ұнтақты кейін есірткі деп түсіндірді.

- Осы айтқандарынызға тағы қосарыныз бар ма?
- Жоқ.
- Онда сіз әзірше боссыз.

Ерлік дәлізге шықса, мұны осы қалада мектепте мұғалім болып істейтін нағашысының үлкен баласы Максат күтіп тұр екен.

- Жиен аға, кіруінен шығуың тез болды ғой, – деді ол жымындал.

– Амансыңдар ма, өзім де түкке түсіне алмай тұрмын. Энеугі министрлікте істеймін, подполковникпін деп жүрген жігіт айыпталушылар орындығында отыр. Айтқандарының бәрі өтірік болғаны ма, сонда?!

- Бір өтірігі жок, подполковник, министрлікте істеген. Сіз, анада жергілікті газетте жарияланған хабарды оқымаған екенсіз ғой.

- Ол қандай хабар?

Максат ішкі қалтасынан қойын кітапшасын алғып шықты да бір тілім газет қыындысын Ерлікке ұсынды.

- Қыып алғып, салып қойып едім. Мә, оқыңыз.

Қысқа ғана хабар екен. Ерлік оқи бастады. “Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен облыстық прокуратуралының қызметкерлері бірлесіп жүргізген жедел іздестіру шарапарының барысында ішкі істер органының К. есімді жоғары лауазымды қызметкері ұсталды. Оған қызмет бабын асыра пайдаланды деген айып тағылып отыр”.

- Элі түсінген жоқсыз ба?

- Жоқ, түк түсінсем бұйырмасын.

– Айыптылар орындығында отырған адаммен мына газеттегі К. бір кісі.

Ерлік сот мәжілісіне келесі күні де келді. Қорғаушысы: “Катысамын десеніз, рұқсат алдым” деп мұны залға отырып қойды.

Алдымен сот төрағасы шақыру жіберілгенімен белгілі бір себептерге байланысты сот мәжілісіне келе алмаған күәлердің жауаптарын оқыды. Содан кейін Астанадан келген жалғыз куәні ортаға шақырды. Жүріс-тұрысына, өзін еркін ұстаяның қарағанда үлкен бастықтардың бірі болуы керек. Жауабы да нық.

– Айыпталушылар орындығында отырған азаматты танисыз ба?

– Иә. Менің орынбасарым – Тұрсын Иманбеков. “Мак” операциясы кезінде жергілікті полиция қызметкерлеріне практикалық және әдістемелік көмек көрсету мақсатымен осы облыска іс-сапарға баратын болды. Нәк осы кезде маған өзін Исатаев Оразбын деп таныстырған бір азамат телефон шалып, өзінің серіктестік директоры туралы жазған хатының “елеусіз” қалғанын хабарлады. “Не жайында?” деп едім, “Былығы көп, есірткі таратады”, – деді. Сосын Иманбековті шақырып алдым да, жағдайды түсіндіріп, “әйттеуір, сол жаққа бара жатырсыңғой, мән-жайды біле кел” дедім.

– Иманбеков кейін сізге хабарласты ма?

– Бір-ақ рет телефон шалды. Онда да бұл мәселені қозғаған жок.

– Сіз өз тапсырманыздың қалай орындалып жатқа-нын сұраған жоқсыз ба?

– Жок.

– Куәгер Әлім Молдабеков.

– Иә, облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасарымын.

– Айыпталушы Иманбековті танисыз ба?

– Танимын.

– Қайда, қашан таныстыныздар?

– Бұған дейін де ол біздің облыста іс-сапарда болған.

Соңғы рет келгенде Республика ішкі істер министрінің орынбасары қол қойған жоспар-тапсырманы көрсетіп, құпиялылықты сактауымды, өзінің не мақсатпен келгендін ешкімге айтпауымды сұрады. Мен көп сөзге бармай есірткіге қарсы құрес бөлімінің бастығы Нұрлан Құдайбергеновті шақырып алдым да, Иманбековке көмектесу жөнінде тапсырма бердім. Иманбековтің қаладан тыс жерде құдіктің тұтқындау шарасын жүзеге асырмак ойынан хабарым болған жок.

– Ерлік Бәйкеновтің тұтқындалғанын кімнен, қашан естідініз?

– Екі күннен кейін Құдайбергенов хабарлады. Мәнжайды толығырақ әнгімелебін сұрағанымда ол операцияға өзініңде қатысқанын, Иманбеков топты тергеу, техникалық камту және арнайы мақсаттағы бөлім қызметкерлерінен жасақтауды сұрағанын айтты. Құдайбергеновтің көзінше аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына телефон шалдым. Ол серіктестік директорының ұсталғанынан хабарсыз болып шықты. “Түбі шикі нәрсе болуы мүмкін, Ерлік Бәйкенов аудандағы белгілі адамдардың бірі, ол есірткі таратумен айналысты дегенге өз басым сенбеймін”, – деді.

Осы сөздерден кейін Е.Бәйкеновті ұстауға қатысқан топтың мүшелерін жинап алып, әнгімелестім. Олар алғашқы күні топ мүшелерінің Е.Бәйкенов басқаратын серіктестікті торуылдағанын айтты.

– Иманбеков те бірге болған ба?

– Капитан Серік Көшеровтің айтудынша, Иманбеков бұларды ауыл сыртына қалдырып, кетіп қалыпты. Кешке тамақ әкеліп берілті.

– Жалғыз ба, әлде қасында біреулер болып па?

– Бір келгенде машинаның артқы орындығында екі адам отырыпты. Бірақ, қарқынде түстерін ажырата алмапты.

— Сіз Е. Бәйкеновтің ісін жүргізген тергеушіге арада екі ай өткеннен кейін “Байқа, асықпа, бәрін мұқият тексер, жазықсыз жан тектен-текке күйіп кетіп жүрмесін” депсіз, оған не себеп болды?

— Иманбековтің тобында болғандардың бәрі Е. Бәйкеновті ұстаса кезінде подполковниктің өзі өте-мәте белсенділік танытқанын, оны құшактап жерге жыққанын айткан еді. Ишкі істер министрлігінің қолданыстағы нормативтік актілерінде мұндай іс-әрекетке тыйым салынған, арнайы мақсаттағы қызмет жауынгерлерінің ісіне араласуға ешкімнің қақысы жок. Бұрын-сонды мұндайды естіген жоқ едім, осы жай құдік туғызды.

— Бұл жөнінде Иманбековтің өзіне айттыныз ба?

— Жоқ. Ол іле Астанаға жүріп кетті деп естідім.

— Оқиға орнынан түсірілген бейнематериалды алып қарадыныз ба?

— Иә, топ мүшелерімен бірге қарадық. Е. Бәйкеновті тұтқындау сәтін түсіруге тиіс Сергей Яковлевке Иманбеков ешқандай бұйрық бермеген. “Алас-құлесте ұмытып кеткен шығар” деп өзім түсіре бастадым” дейді ол. Бәйкеновті тінткеннен кейін оның қызмет көлігі тексерілген. Алғаш рет артқы есіктің қалташасынан ештене табылмаған. Арада біршама уақыт өткеннен кейін Иманбеков “тәғы қараңдар, дұрыстап қараңдар” дегеннен кейін тексерушілер газең ке оралған патрондарды тауып алған. Екі сәт те камераға түсірілген, уақыты бәрі анық көрініп тұр.

— Одан басқа көнілге құдік алар ештене байқаған жоқсыз ба?

— Жоқ, тек ертеңіне С. Яковлев таңертең өзі түсірген бейнетаспаны қарап отырып, тосын жайға тап болғанын хабарлады. Біз тағы жиналдық, тағы да оқиға орнынан түсірілген бейнетаспаны қарадық. С. Яковлевтің “Иманбеков Е. Бәйкеновті ұстаса кезінде қалтасына қолын салды” дегені рас болып шықты. Ол алғашқы әнгімеден кейін лабораторияға оралып, бейнетаспаны арнайы аппаратпен қарапты. Бәрі көрініп тұр. Иманбековтің он қолын

Бәйкеновтің қалтасына салып жатқаны түсіп қалыпты.
Ар жағы белгілі ғой...

* * *

Қадіржан жұрт аяғы саябырлады-ау деген кезде алдында жатқан істі өзіне қарай жақындастып, көзілдірігін киді. 1955 жылы бұрынғы Көкшетау облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазак, білімі жоғары, отбасы бар, қазір Астана қаласында тұратын, еш жерде жұмыс істемейтін, бұрын сотталмаған Иманбековті айыптау туралы №1/511-ші іс. Бұл істін нүктесі ертең қойылуға тиіс. Үкім шығарылады, оған негіз жетерлік. Солай бола тұрса да Қадіржан ежелгі әдетімен барлық жайды тағы бір ой сарабына салуды үйғарды.

Бұл істін бір ерекшелігі, айыптылар орындығында отырған Иманбеков көп қылмыскердің бірі емес, кеше ғана өзі де қылмыска қарсы құрестің алғы шебінде жүрген ішкі істер органының жауапты қызметкері. Тіпті ақылға сыймайды, сенгін де келмейді. Аз ғана уақыттың ішінде қызмет баспалдақтарымен екінің бірінің қолы жете бермейтін биіктерге көтерілген азамат омакаса құлағалы тұр. Кім кінәлі? Қоғам ба? Нарық па? Әлде азаматын корғай алмаған ағайын ба? Қоя берсөн сауал көп. Оған ертең бір-ак жауап беріледі, ол – сот үкімі. Үкім шығару айтуға ғана онай. Неше жерден судья болсан да, біреудің тағдырына, өміріне байланысты шешім қабылдау киынның қыны. Бірақ, қылмыскер кім болса да, зан алдында жауап беруге, жазасын тартуға тиіс. Аяйсың. Жоқ, ол Иманбековті аяп отырған жоқ, кеше ғана көрген Ерлік Бәйкеновті аяп отыр. Жап-жас жігіт, самай шашы аппак. Бірақ біреуге кектеніп тұрған ол жоқ, қайта актала сөйлейді. Соңғы жылдары өзінің де көрмегені жоқ екен.

Ал Иманбековке не жетпеді десенізші? “Біреудің көз жасына қаламын-ау” деп ойламағаны қалай? Бәрі қанағат

легеннің не екенін білмеудің салдары, тойымдылықтың жоктығы ғой. Эйтпесе, айдаладағы біреудің байлығына көз алартып несі бар? Қазак “шайтан азғырды” деп осыны айтады. Иманбековті адаптацияның жолдан тайдырған “шайтан” емес, бір ауылда бірге өскен туысы Нұрқан Эйкенов сияқты. Эйкеновті қуәлардың бәрі таныды. Ол Бәйкеновке немере інісі арқылы жасаған қокан-лоқылығынан ештең шықлаған соң, өзі келіп, “серіктестігіннің 50 пайыз акциясын сат” деп қолқа салған, “берсөң қолыннан, бермесен жолыннан” аламын деп коркытқан. “Біреудің қолымен от көсей” деп осыны айтады. Ішкі істер министрлігіне, облыстық прокуратураға Бәйкеновтің үстінен шағым ұйымдастырған – осы Эйкенов. Алғашқы тергеу барысында: “Соның бәрін Иманбековтің айтуымен істедім” деп мойнына алған ол өтіріктің өрге баспайтынын түсінді ме екен, қазір бой тасалап, қашып жүр. Шырғаланның түйіні шешілгенмен біраз тер төгуге тұра келді ғой.

Иманбеков те бала емес, айла-шарғысы мол адам екені көрініп түр. Бірак, қанша бұлтақтарғанмен айғақтардан жалтара алмады. Астанаға Бәйкеновтің үстінен “домалак” арызды қаршаша боратқандар да табылды. Солардың біразы Айсұлу Кәкенованың қолынан өтіпті. Ол Нұрқан Эйкеновтің көнілдесі болып шықты. Эйкеновтің “Таяуда “Бірліктің” тізгінің өз қолыма аламын” деген сөзіне сеніп қалып, дайын арызға қолдарын сүйкей салған Нестеров пен Эміров те “Бәйкенов те бес бересі, алты алашағымыз жок” деп азар да безер болды. Олардың айтуларынша, Бәйкеновті тұтқындау кезінде Эйкенов те, Кәкенова да Иманбековтің машинасында болған.

Қадіржан бір сәт сараптамалар қорытындыларына көз жүгіртті. Бәйкеновтің қалтасынан “табылған” есірткінің салмағы 6,11 грамм, патрондар заводтан шыққан, 5-үй “Макаров”, 7-үй “Стечкин” пистолетінікі, 6-үй “Кипарис” пистолет-пулеметінікі. “Бәйкеновтің денесінде кө-

геріп кеткен жерлері бар. Бәйкеновті ұстau кезінде түсірілген бейнетаспаның 8 бөліктен тұратыны, монтаждау жүргізілмегені жазылған.

Әйкенов пен Иманбековтің “Бірлік” серіктестігінің директорының меншігін тартып алмақ болғаны айданаңық. Оқиға болғанға дейін Иманбеков Эйкеновтің баласы Ержанның атына жазылған С 211-АУМ нөмірлі “ВАЗ-2110” автомобилін мініп жүрген. Бірақ осылардың бәрін мойнына алып отырған Иманбеков жоқ. Міз бакпастан “Әйкенов дегенді білмеймін”, – дейді. Ал өздері ұялы телефонмен жиі-жиі сөйлесіп тұрған. Соңғы 20 күннің ішінде екеуі телефон арқылы 25 рет тілдессе, оқиға қарсанды Эйкеновтің інісінің үйінен Иманбековтің ұялы телефонына 9 рет телефон шалынған.

Иманбеков өзінің тікелей бастығының атына Бәйкеновтің есірткі таратумен айналысатыны жөнінде екі рет рапорт жазған. Біріншісінде “бізге тілеулес адам Бәйкеновтің кавказдықтармен байланысы бар екенін хабарлады” десе, №130 с рапортында Бәйкеновтің үстінен қылмыстық іс қозғалғанын жеткізеді. Осылай Иманбеков Казақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 251-ші бабының 2-бөлігін, 259-бабының 3-бөлігін, 339-бабының 3-бөлігін бұзып отыр.

“Алтын көрсे періште жолдан таяды”. Қалай тауып айтылған сөз. Иманбеков те онай олжаға қызығып, біреу-ге ор қазбақ, жазықсыз жанды су тубіне жібермек болған. Терен қазған. Енді сол орға өзі түсіп отыр.

Кадіржан бір сәт алдында жатқан құжаттардан басын көтеріп, қарсы кабырғада ілулі тұрған сағатқа қарады. Сағат тілі онға таяп қалыпты.

Ол далаға шыкса, қар қылаулад тұр екен, айнала апапқ. Ай көтеріліп келеді. Үп еткен жел жоқ. Төнірек нұрға малынып тұр... Оның ойына тағы да Ерлік Бәйкенов оралды.



ТУҒАН ҮЙДІҢ ТҮТИНІ

Танертең ерте тұрып жолға жинала бастадым. Анам да әбігер, қағазға оралған бірденелерін сөмкеге сыйғыза алмай әлек.

– Апа, соларды қайтесің, керегі жок.

– Керегі жоғы несі, барғанда балалар қолына қарамай ма?! Ауылдың майын да сағынған шығар.

Екеуден-екеу шай ішіп отырмыз. Сағатыма қарап коям, кешікпей автобус та келуге тиіс.

– Апа! – дедім ақырын ғана.

– Эу, құлыным?! – Не айтайын деп едің?

Апам шай кесені тағы да алдыма жылжытты.

– Қашанға дейін осылай жалғыз отыра бермексін?!

Апам үнсіз. Жүзіне көз токтаттым: самай шашының ағы молайып, маңдайындағы әжім іздері терендей түскен сиякты.

– Картайғанда мені әурелеп қайтесің, жылы орнымды сұтып қалаға көше алмаймын, оған ренжіме.

Менін сауалыма апамның жауабының орайласпауы бір бұл ғана емес. Бұрын да осылай жападан-жалғыз отыра бересің, бе, қалаға көшсейші деп талай рет айткам. Апам, әдетте, үндемей құтылатын. Дәл бүгінгідей өз шешімін кесіп айтқан емес-ті.

Әкемнің о дүниелік болғанына екі жылдан асып барады. Содан бері апам жалғыз. Алғашында “Әкеңнің жылы өтсін, сосын көре жатармыз”, – деп екі ұшты жауап берген. Айтқан мерзімі де өтті. Бірақ апам көшетін сынай танытпады. Сонғы кездері тіпті көшу туралы әңгіме

козғала қалса, қабак шытатынды шығарды. “Ренжіме” дейді. Сірә, бұл анамның енді мені мазалама дегені ғой.

Мен сөзден тосылып қалдым. Ойым он сакқа жүгіріп, іштей толқып отырмын. “Әлде менің айтқандарыма сенбей ме?! Жайлыштың жаман болмайтынын өзі де біледі ғой. Отын-су іздейтін емес, бәрі дайын...” – Апамның тартыншақтайтын реті жоқ сиякты.

– Апа деймін!

– Эу, құлымын!

– Қалада да өзің сиякты қарттар көп, әлі-ақ үйреніп кетесін. Ойлансайшы...

– Мен ойланбады дейсін бе?! Жалғызға қашанда ой серік. Тоқтаған жерім осы болды. Әзірше шығып-кіруге жарасам, кейін көре жатармыз...

– Апа, ойлансайшы?! Өзі жүрттан ұят. Жеті балаң жеті жерде түтін түтетіп отыр. Тіпті, қалаға бармағанның өзінде солардың біреуімен бірге болсайшы.

– Енді мені қинама, көзім тірі тұрғанда әкен салған осы үйден ешқайды қозғалмаймын. Қалай ғана біреуге қызып кетемін. Осы үйді ол кім үшін салды, неге салды?!

Апамның мына сөздеріне айттар уәжім жоқ. Бәрі рас, бұл үйді әкем салған, бейнетке белшесінен батып жүріп салған.

Әлі есімде... Сол кездері бала болсам да, бәрі де күні бүгінгідей көз алдымда. Сол күні әкем жұмыстан оралысымен бұрышта тұрған көк абдыраны ашты да, комакты бір түйіншекті алып шықты. Сонын сары ала қағаздарды шытырлатып санай бастады. Бұрын санағаннан кейін ол ақшаны қайтадан орнына салып қоятын. Бұл жолы өйткен жоқ. Манадан әкемнің кимылын үнсіз бақылап отырған апам шыдай алмады білем: “Тағы да сауда ма, әйтеуір, алаканың қышып тұрады-ау, сенің”, – деп кейи бастады. Әкем болса сабырлы қалпын бұзбастан: “Киімдерімді дайында, ертең Тұмен облысына ағашқа жүремін, үй саламыз”, – деді.

– Саған осы үй жетпей жатыр ма, ойына не келсе соны істейсін?!

– Сен не білесін, жарлы байиды, жас өседі – деген смес пе, ертең мына қарадомал^{ақтарың} сокталдай-сокталдай жігіт болғанда көрерсін. Құларға дұрыс бір басспана салып бере алмасам, менің кісілігім қайсы?

Келесі күні әкем тұс ауа “ішке” жүріп кетті. Арада екі апта өткеннен кейін ауылға қарағай артқан машиналар да келіп жетті-ау. Құшактасан құшак жетпейтін жуан бөренелерді қалай салған дейсің. Әкемде ес жок. Жуан қарағайларды топ-топ лактыралы.

Біздін ауылда бұрын-сонды еңкім қарағайдан үй тұрғызыған емес-ті, әкем үйді жалғыз қызыды. Жаз бойы қолынан балтасы түскен жок. Үйдің құбырғасы көтеріліп, шатыры жабылған кезде күтпеген жәрден әкем ауырып қалды. Дәрігерлер “сұық тиген, емде месе болмайды” – деп ауруханаға жатқызып койды. Бірақ әкем ауруханада көп жаткан жок. Бірапта өткесін-ак “тәуір болдым” деп үйге қайтып келді.

Күзде жаңа үйге түстік. Куанышымызда шек болған жок. Әкемнің де көнілі ток. Екі сөзінің бірі “иесі сендер-сіндер, тек іші құтты болсын!” – ғелленнен басталады.

Біз есейіп, ер жеттік. Үлкен әпкем мен ағам окуға кетті. Сол кеткеннен олар ауылға оралған жок. Апам ”әкенің көнілі балада, баланың көнілі далада” деп бұркылдай бастаса, әкем “қайтесін, кайда жүрсө дә аман болсын, өрістің кенеңегені жақсы”, – деп басып тастанды дәйім.

Кешікпей мен де қаладан бір-ак ғылттым. Алғашкы кездері бүйрегім ауылға бұрып тұрушы еді, бірте-бірте қала өміріне мен де көндіге бастадым, ауылға келуді сиреттім. Сылтау көп: жұмыс, балалар, көлік-коқ, жол алыс... Сейтіп жүргенде ауылдан “әкен катты ‘ұырып жатыр” деген хабар келді. Алып-ұшып жетсем, әлем қайтыс болыпты. Эйтеуір, қабіріне бір уыс топырак салуға үлгердім.

Иә, әзіз әке арамыздан кеткелі ең жыл өтіпті. Екі жыл бойы апам оның орынын құзетіп, ғалған үйінің тутінін

түтетіп, жалғыз отыр. Ол өзінің осы үйден көзі тірісінде қозғалмайтынын бүгін ғана бүкпесіз білдірді. Мүмкін, бұған дейін “өзі түсінер, өзі сезер” деп келген шығар? Ол өмірлік жолдасы алдындағы борышын осылай түсінеді. Әкеміз салған үйді есік-терезесін шегелеп, иесіз қалдыруға кимайды. Ал біз болсақ, өз қызығымызға өзіміз мәзбіз... Неше түрлі ауыр ойлар жүрекке терен бойлап, мені тұнғыққа тартып бара жатқандай.

– Шайынды ішсейші, сұып қалды ғой. Автобусыннан да қалып қоярсың?!

Апам мені асықтыра бастады.

Автобус аялдамасы біздін үйден әжептәуір жер. Келсем халық жаңа ғана жапырладап, отырып жатыр екен.

Үй жакқа көз тастадым. Апам әлі есік алдында тұр...

ҚҰЫРДАҚ

Жайшылықта бір-бірімізді көрмесек сағынып тұратын көрші ауылдағы Алтай бөлемнің үйіне алты ай жаз ат басын бұрған жоқ едім, “хабарласпағанына қарағанда, дәу де болса ренжіп жатыр” деп, кемпірім екеуміз тартып кеттік. Қосқөл мен Қарасиырдың арасы алыс емес, камшы салдыруды білмейтін қаракөк бие жарты-ақ сағатта алып келді. Алып келгенін қайтейін, шеткі қыска көшени кесіп өтіп, бөлемнің үйіне бұра бергенім сол еді, осқырынып жалт бермесі бар ма. Тұлыпқа оранып аңқау отырған кемпірім сол жерде домалап қала берді. “Тыр! Тыр-ға” басып жанұшырып жатырмын. Жайшылықта дауысым шықса, құлағын қайшылай қоятын жануардың тыңдайтын түрі жоқ, сынар езулей тартқан божыны сәл босатсам, ала қашайын деп тұр. Әйттеуір, көрші үйдің қорасына тіреп тоқтаттым-ау. Бием дір-дір етеді, көзі ұясынан шығып кеттін сияқты. “Соншама неден шошыдын, тыр,тыр”.

Сірә, есік алдында жүрген болуы керек, қалбалактап бөлем жүтіріп келеді.

— Байқа, байқа, мынау бірденеден үркіп, бас бермей тұ! Ана тәтендеңді көтер!

— Ассалаумағалейкум, тәтем үйге кірді, биені ыстығы басылғанша осы араға байлай тұрайық.

— Соншама неден шошыды екен, өзің біл, байласан, байла?!

— Келмейсін, туысынды іздемейсін, бие де жолды ұмытқан ғой.

Осылай жасы менен көп кіші болса да, орынды орынсыз қылжақтай беретін, тілінің тұзы бар бөлем өзімді қағыта бастағаны сол еді, анадайда жығылған малға ұялы қасқырдай жабылып жатқан жігіттерге көзім түсті. Е, бәсе, жануар, канның ісін сезіп, шошып тұр екен ғой..."

— Үйдің дәл алдына майды кім жығады, одан да көшеге шығарып сойсан етті?!

— Биыл қар керемет, кораның “аузы-мұрнын” бітеп тастанды, мен көмектесетін кісі іздең кетсем, балалар жығып тастанты. Жұр, жұр үйге кір!

Денесіне қарағанда, жас мал болуы керек, жігіттер тेңізін жана ғана сыптырып жатыр екен. Қазақ алдымен қазысын көреді ғой, бұлар да бірінен соң бірі саусакты сұнгітіп, жымын-жымын етеді.

— Алтеке, өзіңіз көрінізші?!

— Мен несіне көремін, жануар тура үш ай тұрды ғой, ак сұлыйдан айырғам жок.

— Е, бәсе, кемінде үш елі қазысы бар!

— Үш елің не, кемінде төртеу?!

— Болса болар, енді не тұрыс, құйындар!

— Мерген, әлгі шыныларың қайда еді, әкелсейші бері.

Күй.

Бөлемнің осылай деуі мұн екен, үлкен баласы ыдыс-аяғын сылдырлатып жетіп келді.

— Қайырлы болсын!

— Игілікке жегіzsіn!

— Қызыққа, өздеріне бұйырсын!

— Рахмет, рахмет, ал, алып жіберіндер!

Анадай жерде бір шынының домалап жатқанына қарғанда, біздің ауылдағы дәстүр мұнда да бар. Біздің ауылда қашан, қалай пайда болғанын білмеймін, малды бауыздағаннан кейін бір алады, қазысын көргенде тағы кетереді, бұл өзі кәдімгідей сінісіп қалған дәстүр, елі болса да, бүйірғаны деп тарта береді. Терісін сыпырыу тағы бар... Эйтеуір, қасапшылар үйге шекелері қызырып кіреді. “Байқасандаршы, осы қайдан шықкан нәрсе?” деп басу айтсан, кейбіреулер сақылдаған сары аязда мал сою оңай дейсін бе, жігіттердің еңбегі адал, ішсін” деп өзеуреп шыға келеді. Байқап тұрмын, мұнда да ет үйге кіргенше, біраз бөтелкенің босайтын түрі бар.

... Кешікпей буы бүркүрап қуырдақ келді. Төргі бөлмеде төрт дастарқан жайылды, келін-кеңішік – ауыз үйде. Ертеректе соғым сойғанда қуырдаққа қасапшылар, көрші-қолан, оның өзінде бәрі бірдей емес, шақырылатын. Бөлем болса жарты ауылды жинаған сиякты.

— Тым көп емес пе, — дедім ақырынғана.

— Біздің ауылда барлық үйде осылай, қуырдақпен құтыламыз.

— Қуырдақпен құтылғаны қалай, омыртқа бермейсіндер ме?!

— Омыртқа қалғалы қашан, кейбіреулердің соғым сойғаның да естімейсін. Қазір құнкөрістің өзі қыындалп кетті ғой. Жылқының бағасы күйіп тұр, осы ауылда тайдың өзі жүз мың тенгенің үстіне шығып кетті...

Бөлем самбырлап сөйлеп отыр, жұрт бас шұлғып қояды.

— Заман қынғ ғой!

— Жұмыс жоқ!

— Мал ұстап құнінді көрейін десен, ұры-қарылар шыдатпайды. Өрістегі былай тұрсын, қорадан әкетіп жатыр.

— Иә, омыртқаны ұмытқамыз...

Осы сөздерден кейін табаққа қолымды созарымды-созбасымды білмей отырып қалдым. Жүрттың менде

жұмысы жоқ, қасықтарын сумандатып, жұмсақ піскен куырдақты қылғытып жатыр. “Әй, казағым-ай, куырдақ деген аты болмаса, кішігірім той сияқты, “Алып қояйық!” деген сөздер ауық-ауық ауыз үйден де естіліп қалады.

Жұрттың менде жұмысы жоқ, өз ойыммен өзім отырмын. “Омыртқа қалған” дейді, “ұмыттық” дейді. Соның бәрін тұрмыстың ауыртпалығымен түсіндірмек болады. “Бұлардың да сөздерінің жаны бар шығар-ау, екі адамға бір табақ ет асатын қазақ заманын тазы болып шалуға көшкен ғой. Есі кіріп, етегін жия бастаған екен, енді байитын шығар?..” Көзім әр жерде мойны сорайып-сорайып тұрған бөтелкелерге түсіп кетті. Неше түрлісі бар, “Қызылжар”, “Хаома”... “Құдаға конъяктан құй” дейді. Конъягі “Батыр”, шынысына, жылтараған қағазына қарап, қымбат екенін сезіп отырмын.

— Бөле, алсайшы, — дейді Алтай бүйірімнен тұртіп.

— Алып отырмын, алып отырмын.

— Айтпакшы, бұғін бөлеміз келіп қалды. Алтайдың ішіне біраз нәрсе түсken болуы керек, екі беті қызара бастапты. — Әдейі шакырсан бұлай келмес, куанып отырмын. Ағайын араласпаса жат болып кетеді, бөлеме сөз берейін.

— Көлдененцнен келіп килікті демендер. Соғымын әрдайым осындағы семіз болсын, иглікке жегізсін. — Осылай дұрыс бастасам да, “омыртқа қалғалы қашан” деген сөздері есіме түсіп кетіп, желдей есіп жөнелейін. — Ағайындар-ау, бәрімізде шашылмайтын жерде шашылып, ашылмайтын жерде ашылып жүрген қазақтыз ғой. Омыртқаны ұмыттатындағы бізге не көрінді, ата-бабамыздын дәстүрі емес пе еді?! Куырдақ деп ауызды қу шөппен сұрткендерің жарамайды. Омыртқа дегенге табақ-табақ ет деп қарамандар, омыртқа – қазактың көнілі, ағайын арасын қосып тұрған дәнекер. Осындағы касиетті дүниеден безінуге бола ма екен, менің бір түрлі жылағым келіп отыр...

Дастарқан басындағылардың бәрі “мынаның есі дұрыс па, мас емес пе?” дегендегі маған қарап қалыпты. Менен мұндай қылықты күтпесе керек, бөлемде үн жок.

— Эйтеуір, бастадым ғой, айтатынымды айтып кетейін. Заман, заман, дейсіндер, осы заманды түзейтін кім, осы отырған өзіміз емес пе? Байқап отырмын манадан бері бір сирак еттің құнындай арақ ішілді. Омыртқаның не жазығы бар, одан да аракты азайтпайсындар ма?

Жұртта үн жок. Байқамаппыш, бөлем шығып кетіпті. Енді түсіндім. Ауыз үйде әйелдермен отырған кемпіріме барып “Анау бәрін бұлдіріп жатыр” деген ғой, Бәтіштің басы көрінді.

— Эй, Беркімбай, дастарқанның берекесін алмай, тыш отыр, жұртта нен бар?!

Осымен әңгіме тәмам болды. Жиналғандар менің сөзімнен кейін ойға берілді ме, әлде қуырдақты ақаңмен “бастырып” алғаннан кейін маужырай бастады ма, әйтеуір, шай үстінде шәшке-аяқтың сылдырығана естіліп тұрды. Жайшылықта “Мынау, Тимириязда Шәймен деген атамыз болған” деп емеурін білдіріп, үй иесіне тағы бір екі бөтелкені “құрбандыққа шалдыратындардың да” аузына құм құйылды. Томаға тұйық, “Түү, үйдің іші қайнап кетті ғой” деп кейбіреулер үйлеріне кетуге асыға бастады.

Мен де енді көп бөгелмей, қантарулы тұрған қаракөк биені шалдырмaston үйге тартып кеттім. Қысты құндері екі ауылдың арасына техника аса қатынай қоймайды, жол бұзылмапты, қаракөк үйге өзі апарады, божыны бос ұстап отырмын. Кемпірімде үн жок. “Дәуде болса ойланып отыр. Қазір шабуылды бастайды. Өзім де артықтау кеттім білемін, соларға ақыл айтып нем бар еді? Бөлем де, келін де ренжіп қалды білемін, мана өзіміз кәмпитет сәмпите аузы-мұрынын толтырып әкелген дорбамыз аяқтың астында бос жатыр...”.

— Жолды қарап отырсын ба? — деді бір кезде кемпірім дауыс беріп.

— “Койқырғанға” келіп қалдық қой, тоңған жоқсын ба?

— Атам жарыктық, қысты құндері жолға шыққанда тұлышын тастамаушы еді, кайдан тоңасын?!?

Кемпірімнің дауысы жұмсак, түк болмағандай. Әнгімені өзім бастадым.

— Әлгілердің ”омыртқаны ұмыттық“ дегендері несідей?!

— Қайтесің, жалғыз олар емес, барлық жерде солай. Біздің ауылда да омыртқаға кім кімді шақырып жатыр? Бәрі соғым сояды, ал омыртқа беретіндерді саусақпен санауға болады, өзіміз сиякты төрт-бес үй ғана...

— Мен де соны айтып отырған жокпын ба? Омыртка бермеу деген ағайыншылықтан, туыстықтан қалу деген сөз ғой. Әйтпесе, осы күні аш жүрген ешкім жоқ, мал да бар, ақша да бар. Осыны өтірік деші. Қора-қора мал ұста, дүкен аш, халықта не керектің бәрін жаса, кім кімнің колын қағып отыр? Бұрынғыдай ауылдың іргесіне дейін егін салып жатқан ешкім жоқ, әйтеуір, “жоқ, жоқ” деуге үйреніп алғамыз. Омыртка деген немене тәйірі, бір табақ ет емес пе? Одан да ана арақтың көзін құртсайшы. Әй, осылар ертең біз кеткеннен кейін не болар еken?!

— Не болушы еді, бастары қосылмай быт-шыт болып журеді. Қазірдің өзінде көрші көршіге, ағайын ағайынға бейсаудың кірмейді. Анада Дәуреннен үлкен үйдің келініне “бүйрек” беріп жіберсем, “етіміз бар” деп алмапты.

— Ол “бүйректің” не екенін қайдан білсін, бала кезімізде соғым сойған күні ағайын-туғанға “бүйрек” тарататынбыз. Сол кезде ешкім дәл бүгінгіден жаксы түрған жоқ, бірақ, қуырдақ та жейтін, “бүйрек” те беретін, “омыртқаға” да шакыратын.

— Бәрі көнілге, ниетке байланысты ғой, әйтпесе, жетпей жатқан ештене жоқ.

— Мен де соған күйінің келемін, мана төрде отырған құданың алдында конъяк тұрды, “Батыр” дейді, басқа ат табылмағандай, анада қалаға барғанда көргем, сол “Батырыңың” бағасы он мың теңгенің ар жақ-бер жағында. Құда енді бір жылға дейін ұмытпайды. “Күйрдақта қуданың үйінен “Батыр” іштім” деп барған жерінде айтып жүреді. Омыртқаға шакырылмағаны ол үшін түк емес, бәрін әлгі мойыны сорайғандар женіп тұр. Осы біз не болар екенбіз?!

Кемпірімде үн жок. Ауылдың да қарасы көрінді.

— Шуу, жануар!..

«БҮКІР» ШАЛ

Шай үстінде әкем маған қарап: “Сен ешқайда ұзап кетпе, Жекекөлге барамыз” дед. Жекекөлмен біздің ауылдың арасы он бес шақырымдай, бүгін онда той болуға тиіс, Алматыда тұратын, жакындағана алпысқа толған бір жазушы туыстарына келіп жатыр деп естігем. Осы өнірдегі шағын ауылдардың қуанышы ежелден ортақ, бірінің қызығынан бірі қалмайды. Өткен жылы біздің ауыл ірге көтергеніне жетпіс жыл толуын атап өткенде де бәрі қаптап кеткен. Эдette, мұндай тойларда ат жарысы ұйымдастырылады, балуандар белдеседі. Киіз үйлер тігіліп, қазан көтеріледі. Әйттеір, осындайда ауылдың бойына бір “қан жүгіріп” қалады.

Әкем “Жекекөлге барамыз” дегенде елең ете түссем де, сыр бермей:

— Онда не бар?— деп түк білмейтін сыңай таныттым.

— Той болатын көрінеді, Алматыдан Шәкен келіпті.

Әңгімеге шешем араласты.

— Сол тойдың не керегі бар, өдан да бір арба болса да отын әкелмейсіндер ме? Ертен жаз өте шығады.

– Отын қайда қашар дейсің, той күнде болып жатқан жоқ қой, қызық көргін келсе өзін де жүр.

Әкем көп сәйлемейтін адам, айтты – бітті. Эбден сыр мінез болып алған шешем одан әрі сөз жарыстырған жок.

Тойға, әрине, торы билемен барамыз. Экемнің одан басқа көлігі жок. Жануар жүрдек-ак, Жекекөлге әдеген-шеше-ак алып барады. Экемнің шөп тасуға лайықтап жасаған жайма арбасының артына жайғастым. Апам жұмсақ болсын деген ғой, үйдегі бар төсенішті салыпты, аякты созып жіберіп, шалқып жатырмын. Экем “Шұу, жануар!” деп божыны қағып қалуы мұн екен, торы бие ала жөнелді. Осылай біраз жерге дейін ауыздықпен алысады ла, бірте-бірте бүлкекке көшеді. Кейде маған торы бие ақылды болып көрінеді. Олай дейтінім, отын, шөпке барғанда жұп-жуас бола қалады.

Аспанда қалықтап жүрген ақша бұлттарға қарап жатып, қалғып кетіппін. Бір кезде көзімді ашып, жан-жатыма қарасам, Қыздар қыстауын как жаратын қылтадан өтіп бара жатыр екенбіз. Бұл Жекекөлдің жарты жолы артта қалды деген сөз. Экем сол, манағы үйден шыққандағы қалпы, қаздып отыр. Қаздып деймін-ау, жауырны шодырайып шығып кетіпті. Желке терісі тілім-тілім. “Қайтсін, күн ұзак тізе бүкпейді, жанына тыныштық жок”. Аяп кеттім. Биыл, аманшылық болса, елуте толады. Бірақ түріне қарасан алпысты әлдеқашан артқа тастаған шал сияқты. Содан ба екен, ауылдағылар әкемді сыртынан шал дейді. Жайғана шал деп қойса, бір сәрі-ғой, бүкір шал деп зығырданымды қайнатады. Экем де еститін шығар, бірақ сыр бермейді, естісе де естімеген болып жүре береді. Қыздардан шыға бере әкем аттын басын солға бұрды. Бұл оның қыстауға соғам дегені. Келесі ұзыннан созылып жатқан қайың-терегі аралас ағаштың баурайы біздің аталарымыздың қыскы мекені болған жер. Жеті үйдін орыны әлі бар. Осы жаққа жол түскенде әкем қыстауға сокпай кетпейді. “Той басталып кетеді, бүгін сокпай, тұра

тарта берсек те жарайтын еді ғой”. Бірак, ұндеңген жок-пын. Әкем қыстауға жетер-жетпесте божыны арбаның жақтауына іле салып, көк шалғынға отыра кетті.

— Арбадан түсіп, белінді жаз, аяғын ұйып қалған шығар, — дейді.

Үп еткен жел жок. Төнірек маужырап түр. Қыстаудын баурайы жап-жасыл, ескі көнгө қаулап өскен шөп белуардан келеді.

Неге екенін білмеймін, әкем асығар емес, жантайып жатыр. Сәлден сон: “Саған айтып па едім, анау шеткі “үйде” сенін ұлы атаң мен ұлы әжен тұрған, — деді. — Малының санына жете алмаған мыңғырған бай болыпты өздері”. Ұұл — әкемнің бұған дейін де талай айтқан әнгімесі. Бұрын жасырақ кезімде “Сол байлық қайда?” деп сөз жарыстырып, әкемнің жауаптан тосылғанына мәз болушы едім. Қазір ұндеңген жоқпын. “Бай болса болған шығар, қажай беріп қайтемін. Өзінің айтуына қарағанда, бала кезінде ”байдың бөлтірігі“ атанаң, біраз қорлық көргенге үқсайды. ”Жасымда зерек болдым, бірак, қайда барсам да жабық есікке тап болып, оқи алмадым “ деп отыратын.

— Жүрейік, — деді әкем сәлден сон.

Торы бие манағыдай емес, жортакқа көшкен. Мал да болса, баар жердің алыс екенін сезгендей.

— Той болған сон, ат жарыс ұйымдастыратын шығар? деді әкем мені сөзге тартып.

— Ұұл манайда қайбір дұрыс ат бар, бәйге деген аты-ғой.

— Неге болмасын, осы өнірден шыққан Сәбит Мұқанов деген атақты жазушы болған. Сол кісінің 60 жылдығында біздін ауылда бригадир мініп жүрген шабдар ат бірінші келді емес пе? Оның үстіне қазір жүлдеге мәшина тігу дәстүрге айналды ғой. Аттары барлар жердің шалғайлығына қарамайды, машинаға салып алып, жетіп келеді.

Қазір не көп, той көп. Халықтын да тұрмысы жақсарды ғой. Ана кезде бәрі бір келкі жұптыны ғана тұрущы еді,

казір кейбіреулер бұрынғы бір кеншардың дүниесіне ие болып отырған жок па. Оларды бай емес деп кім айтар? Ішірақ, олар өздерін баймыз демейді, “кәсіпкерміз” деп күсде кереді. Үкімет те байсын деп көзіне шұқып жатқан жок, қайта соларға қызмет етіп әлек. Бірде салығын азайтса, бірде женілдетілген несие береді... Эйтеуір, байыған үстіне байи тұс деген ниетінен танбай келеді.

— Дұрыс қой, бізге нарық заманында бәрі осылай болуға тиіс деп үйретіп жатыр.

— Дұрыс болса, дұрыс шығар, бірақ соны түсінуге жетпіс жыл кеткенін айтамын да. Осылай біреулері нарық деген жарықтықты түсініп жатса, қалғандары көктен майшелпек жауатындар, әлі қарап отыр. Ана Мырзагалилар не ойлайды десейші, қорасында соқыр тауығы да жок, жұмсаса жұмыска бармайды, өзінше арланады, “Мен жалшы емеспін” дейді. Оларға салса, тарап кеткен кеншарларды қайта құру керек.

— Сонда қалай күн көріп отыр?

— Баяғы балаларға төлейтін бес-он тыын, соған шайкант алады.

— Осы ақша жок, жок дейді, бірақ ауылдағылардың аузы арактан құрғамайды ғой.

— Айтпа, арак деген бір бәле болып жабысты. Қазір бәрі жарысып іshedі, келіні атасымен стакан соғыстыруға ұялмайды. “Той ғой, той ғой” деп орнынан тұра алмай қалған кемпір-шалдарды да көріп жүрміз. Бұл бәлеге жолай көрме, аузына бір алсан құтылу онай көрінбейді ғой.

— Жоға, біздін үйде арак ішетін адам жок, маған не көрініпти.

— Темекі деген де бір жаман нәрсе. Қазір әлгі телевизордан күнде көрсетеді, есірткі деген бір бәле шығыпты ғой, темекі шегетін адам бірте-бірте соған қалай көшіп кеткенін анғармай қалады дейді ғой.

Әкемнің айтуы рас, үйде отырса да бәрін біледі, ауылдағы газетті етігінің қонышына қыстырып жүретіндердің бірі осы кісі, “Жұлдызды” да ес білгеннен бері оқып келемін деп отырады. Қазір, әсіреле, қаладағы жастар есірткіні ойыншыққа айналдырып алды. Он-он бір жасар бокмұрындар, соларға не жок десеңші, кәдімгі шыбын өлтіретін дихлофосты іскеп есінен айырылса, өзіміз сияқты студенттер насыбай атады. Қайтсін, қалада жүрген сон аландауды ғой. Бәрін сыртқа шығара бермейді, жай жұқалап айтып отырғаны-ғой.

— Эке, әлгі Сәбит деген жазушын қып-қызыл коммунист болыпты ғой.

— Қазір неше түрліні жазып жатыр ғой, кімнің ақ, кімнің қара екенін айырудың өзі киын, заман солай болды ғой. Жастайынан жетім қалып, әркімнің есігін паналяған тақыр кедей не көрді дейсін? Кенес өкімет оқытты, қызмет берді. Содан кейін Сәбит солардың сөзін сөйлемегендегі кімнің сөзін сөйлейді.

Әдетте, саясат десе, ат тонын ала қашатын әкем бұл жолы да онша терендерген жок, әңгімені басқа жаққа бұрып әкетті.

— Айтпақшы, Сәбеннің тойында түйе палуанға тігілген жүлде де біздің ауылға бұйырған. Анау, Есім шал сол жолы карсыластарының бәріне тізе бүктіріп, ауылдың атын бір көтеріп тастаған. Бұғін мен де белдесіп көрсем бе деп келемін.

Күліп жібердім.

— Рас айтасың ба, бала-шағамен күресейін деп пе едің?

— Мұндай да тең-тенімен, тезек қабымен дегендей, жасқа қарамай шыға береді-ғой, өзім тетелес біреу кездесіп қалса дегенім-ғой.

— Жұрт күліп жүрмесе?..

“Шыны ма, ойыны ма? Неде болса бара көрерміз” деп үндемедім.

Ауылдағы тойдың сценарийі белгілі, кем дегенде екінші киіз үй тігіледі. Бұл жолы олардың қарасы көп көрінді. Үшінші-жыныс халық. Кәдігімгі трактордың тіркемесін жақтауларын жайып тастап, сахнаға айналдырған бір топ жас ән төгілтіп жатыр. Мен солай қарай беттедім. Экем: “Сен бара бер, мен қазір келемін”, – деп ат-арбасын айналышқтап қалып қойды.

Әншілерге таяла бергенім сол еді, біреу иығымнан қағып қалды. Жалт карасам, қалада өзіммен колледже бірге окитын Алмас. Үржиып тұр, құшактаса кеттік.

– Сен қайдан жүрсің?

– Ауылда жата-жата ішім пысып кетті. Ана Қаракамыста тұратын Бейсен де осында жұр, сол болмай алып келді.

– Таныстардан басқа ешкімді кездестірген жоксың ба?

– Наурызбайды қөрдім, өзі күнге күйіп, қап-қара болып кетіпті. Шөп шауып жүрмін дейді.

– Иә, оның шешесі мен інісінен басқа сенетін ешкімі жоқ қой. Қазір бір тіркеме шөп 6-7 мың теңге, оны оларға кім береді? Өзің немен айналысып жатырсын?

– Мен де екі күндей әкеме еріп, шөпке барған болдым. Бұрын әжептәуір сілтеуші едім, қазір кішкене киылдасам болды, жүрегім аузыма тығылып, көзім қарауытады. Экемде тоқтау жок, күп жетеді де: “Мына жолды мен апара берейін, сен асықпа” деп құлашты кен сілтеп кете барады. Элгіндей болмай тағы күп жетеді. Айтатыны сол, баяғы “асықпа”, сөйтіп менен шалғышы шықпайтынын түсіндім, қазір үйдемін, тұске дейін үйықтаймын, кешке балалармен доп ойнаймыз.

– Мен де сол, үйдемін. Демалыс тезірек бітсе еken деп жүрмін. Ауылда қызық қалмапты. Откен күзден бері біраз үй көшіп кетіпті. Бұрын жастар кешке көшеге сыймай кетуші едік, қазір тіпті жан жок.

– Біздін ауылда да сол, бәрі кетіп жатыр, енді бір-екі жылда кәрі-құртандар ғана қалатын шығар.

— Барлық жерде солай болып тұр ғой, көшпегенде кайтсін, жұмыс жок, клуб, дәрігерлік пункт дегендердің орны ғана қалған. Мектептің өзі биыл болмаса, ендігі жылы жабылатын шығар.

Осылай әр нәрсенін басын бір шалып тұрғанымызда “Жүріндер, жүріндер, ана жақта күрес болайын деп жатыр”, – деген дауыс шықты.

Кек майсаға тәселген кілемнің маңына біраз адам жиналып қалыпты. Алдымен балалар белдесті. Сосын төреші ортаға үлкендерді шақыра бастады. Ауылда салмаққа, жасқа қарау деген жок, жүргегінің түгі барлар шыға береді, жыбылсан жер қөтереді.

— Кәне, кім бар, шығыныздар?! Төреші осы сөздерді

кайта-қайта айтқанмен топ ішіндегілер қозғала қоймады.

— Жігіттер сендер неге күреспейсіндер, ұят емес пе,

кыздар күлетін болды-ғой.

Топ ішінен әкемді іздей бастадым. Кілемнің шетін баса орнығыпты. Отырысына қарағанда, күресетін ойы жок. Жай мені сөйлету үшін айта салған ғой, қара күші мол болғанмен күреске қатысты дегенді бұрын-сонды естіген емеспін.

— Кәне, кім күреседі?

— Біз күресеміз, — деп екі жігіт ортаға шықты. Жас шамаларына қарағанда, отызың ар жақ-бер жағындағы жігіттер. Төреші белгі беруі мүн екен, екеуі шартпа-шұрт ұстаса кетті. Көзді ашып жұмғанша ұмар-жұмар домалап та алды. Э дегенде шалт кимылдағанмен, темекі тартады білем, екеуі де тез болдырып қалды. Содан бірін-бірі ала алмай, тіресіп жүріп алды.

Қалай дегенмен де, осыдан кейін күресемін деушілер көбейді, қызды-қыздымен үлкендер жағы да бой көрсете бастады. Ойын ережесі қарапайым, женілген адам шығады. Қоскөлден келген Мерген деген жігіт өзі тетелес үш жігітті қапы қалдырып еді, ынтымақтық болуы керек, кеспелтек қара оны аш белінен құшақтап алып, шыр ай-

наалдырды да, кілемінің дәл ортасына алып ұрды. Мұның жасы дәуде болса, қырықтан аскан. Онымен құресуге ешкімнің жүргегі дауаламай, төреши тағы да біраз уақыт “жұмыссыз” қалды.

— Сонымен женісті Айдосқа береміз бе? Әлде біреуін ортаға шығасындар ма? Үшке дейін санаймын. Бір... Екі...

— Асықпа, мұнда мен бармын!

Селк ете түстім. Экемнің дауысы. Манадан байкамап-пын, әкем үстіндегі қалың киімдерін шешіп тастапты.

— Бұл кім өзі?

— Өй, мынау Ортаккөлде тұратын Берік қой, бұған не жоқ десейші?!

— Ауылындағылар бұкір шал дейді, жасы да біразға келіп қалған, шайтан тұртейін деген ғой.

— Шықсын, шықсын, жіберіндер, көрейік әуселесін.

— Өзі бірдене жұтып алғаннан сау ма?

Маңайым у-шу, жердің тесігі болса, кіріп кетер едім, эттен... Экеме бірдеме деуге дауысым да шығар емес.

Бір қарағанымда әкем кілемнің ортасында шіреніп тұрған кесспелтекке таялып қалыпты. Білектері айқаса кетті. Одан әрі қарауға дәтім шыдар емес, әйтеуір, сарт-сұрт.

— Жамбасқа ал!

— Іштен шал!

— Көтеріп алып, бір-ақ сок!

Жұрттың айғайы үдеп барады. “Қап! Масқара болдық-ау, мына жұрттың бетіне қалай қараймын...” Осылай есенгіреп тұрғанымда жұрт шу ете түсті.

— Жарайсың, жарайсың, босатпа!

Кілемге қарауға шама жок.

— Ой, мынауың жай адам болмады ғой, өзінен әлдекайда жас жігітті атып ұрды.

— Бұкір шал деп едіндер, жиырма бестегі жігіттей кимылдайды ғой.

— Жарайсын!

Бір карасам әкем қарсыласының қеудесіне конып алыпты. Содан босатқан жок.

Төреші әкемнің қолын көтерді. Міне, қызық, әкем “тағы қайсысын шығасын” дегендей, ортада түр. “Енді ешкім шықпаса екен” деп тілеймін. Мен тілегенмен басқалар коя ма, тағы біреуі шешіне бастады. “Шықсан шық”. Манағыдай емес, бойым үйреніп, кілемге жақындаі түстім. Екі көзім әкемде. Әкем өзіне жақындаі берген қарсыласын білектен жұлки тартып бір теңсeltіp алды да, басынан асыра лақтырып жіберді. Жігіттің басы айналып кетті ғой деймін, топ ете түскен орнынан қозғалмай әжептәуір жатып қалды, сосын сүйретіле көтеріліп, кілемнен шеттей берді.

Жұрт тағы да айғайға басты.

— Мынауын қайтеді-ей?!

— Бүкірейіп алып өзі бір бәле-ғой, жап-жас жігітті шыбын құрлы қөрген жок.

— Айла-тәсілі мол екен, не де болса, ерледі!

Төреші тағы да әкемнің қолын көтеріп: “Күресетіндер бар ма?” деп сұрады. Жұртта үн жок, біразының беті қайтып қалған сияқты.

— Ермек, женіс Беріктікі, жұлделерін қайда, әкел өзім тапсырайын.

— Мына кісі, әлгі Алматыдан келген жазушының өзі-ғой, — деді Алмас құлағыма сыйырлад.

Той иесі бойшаң кісі екен, әкемді қайта-қайта құшақтап, үстіне барқыт шапан жапты. Бөрігі қандай әдемі! Өз әкемді өзім танымай қалдым.

— Күш атасын танымайды деген осы!

— Жарайсың, жігіт екен!

— Қайдағы жігіт, шал ғой. Бірақ намысты қолдан берген жок. Негізі кезінде қүрескен адам болуы керек?!

Жұрттың бәрінің әнгімесі менің әкем туралы. Манадан топтың арасында өз көздеріне өздері сенбей, антарылып

калған біздін ауылдың адамдары да төбе көрсетіп, дауыс шығара бастады.

– Бұл баяғыдан қайда жүрген? Бәріміз бүкір шал деп келемеждеуші едік, кілемге шыққанда танымай қалдық-кой.

– Байдың баласы емес пе, осы қунғе дейін бойындағы өнерін көрсетпей келуін карашы, не деген шыдамды адам десенші. Мұның ішінде әлі талай ит өліп жатқан шығар?..

Әкемнің құрдасы Мұхтар осылай іліп-шалып сөйлемесе, ішken асы бойына сіңбейтін нағыз қүшекенің өзі. Бізben көрші тұратын Асан ағай да осында екен. Ол Мұхтарды тойтарып таставы.

– Эй, жігіттер, бұра сөйлеген құлуге жақсы, бірақ дәл казір Берік бүкіл ауылдың абыройын бір көтеріп тастанда тіл мен жаққа сүйене бермей, қолын қысайық та. Бұл бәріміздің женісіміз. Ертең осы жай әнгіме болғанда Беріктің атына ауылдың аты қоса айттылады, жұрт “Ортақкөлдің жігіті” деп тандай қағысады.

Менде тіл жок, жұртқа жаутандап карай беремін. Элгі көргендерімнің бәрі түс сияқты. Әкеме жақындағын десем, қаумалаған халық жіберер емес. Куаныштан есі шығып кетсе керек, мені ізделеп жатқан ол жок.

Сәлден сон үлкендер жағы киіз үйлерге беттеді. Элгі Алматыдан келген жазушы әкемді қолтықтап алышты. Ендігі жай белгілі: ет желінеді, қымыз ішіледі...

Күннің көзі манағыдай емес, шекені қыздыра бастады. Алмас екеуміз көленкे іздейген көпке ілесіп, қазан-ошақ басынан таныстарымызды іздей бастадық. Біздің ауыл үй тікпегенмен, шатыр көтеріпті. Той мен баталарда үйден үйге көшіп жүретін сыртының күйесі бес елі тай қазан да осында келіп қалыпты. Қасында мұрнының үсті шығышып терлеп Тоқсұлу женгем жүр. Өзі бір көнілі көлдей, колы ашық жан, бізді көре сала “бері келіндер, етті қазір түсіреміз” деп шакыра бастады.

Етке, сорпаға әбден тойып алғаннан кейін қоленкеде көз іліп алған да артық болмас еді, бірақ әкем “ертерек үйге жетіп алайық” деп атын қамдай бастады. Сөйтіп, шайдың сонын құтпей, аттанып кеттік.

Торы бие қайда барсак та, ауылға қайтарда қамшы салдырмайды, божыны бос ұстап жата бер, адастырмайды, тұра үйге алып келеді.

Әкем өзінің үйреншікті орынында отыр. Мен кисайып жатайын деп едім, арбаның аты арба ғой, тоңқылдақта солқ-солқ етіп, майлы сорпаға батырып жеген бауырсақтар шегіме батқандай, тынши алмадым.

— Қыстауға соғайық, — деді әкем үнсіздікті бұзып.

— Мана бардық-қой...

Бұл менің сокпай, тұра тарта берейік дегенім. Әкем уәж қайтарған жоқ. “Мейлі, соқса соға берсін, алыс жер емес, жол үсті”.

Қыстауға да жеттік. Әкем торы биені ағытып, ауыздығын алды да қоя берді. Жануар өте жуас, қай жерге қойсан, сол жерде тұра береді ғой.

Әкем өзі “ұлкен үй” деп жүретін ескі орынның алдына барып тізе бұқті де, маған да отыр деді.

— Мана осы кісілердің аруақтарына іштей сыйынып, күш-куат сұрап едім. Құдай жолымызды ондады, аруақтар колдады. Ертеден келе жатқан “Баласы бәйгеге шапқанда, үйде ата-анасты тақымын қысып отырады” деген сөз бар, бабалар да бір аунап түскен шығар, сокпай кетсек обал болар еді...

Әкем сөйлеп отыр. Жанары ойлы, жүзінде шуак ойнайтын сиякты ма қалай?

— Біздің аталарымыз мал жинаумен ғана күнін өткізген адамдар емес, көзі ашық, көкірепі ояу, жан-дүниесі бай жандар болған...

Бұл әңгімені бұрын да талай естігем. Расында да әкемнің өз атасы заманында білімді адам болыпты. Қазанда, Астраханда оқып, Омбыда судьялық қызмет атқарған. Бірақ өмірден ерте озыпты.

— Эжем марқұм қазан төңкөрісі басымызды қаңбақша ломалатты ғой, — деп отыруши еді. — Жиған-тергеннің бәрі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті, — деп қүйінгендеге қөкірегі қарс айырылғандай болатын. Мен сол кісінің бауырында өстім ғой. Бір түнде бала-шасын улатып-шулатып күйеуін алғып кетеді. Артынан өздерін де жер тубіне жаяу айдалты. Қыс іші, коныл таяқ етік... Талайлар ит-құска жем болып, жолда қалыпты. “Қырық жыл соғыс болса да, ажалды өледі” деген емес пе, әйтеуір әжем елге аман-есен оралыпты. Оралғаны не керек, көшеге шығуға, біреуге тура қарауға корқатын. Ба-ла кезім, бірде даладан жүгіріп келіп: “Әже, біздің үйге бастықтар келе жатыр” демеймін бе, “кулыным-ай!” деп еңірей жөнелген әжемнің көз алдымында талып қалмасы бар ма. Баксым, бір күні ошағын ойрандап кеткендер қайта айналып соғады-ау деп үйреленіп жүреді еken ғой. Осылай әжем өле-өлгенше корқып өтті.

Кейде онашада жастық шағыннан әнгіме айтшы, деп киылғанымда “Кайтесің қай-қайдыны еске салып, сол сұмдықтардың бәрі өзімен кетсін, Алла-тағала сендерді жылата көрмесін” — деп өткен күндер жайлыш жақашпайтын.

Әжем мен әскерде жүргенде қайтты. Топырақ та сала алмадым. Көрші қызға ара-тұра хат жаздыратын. Айтатыны: байқа, ештенеге араласпа, өзіңе ғана сен... Осы сияқты толып жатқан ескертулер, шектеулер. Әжем айтса айтқандай, қорғансыздың өмірі өмір емес еken. Әйтеуір, әскерде бай кедей деп бөліну жок. Бірақ, аяқ басқан сайын әлімжеттік жасау, кәдімгідей жасиды екенсін. Сөйтіп жүргенде Өзбекстаннан келген бір көріс жігітімен таныстым. Екеуміз керемет дос болып кеттік. Өзі еркін күрестің шебері еken, білгенін маған үйрете бастады. Басында киындау соққанмен, кейін шындан айналыстым. Әскерде де неше түрлі жарыстар болып тұрады. Екі жылда солардың біразына катыстым. Бірде женіліп, бірде женіп,

әйтеуір, біраз тәжірибе жинақтадым. Бірақ елге оралған-нан кейін соның бәрін ұмытуға тұра келді. Бірден ұжым-шардың жұмысына араласып кеттім. Қара жұмыс онай ма, кейде ұшып жығыласын.

Әкемнің жайы енді түсінікті болды. Қарулы екенін өзім де анғарушы едім. Отынға барғанда шырыны тамшылап тұрған жап-жас қайыңның жуан басын жалғыз өзі көтере беретін.

— Мана женіліп қаламын деп ойламадың ба?

— Іште булығып жатқан бір күш ойлауға шамамды келтірді ме? Оның үстіне кезінде “байдын баласы” деп көзтүрткі қылғандардың “бүкір шал” деп келемеж дегендері жаныма батты. Мені қойши, “бүкір шалдың баласы”, “бүкір шалдың немересі” деп үрпағымды да таңбалай бастады ғой. Сол сүйекке таңба болып жабысқан атты сылып тастамасам өкініші кетер ме еді? Енді біреуі “бүкір шал” деп айтып көрсін.

Иә, енді әкемді “бүкір шал” деуге ешкімнің аузы бара қоймас. Кеудемді қуаныштың толқындары толассыз тепкілейді. Тезірек үйге жетсек екен. Қөргені білгенімді үйішіндегілерге айтуга асығып келемін.

“АЛЛЕРГИЯ”

Айман тағы да “ауырып” қалды. Аяқ астынан. Бәріне кінәлі өзім. Кешкі шайдың үстінде әр нәрсенің басын бір шалып отырып: “Жұмысқа Зейни (қарындасты) келіп кетті, биыл университетке түскен баласы жатақханаға орналаса алмай, әр үйдің есігінен бір сығалап, қиналып жүр екен” – демесім бар ма? Айманда үн жок. Тағы не айтасың дегендей қадалып қалыпты.

— Біздің үйде тұрса қайтеді?

Ауызымды жауып үлгерінше болған жок, Айманым долырып шыға келді. Содан ыдыс-аяғын жинауға да

шамасы келген жок, төсегіне жетіп жығылды. Енді “әке-кеке” десенде екі-үш күнсіз тұрмайды. “Аллергиясы” бар екені есімнен тарс шығып кетіпті. Қап!..

“Аллергия” демекші, Айманның осы бір айықлас дертең шалдыққанына он шақты жыл болып қалды. Біреуді пәтерге тұрғызбак түгілі, үйге қонақ келсе, қабағы ашылмай құрысып-тырысып қалады. Оған енді кінәлі мен. Әйткені, біздін үйге ертелі-кеш, бірінің етегін бірі басып келіп жататындар – кілен менің туыстарым. Айман екеуміз қосылып, пәтер жалдауымыз мұн екен, ауыл жактан сабылғандар біздін үйге соқпай кетпейтін болды. Кейде қонақтың үстіне қонақ келіп жатады. Қазекен қонақүй деңгенді білмейді, салып ұрып жетіп келеді. Салып ұрып жетіп келеді. Осыдан кейін ауырмай гөр. Ақыры Айманға “аллергия” мықтап жабысты.

“Театр киімлігіштен басталады” демекші, Айман жұмыстан келе киімлігішті бір сүзіп өтеді. Бөтен киім көзіне шалынса болды, бірден күйс бөлмеге қойып кетеді. “Келген қонактан ұят-ау, не ойлайды, ауылға не деп барады?” Онда Айманның жұмысы жок. Мұрнымның ұшына дейін шып-шып терлеп, сорлайтын мен. Басында жас қой, жүре-жүре түзелер деп ойлағам. Қайдағы?! Үйге қонақ келсе, қызыл көрген күркетауық сияқты көзі шатынап, беті жыбырлап, астан-кестен болады.

Кей күндері жұмыстан екеуміз бірге қайтамыз. “Сынықтан басқанын бәрі жұғады” деген емес пе, мен де біреу-міреу келмесе екен деп тілейтін болым. Ағайын оған қарай ма, қалаға жолы түскендері міндетті түрде біздін үйге соғады. Сөйтіп сап-сая отырған адамды ауыртып кетеді.

Бірде табалдырықтан аттағанымыз сол еді, тәргі үйден біреудің қарқ-карқ құлген дауысы естілді. Бөтен адам. Айман тенселіп кеткендей қөрінді маған. Қап! Жанағана манты пісіремін, етін кеше турап койғамын деп келе жаткан. Енді манты түгілі, шай да жок. “Суға кеткен тал

кармайды” деген емес пе, талай рет бетім қайтса да, сүретіліп қуыс бөлмеге қірдім.

— Айман, ә, Айман?.. Шай ішеміз бе?

— Кім?

Дауысы қатал, төбеннен таспен ұрғандай.

— Жиен болуы керек, — деймін дауысым шығаршықпас.

Осылай ыңғайына жығылмасам, іс тіпті насырға шабуы мүмкін. Шынымды айтсам, төрде отырған бадырақ көзді өзім де жыға танымаймын. Бір көргенім анық. “Мүмкін жиен де шығар. Эйтеуір, бөтен адам емес. Үйді тауып келген соң, бөтен болмауы керек”. Кім екенін казбалап нем бар. Бірақ оны түсінетін Айман ба?!

— Қайдағы жиен?! Осы сенің неше жиенің бар? — деп қадала түседі.

Айтса айтқандай, жиендердің санынан өзім де жаңылып жүремін. “Он бір құрсақ көтерген анама менен басқа ереккі кіндік бұйырмаса, оған мен кінәлімін бе?” Бірақ қазір түсіндіре алмайсың. Оқыс шыққан бір сөз атылған оқпен тең, айтқанына қарай жығыла бермесен болмайды.

— Қайдағы жиен деймін?!

Айманым тепсінудің аз-ақ алдында тұр.

“Қайсысы болды екен? Басым айналып барады. Өз туысымды өзім танымай шәпкемді теріс кимесем жарайды ғой. Осы үйге жиендердің біразы келген. Сағиланың бес баласының төртеуі осында оқиды. Айман оларды көрген. Эсіреле, ана бір колледжде оқитын жүгірмегі алта сайын бір соғып, сап-сау отырған Айманды ауыртып кетеді. Құләннадан – алты бала. Айман оларды да біледі. Зейнидің төрт ұлы бар. Оларды да таниды. Сонда мынау отырған кім?” Сасайын дедім. Жайшылықта теріс қарап жатып қалатын Айман “Кім, кімнің” астына алып, тыншыр емес.

— Жиеншар болуы керек?!

— Қайдағы жиеншар?

– Жиеншар болғанда... Немере ағайындардың бірінің кызынан туған... Дәуде болса ана көрші ауылдағы Шәпішке бір катысы бар, танауы таңқылау екен. Көзі де әненіне ұсынан шығып кететін сияқты.

– Шай қояйын ба? – деймін асты-ұстіне түсіп.

Үн жок, екі көзімен жеп барады. Сырмінез жан емес пе, енді сөзді созудын реті жок, ас үйге беттедім.

Шай да қайнады. Барды дастарқанға қойып, ұлымға “маманды шакыр, шай ішейік” дедім. Баяғы сыр бермеу ғой менікі.

Өз көзіме өзім сенейін бе, сенбейін бе, Айманым дастарқанға келді.

Қонақ бала сәлем бермек болып ұмсынып еді, көз қызын да салған жок. “Мейлі, бәріне шыдау керек. Одан менің жиеншарым тағынан түсіп қалмас. Стол басына келгенінің өзі неге тұрады?!”

– Иә, бала-шаға аман ба, қызметтерің орынша ма?.. – Бадырақ көз әкетіп барады. Ішім қылл ете түсті, жақтырмай қалдым. “Келген екенсін, алдына қойған тамақтан алып, тып-тыныш отырмайсын ба? Мынау бірдене бұлдірейін деп отыр. Қап! Қатар отырсам, тізесін мытып жіберер едім...” Менің жайымды түсінер “жиеншар” жок.

– Осы қалада қалай тұратындарыңа таңым бар. Қайда барсан да қыж-қыж халық, тіпті басың айналады.

“Басың айналса, сені қалаға мен шақырып келдім бе?” Қабағымды шытқан болдым. Оны “жиеншар” аңғарар емес, шайды сораптап қойып, әңгімесін соғып отыр.

– Пәтерлерің де тым биікте екен.

“Ойбай мынау қайдағыны қайдан бықсытып отыр. Жұрт сияқты екінші, үшінші қабат та бізге бұйырмаған деп күнде құлағымның етін жейтін Айман іліп әкетпесе жарайды-ғой”

– Ештене етпейді, қайта денсаулыққа пайдалы, – деп жік-жапар болдым. “Мынаның жағы жабыла ма, жабылмай ма?”

— Эй, күйеу, сен де қайдағыны айтады екенсін. Өзі торғайдың ұсындыай тар...

“Жағын қарыссын, мына бәле қайдан келіп еді. Күйеуі несі, әлде әлгі елу грамның әсері ме? Жок, сап-сау. Е, бәссе, жаңа жыға танымал едім, дәуде болса, осы біздің ауылдықі емес. Сонда кім болды екен?”

Әліптің артын бағып, танымайтынымды сездірмеуге тырысып отырмын. “Мейлі күйеу болсам, күйеу-ак болайын”.

Айманға карасам, манағыдай емес, қабағы жазылайын депті. Мына бадырақ көздің айтуына қарағанда, қанша дегенмен өз туысы ғой. “Бірак бұл кім болды екен?” Соны білгім келіп, тағатым таусылып отыр. Айман тіпті жадырай бастады. “Шай сұып барады, жылтыып әкелейін” деп ас үйге беттеген Айманға ере мен де турегелдім.

— Бұл кім? — деймін ақырын.

— Жиеншар ғой, — деді. Айман жымыып.

Мен сөз таппай қалшиып тұрып қалдым. “Болса болсын, тек Айманым ауырмасыншы...”

ДАУАСЫЗ ДЕРТ

Облыс орталығында көшелердің тазалығына жауап беретін шағын бір мекеме бар. Мен соның бастығымын. Күнде таңертең сары зелетке кигендерді сапқа тұрғызамын да: “Сен – анда, сен – мында марш!” деп шығарып саламын. Содан ертеңге дейін оларды көру жок. Бір рахат жұмыс! Қарамағымдағылар айтқанымды екі етпейді. Әйткені, олар көңілімнен шықпаса, сыпырғышын сыптырып алғып тентіретіп жіберетінімді біледі.

Рас, айлығым аздау. Бірак жұмысым тыныш, ешкім мені іздемейді. Сары зелеткелер қыста қарын, жазда шанын бұрқыратып сыптырып жатыр. Оларды жұртта біледі, бастықтар да көреді. Әйтеуір менде шаруалары жок. Осылай, күн ұзак кенседе ара-тұра есінеп қойып, отыра беремін.

Басына бақ қонайын десе бір-ак күнде еken ғой, не-мере інім Көкештің облыстағы дәкей ұйымдардың біріне бастық болып келуі мүн еken менен де маза кетті. Бұрын маған мұрындарын шүйіріп қарайтындар Көкеш келгелі шыбындаған аттай бас шұлғып тұратын болды.

...Ойымда ештеңе жок, бір мезгіл таза ауамен тыныстап келейін деп есікті ашсам, қабылдаушысы жок қабылдау бөлмемде кісі толып отыр. Сасқанымнан қайта жаба койдым. “Бұлар не қылған адамдар? Жұмыс ізден келмесе жарайды ғой...”

Сейткенше болған жок, әлгілердің біреуі жымың етіп кіріп келді. Рұқсат та сұраған жок. “Жиенжан, амансын ба?” – дейді ыржып. Танымаймын. Танығым да келмейді. “Осы қалада тұрғаныма жиырма жылдан асып барады, нағашы болып содан бері ізден келсе кайда қалған?”

- Қайырлы болсын!!!
- Тұсінбедім!?
- Көкеш налоговыйға бастық болып келді дей ме?!
- Иә, и?..

Әлгіден “құтылдым ба, құтылмадым ба” деп орнымнан тұра бергенім сол еді, тағы біреуі көрінді. Мұның да екі езуі екі құлағында: “Қайырлы болсын!” дейді әйелі ұл тапқандай. “Бұларға не болған? Қайырлы болсын айтқылары келсе Көкештің өзіне неге бармайды?” Зығырданым кайнаса да біреуіне тіс жарып сыр білдіргем жок, шыдап бақтым.

Арада біраз күн өтіп “Қайырлы болсын” айтушылардың аяғы басылғандай болған. Кабинетімде тып-тыныш отыр едім, біреу есік қакты. – “Рұқсат па еken?”

“Жоқ десем жаба кояр ма еді,” жіптің ұшын ұстассан түбіне жармасатын қазекем бас изеп үлгергенімше кіріп келді де, алдындағы орындыққа жалп етіп отыра кетті. Танымадым. Бірақ оған қарап жатқан ол жок, жеті атама жетпесе де одан бергілердің амандығын сұрап шықты. Тіпті аузымды аштырар емес.

— Ағасы, келген жұмысыңызды айта отырсаныз.
— Иә, иә... Картайғанда көрген бір балам бар еді, өзінін колында табаны қүректей дипломы бар. Сол колайлы жұмыс болмағандықтан үйде отырғаны. Соған қол ұшынды берсен.

— Сізді танымадым ғой.

— Иә, иә... Танымасаң танымайтын да шығарсың. Бөтендігіміз жок. Сенің әкеннің әкесінің әкесінің әкесі менің әкемнің әкесінің әкесінің әкесімен туған бөле болып келеді.

— Жұмыс дейсіз бе? Біздің мекемеде қалам ұстайтын екі-ак адам бар. Оның бірі – өзім де, екіншісі – есепшім. Қалғандарының қолында сыпырғыш. Сіздің қүректей дипломы бар балаңызға сары зелетке киіп көшеге шығу ұят болар.

— Дұрыс айтасын, жалғызыма көше сыпыртқанша өлгенім артық емес пе?! Өзіне ал деп отырғам жок. Ана Көкешке сыйырлай салсан деймін ғой, баяғы. Бос орын бар дегенді естіп келіп отырмын, қарағым.

Ойланып қалдым. “Көкешті білуіне қарағанда шын туыс болып шықпасын”.

— Қарағым енді бірдене қыл, енбегінді жемеймін. Бізде әлгі доллар дей ме, ол жағы жок. Бірак бір торпакты сатып, бір тиынын да ұстамай өзінے әкеліп отырмын. Енді бірдене қыл!

— Көкешке бұрынсонды ондай өтініш білдіріп көрген жоқ едім.

— Айтып көрсейши!

“Мына бәледен қалай құтылсам екен. Таскенеше жабысып айрылатын түрі жок.” Амалым таусылған сон:

— Айтсам, айтып көрейін, — дедім.

— Сөйтші, қалқам!

Ол осылай деді де қолын қойнына сұнгітті.

— Маған ештеңенің керегі жоқ!!!

Дауысым қатырақ шығып кетті білем, ол селк ете түсті.

— Азсынба, бала жұмысқа ілегіп кетсе, тағы бір жөні болар. Ал, ал! Енбегін емес пе? Мына нарық заманында тегін ештеңе жоқ екенін түсінеміз. Бізді ренжітпе.

“Мынаның есі дұрыс емес шығар, “Ренжітпе”, — дейді. Қолы қойнында, шығаруға менен коркып отырған сияқты. “Торпак өткіздім” дейді. Қаншаға сатты екен? Кемінде жиырма мың шығарған шығар...” Өз ойымнан өзім шошып кеттім. “Астапыралла! Біреудін торпағында не жұмысым бар. Бір торпак далада жатқан жоқ, оны өсіру үшін екі жыл тер төгу керек. Ал. Алма. Алдым дегенше су түбіне кеттім дей бер” Өз ойыммен өзім арпалысып отырмын. Қаным басыма шауып, екі көзім карауыта бастады.

Шал құдерін үзді білем, қозғалактай бастады, кететін ынғайы бар. “Бол енді, ал, бір торпак аз нәпака емес.” “Кетсе кетсін пәледен машайық қашыпты. Жолама!” “Ал, жұрттан сенін қай жерің кем. Бір торпак деген не, тәйірі. Кейбіреулер түйені түгімен жұтып жатқан жоқ па?” “Ал, ал...” “Торпакты ал, мейлі, бәрі бір паракорсын. Алсан ғолды, қара күйе мәңгілікке жағылды дей бер...” Жүргімнің дүрсілін естіп отырмын. Құлағым шынылдай ма, қалай?

— Жоқ, маған ештененің керегі жоқ!

Бұл жолы дауысым манағыдай емес, бәсендеу шықты. Зорланып айтқанымды, екі оттың ортасында қалғандай есептіп отырғанымды шалдың да іші сезеді білем:

— Жоқты қой, барға риза бол! — деп алдымта түйіншегін лақтыра салды. Азсынсан, күзгі соғымың менің мойнымда.

“Әкемнің... бөлесі” орнынан тұрып кетуге ынғайланды.

— Отағасы, аға...

— Е, осылай ынғайға көшсейші. Құдайға шүкір жерге карап отырғамыз жоқ. Мал бар... Түйіншегін өзіне кері лақтырайын деп қолымды соза бергенім сол еді, ала қойдым. “Иә, бар болса бар шығар. Жоқ болса несін береді?

Мен алмасам басқаға барады. Әйтеуір, береді. Мен алмасам, ол алады. Одан менің қай жерім кем, сұраған жоқпын. Қылып түрған өзі. Кім маған күнде торпағын тықпалай берер дейсің?..”

Басымды көтерсем, бөлем... Мейлі кім болса, ол болсын, жоқ, шығып кетіпті. Кетсе кетсін, түйіншекті қойныма сұнгіттім. “Көрген жан куә. Алла сактай гөр! Кім көрді?! Көрмей- ақ қойсын. Өлердегі сөзін айтады, тіпті. “Алмасаң өкпелеймін”, – дейді. Үлкен кісіні қалай ренжітесін. Жоқ жай да мына нарық заманында жүйкесі жұкарып жүрген жандарды ренжітүге болмайды...”

Тағы есік ашылды. “Мынау қайдан жұр? Нұрмағамбеттің Сәлігі, екеуіміз түйдей құрдаспзыз. Нағыз қүшекенің өзі...”

- Отырсың ба, ей?!
- Отырмағанда не істейін?
- Жағдайларың қалай?
- Құдайға шүкір жаман емес.

– Эрине, қас пен көздің арасында, саусағынды қабырлатпай-ақ біреудін бір торпағын қағып алсан, жағдайын жаман болмайды.

Сәлігім жымың-жымың етеді. Тілім байланып қалды. “Бұл қайдан біліп отыр?” Сәлден соң есімді жиып:

– Қайдағы торпак? Сен не сандырактап отырсың?! – дедім.

– Сандырактап отырған мен емес, сен. Шығар ана төс қалтандағы түйіншекті. Өзің өле алмай жұр екенсің ғой. Параны алған адам осылай ала ма екен?! Хе- хе!..

“Қап! Мынау ит қылды-ay! Е, бәске, “қалай аспаннан қүймақ жауа қойды?! ” деп ойлап едім. Бәрі мынаның ісі екен ғой. Бұған да тәубе! Басқа біреу келіп осылай зіркілдесе тап осы арада о дүниеге аттанып кетуім де мүмкін ғой. Тәуба. Жұрт естімесін...”

– Корықпа, шығара бер. Түйіншекте ескі газеттің киындыларынан басқа түк те жоқ. Кеуденді қыздырып

бара ма?! Ха- ха! Қалай екен? Жайшылықта жүртты сөгуші едін. Екі ауыз сөзге келмей құлай кеттің ғой. Бір торпакпен-ақ суманды бітіре салды ғой. Ха-ха!

“Қап, мынаның қорлығы-ай!”

— Аяғыма жығылдардай болып, қояр да қоймаған жоқ па? Ат-тонымды ала қашқаныма болды ма?!

— Бір торпакқа бола осылай былығып отырысЫң. Ал “жасылдарын” жылтылдатса не істер едің, ә?! Ха-ха!!! Бұл — саған сабак. Сол үшін маған бір торпактың құнын бересін. Эйтпесе, бар ғой бір күні сотталып кетесін.

“Қой, мынаны жеңе алмаспыш. Ертең елге жайып мас-карамды шығарар. Осының ыңғайына көшейін”.

— Рас айтасың, “Алтын көрсе періште жолдан таяды” деп аталарапымыз бекерге айтпаған ғой, мені қара басты. Жай да жүрегім тоқтап қала жаздады...

— Енді түсіндің бе? Пара — пәле. Бұл дүниеде оның тамырына балта шабыла қоймас. Оның қасында өкпенің өзгеше қабынуы да, СПИД- тің де, тауықтың тымауы да түк емес. Тұптің түбінде бұл аурулардың емі табылады. Ал параның емі жоқ. Эйтпесе, “Жемқорлардың желкесін үзу керек! “Паракорлардың орны түрме!” деп ұран-датуымыз аз емес қой. Бірақ, пара шіркін, мынқ етпейді.

— Рас айтасың. Енді түсініп отырмын. Меніңше пара алғаннан гөрі беретіндерді қатты жазалау керек. Айықлас дерптің тамырына су құттындар, сап- сау отырған адамды адал жолдан тайдыратындар солар. Тіпті еркіне қоймайды. Қалтаңа салады, қойныңа тығады. Эйтеуір, алғызады... Ух?!

— Ха-Ха!!!

АЙЛЫ ТҮН

Түн. Ай көтеріліп келеді. Төңірек тым-тырыс.
Алтай қорылдап ұйықтап жатыр.

Күлпәннің көзі ілінер емес.

— Алтай, әй, Алтай, манайда біреу жүр ме, тағы да ит үріп жатыр.

— Эй, бәлем, осы итті ме, ертең аттырып тастаймын ғой. Бетімен үре береді...

Алтай бір аунап түсті де, тағы да қорылға басты.

Ұйқысы қашып Күлпән жатыр. Күн сайын деуге болмайды, кейде осылай мазасыз күй кешеді, қай-қайдағы еске түседі. Алыстап кеткен құндер-ай! Жүргегі аузына тығылып, дene қызуы көтерілгендей күйіп-жанып жатады. Ал Алтайдың мұнымен жұмысы жоқ, жастықта басы тисе болды, кор ете қалады. Сосын, ит үріп жатыр демек түгілі, үй күйіп жатыр десен де жастықтан басын көтермейді. Ұйқысы катты деуге болмайды, сергек, бәрін естіп жатады: “Аландама, ұйыктай бер” – дейді. Ұйқыда басың қалғыр!

Алтай – Күлпәннің сүйіп қосылған жары, отасканда-рына жиырма жылдан асып барады. Екеуі бір ауылда өсті, бір мектепте, бір сыныпта оқыды. Жұрттың бәрі оқу оқимыз деп қалаға кетіп жатқанда, не ойы болғанын кім білсін, Алтай ауылда қалып қойған. Жұмысқа орналаспақ болып еді, онысынан түк шықпады. Қалтасында күрек-тей дипломдары барлардың өзі екі қолға бір жұмыс таба алмай сенделіп жүргенде, мектепті жаңа ғана бітірген ба-ланы кім керек қылсын? Осылай үйге де, көшеге де сый-май жүре берер ме еді, әйтеуір, көктемде әскерге ілікті. Ол міндettі борышын өтеп, екі жылдан кейін ауылға оралғанда қаладағы педагогикалық колледжді бітіріп келген Күлпән бір кездері өздері оқыған мектепте сабак беріп жүрген. Ол кезде ауылда клуб болатын. Қазір жоқ, үйіндісі ғана жатыр. Жекешелендіру деген шығып, мектептен басқаның бәрін жалмап кетті ғой. Міне, жастардың басы сол клубта қосылатын. Қади кино әкелмеген күні би болады, әйтеуір түннің бір уағына дейін клубтың шамы өшпейді.

Бірде Алтай мұны биге шақырды. Содан кейін “шығарып салайын” деп қылды. Қарсы болған жок. Өйткені ауылда қалғандардың ішінде жасы өзімен шамаласы Алтай ғана, үлкендер мұны көзіне ілмейді, ал өзінен кішилерге мұнын қарағысы жок. Осылай күндер етіп жатты. Алтай әскерде жүргенде жүргізушілер даярлайтын қысқа мерзімді курсты тәмамдап, командирді тасыпты. Дес бергенде, дәл осы кезде ауылдағы бар-жоғы үш машинаның біреуінің рөлін қырық жыл бойы ешкімге ұстаптаған Сайлау зейнет демалысына шығып, орны Алтайға бүйірді. Алтайдың міндеті – жанар-жағармай тасу, күніне бір рет Сулыға барып келеді, содан кейін бос, кайдасын деп жатқан ешкім жок. Ал Алтай болса, сабактың аяқталуын күтеді. Бір-екі рет шыдай алмай мектепке де барып қалғаны бар. Құлпән сонда:

– Көзге түсіп келе берме, сөзге ілігіп жүрерміз, – деген.
– Менде кімнің не жұмысы бар, осы мектептің қабырғасынан кеше ғана шықкан жоқтын ба?!

Құлпән өзің біл дегендей, әңгімесін созған жок. Алтайды жиі көруге өзі де кет әрі емес сиякты.

Сол жазда шие ерекше ғұлдеп, бұлдірген керемет шықты. Түс кезінде Жонағашқа беттеп бара жатқан балалар әлгіндей болмай қайта оралады. Бұл оларға қызыға қарайды, бірақ жалғыз өзі қайда барады. Бір күні Алтай ойын деп басып, “бұлдіргенге апарып келейін” дегенде бұл кәдімгідей куанып кетті.

– Нұргұлді де ала барайык!
– Кабинаға үш кісіні отырғызуға болмайды, ГАИ көрсе правомды алып қояды.
– Онда өзің біл.

Таласөзектін баурайы тұнып тұр екен, тіпті қозғала алмайсын, бармақтай-бармақтай, лезде уысын толып қалауды. Алтай ыдыс алмапты, екеулеген соң шыдата ма, оның үстіне Алтай бір жесем токтай алмаймын деп аузына салмайды, Құлпәннің шелегі тез толды.

Сол күзде кинодан қайтып келе жатқанда Алтай мұнын қолына бір тілім қағазды ұстата салды. “Бұл не?” – деп еді, “үйде оқырсың” – деп жылыстай берді. “Құлпән, мен сені сүйемін! Осы сөзді көптен айта алмай жүрмін, екеуміз қосылайық”. Бары осы, қайта-қайта оқыды. Сол тұнде Құлпән көпке дейін көз ілген жок. “Сүйемін” дейді, “Қосылайық” дейді. Осы бір сөздердін түбінде бір айтыларын іштей сезетін. Бірақ, бәрі дәл бүгінгідей, аяқ астынан болады деп ойламапты. Жалпы Алтай жаман жігіт емес, түр десен түрі, бой десен бойы бар, кішіпейіл, аракты аузына алмайды, темекі тартпайды...

Ертеніне Алтай тәбе көрсеткен жок. “Қайда кетті екен? Әлде машинасы сынып қалды ма?!” Құлпән өзінің аландағы бастағанын да анғармай қалды. “Әлде, айтарын айтып алып, ұялып жүр ме екен?..” Келесі күні Алтайды клубта кездестірді. Екеуі үйге бірге қайтты. “Жайшылықта мұның алды-артын орап, аузы жабылмайтын Алтай сабырлы бола қалыпты. Тек қоштасарда ғана мұның қолынан ұстап: “Құлпән!” – деді. Дауысында діріл бар, Құлпән “иә” деуге асықкан жок, не айтатынын іші сезіп түр.

- Хатымды оқыдың ба?
- Оқыдым.
- Не айтасың?
- ...
- Апам да қарсы емес, Құлпән көз алдымызды өскен балағай дейді.

Құлпән ақырын ғана колын тартып алып, үйге кіріп кетті. Тағы да көз ілмей ұзак жатты. Кеше Алтайдың “хатын” өзінің жақсы көретін женгесі Сәлимаға көрсеткен. Ол тіпті қуанып кетті. “Бәлі, тойға дайындала бер десейші. Алтай жаман аты шыққан жігіт емес. Өзінді жылатпаса болдығой. Саған одан артық кім керек, ертен осындағы көп қыздың біреуі қағып кетеді, тиіп ал” деп бір-ақ қайырған.

Ата-аналары ақылдаса келіп тойды жер кеңігеннен кейін өткізуге үйғарды. Құйеу жігіт жағы “Наурызда өткізейік” деп асықтырып еді, оған “оку жылы аяқталсын” деп Құлпән көне қоймады. Ақыры маусымда осы үйге келін болып түсті. Алтай ұлдың ортанышысы еді, ара-да бір жыл өткеннен кейін тетелес інісі Дәурен үйленетін болып, бұларды бөлек шығарды. Тұнғыштары Меруерт-тен кейін шекелері торсықтай егіз ұл тапты. Уақыттың қалай өткенін де білмей қалады екенсін, көрші ауылда тұратын Меруерттің өзінде қазір екі ұл бар. Наурызбай мен Мұрат қалада. Сөйтіп бұлар елуге толар-толаста бес бөлмелі үйде екеуден-екеу қалды. Алтай жұмыссыз, бая-ғы Сайлаудан қалған мәшина, списатқа кеткен. Эйтеуір, бала саны азайғанмен мектеп жабылған жоқ, Алтайдың жұрттың басы қосылған жерде: “Мені Құлпән асырап отырғой” дейтіні бар. Шыны солай. Қайтсін, қарап отыр-майды, таңертеңнен кешке дейін үй маңында тұртініп жүргені. Бірақ одан пайда шамалы, ет пен сүтте құн бол-май қалдығой.

Адам тез өзгереді екен-ау, баяғы сыптығырдай Алтай жоқ, қырқында үрлеген карындаі домаланып шыға келді. Корылы да осы кездे басталдығой деймін, көзі ілінсе болды, үйді басына көтереді. Алғашында елемеуші еді, артынан созылмалы “дертке” айналды. Тау қопарып, тас жарып жүргендей, корылға басады. Ал бұл болса кей тұн-дерді осылай үйкісіз өткізеді. Алтайдың онымен ісі жоқ. “Жұрттың бәрінің күйеуі осындай ма екен?” Анада өзі-мен бірге істеген Айманнан сыр тартып көріп еді, жары-лайын деп жүр екен:

— Сол жексүріндарды қойшы, біздің үйдегі корылда-ғанда көршілер оянатын шығар, — деп дүрілдете жөнелді.

— Қойшы, бұл жасы елуге таялғандардың ауруы болдығой, дәрігерге көрсетіп алу керек шығар.

— Талай айттым, көрін деп, тыңдай ма, кейде тіпті жас-тықпен тұншықтыра салғым келеді!

“Астапыралла!” десе де, біраздан бері бұл да Алтайға қабак бермей жүр. Оны аңғарып жатқан Алтай жок, жастыққа басы тисе болды қорылға басады.

...Ай терезеге төніп тұр. Таңың ғозамық сәулесі білінеді. Алтай әлі қорылдап жатыр. Күлпән ұйқылы-ояу дел-сал...

— Алтай, әй, Алтай, ит үріп жатыр...

— Жатшы, әй бәлем, таң атсын, сол алжыған итті ме?!

ЖАЛҒЫЗДЫҢ ҮНІ

Ұмсын тұні бойы көз ілмей шықты. Соғысқа кеткен жалғыз баласынан “кара қағаз” алып зар илеп қалған онын көз жасы енді ғана құрғағандай еді, Алла-тағала тағы бір тосын жайды алдына тартты. Ереккінде қалмаған шаңыракта жалғыз қызы Меруертпен екеуі ғана тұтін түтетіп отырған бұл үйдің есігін бейсауат адам аша қоймайтын. Содан болар, колхоз төрағасы Қажыбай кіріп келгенде, ол әлденеден секем алғандай абыржып қалған. Төрге жайғасқан төраға: “Аман-сau отырсындар ма?” — деп сәлемді қысқа қайырды да, алыстан орағытпай. — “Құда түсе келдім”, — деп дүнк еткізе түсірді..

Қажыбайдың мұнын бойжетіп отырған Меруертімен тұстас баласы да, туысы да жок. “Кімге құда түспек?” Ол үнсіз, басын көтермей отырып қалды.

— Ұмсын, сен білуге тиіссін, ана жылдары “ішке” көшіп кеткен біздін екі үйіміздін бірі Уәлидің Қожахметі мына Қорған облысының Гайдек деген ауылы маңында ағаш арасында тұратын. Соның кемпірі қайтыс болып, соқа басы жалғыз қалыпты. Бейшараның кіндігі қанамаған жан еді. “Колайлы бір адам кездесіп қалар ма еken” деп осы жаққа келіпті.

Кемпір сұлқ, Қажыбайдың бір сөзін түсінсе, бір сөзі миына кірмейді. Тезірек токетерін айтса еken деп отыр.

Қожахметті көрмесе де, естүі бар. Сауда-саттықпен сол жаққа барып жүретіндер: “Шылқыған бай, малда сан жок, үйінде есіктен төрге дейін кілем, төсек-орыны төбені тірелді” десетін.

– Ол кісінің де жасы біразға келіп қалған шығар?

– Алпыстан жаңа шығып барады. Бірак белі талып жұмыс іstemеген адам ғой, қарап тұр. Соған сен Меруертінді бер.

Ұмсын шошып кетті, бірақ шоршыған жок. “Қажыбай тиісер жерін біліп келіп отыр. Ол жесір кемпірдің айтқанынан шықпайтынына сенімді. Осы ауылда оның алдына шығар кісі жок, елге тізесі батқан адам, соғыс кезінде ер-азамат тайлы-тұяғымен майданға аттанғанда ”броньмен“ калып қойған ол елдегі қатын-қалаш, бала-шағаға қамшы үйіріп, талайларды зар жылаткан. Майдангерлер елге орала бастағаннан бері екпіні сәл бәсенсігенмен, әлі де сол ақдегені алғыс, қара дегені қарғыс”. Ұмсын жанарын тіктемесе де көріп отыр. Шарт жүгініп алған Қажыбай жемтігіне шүйілген қаракүстай “алмай қоймаймын” деген сынай танытады.

– Неге үндеңей қалдың?! Әлі де естімей отырың ба?! Қызына ие табылып отыр.

– Мен не дейін? Менде не билік бар, осы үйге ие болып отырған сол баланың өзі ғой.

– Өзі қайда?

– Қозекемдікіне бидай тартып келем деп кеткен.

– Ендеше, әңгіме былай болсын: Қожахмет ертең тұс ауа жүреді. Таңертең өзін ертіп келейін, қалғанын бірге отырып ақылдасамыз, қамдана бер.

Ұмсын Қажыбай кеткеннен кейін орнынан қозғала алмай ұзак отырды. “Әлгі не деп кетті. Дайындала бер деді ме. Он екі де бір гүлі ашылмаған қызды шалдың қойнына қалай салмак?” Егіліп отыр. “Оны көргенше өлгенім артық емес пе? Басынғаны ғой, қайтсін, бізді басынбағанда кімді қорлайды? Әйтпесе, осы ауылда қыз аз ба, қызды

былай койғанда күйеулері соғыстан оралмаған жас келіншектердің өзі жетіп жатыр ғой”.

Кешке асқа да зауқы сокпады. Оны байқап қалған Меруерт: “Апа, бір жерін ауырып отырған жоқ па? Көніл-сізсің ғой ” деп бәйек болды. Бұл болса, тіс жарып, сыр ашқан жоқ. “Мүмкін таңтеренге дейін бір шешімі табылып қалар” деген оймен тесегін салдырыды да, ерте жатып қалды. Сол-ақ екен, неше түрлі ойлар сапырылысып, ала-құйын көніл бұрқасындастын келіп. Бұл сорлы бас не көрмеді. Он үшке толар-толаста әке-шешеден жетім қалды. Қысы-жазы ат үстінен тұспейтін жылқышы жігіт кездес-пегенде біреудін отымен кіріп, күлімен шығып жүре берер ме еді, кім білсін, бағына қарай жақсы адам болып шықты. Эттен бала тұрмады, шетіней берді. Жатса-тұрса құдайға жалбарынып жүріп көрген Бектемірі туған жылы дүние астан-кестен болып, ауыл үсті алашапқынға айналды. Төңкеріс деді, ақ пен қызыл деген бір бәле шықты. Қайсысы болсын, қылышын жаландатып, ауылға қиқу-лай кіреді. Зәресі кеткен халық барын солардың аузына тосады. Ақыры бұл сойқан да басылып, ел арасы тыншығандай болып еді, бәрі алдамшы, уақытша екен. Кәмпес-кенін дүмпуі мұнда да жетті. Аукаттылар түн жамылып көшіп жатты. Күнде жылау-сықтау.

Бір күні Сейсен аяқ астынан дene қызыу қөтеріліп, төсек тартып жатып қалды. Содан оналған жоқ, қыс бойы “таза ауаны бір жұтсам” деп ынтығып еді, оған жете алмады. Екі баламен қайда иығы сияды, көрмеген корлығы жоқ. Эйтеуір, бәріне шыдады. Сөйтіп өсірген ұлы алғаш-қылардың қатарында соғысқа аттанды. Шалғайды ауылда соғыс дегенді бұрын-сонды кім естіген? Оның нағыз алапат екенін алғаш рет он аяғынан айырылып, ауылға балдақлен оралған Бекім айтып берген. Бір күні ауылға “соғыс бітті, біз жендік” деген хабар жетті. Бірақ осы ауылдан майданға аттанған елудің он бесі ғана аман оралды. Бектемір де келіп қалар деп асыға күткен Меруерт екеуі

жол қарайды. “Жұрттың бәрі келгенде неге кешігіп жа-тыр? Әлде...” Оралғандардың айтуына қарағанда, жердің түбі дейді ғой, қайбір тұра көлік бар дейсін, келер... Осылай үміті бірде жанып, бірде сөніп, мазасыз күй кешіп жүргенде өз үйіне қарай беттеп келе жатқан ауылдың бір топ аксақалын көзі шалғаны сол-ак екен ”жүрегі аузына тығылып, көзінің алды бұлдырап жүре берді. Есін жиып, көзін ашқанда қасында отырған Меруертті қөрді,” Екі көзі қызырып, бұлаудай болып ісіп кетіпті. “Кұлыным-ай!.. Біреулер ”жылама, сенің ғана басыңа келген қайғы емес” деп жұбатса, енді біреулері “тимендер, жыласын, шерін тарқатсын” деп жатыр.

Өлгеннің артынан өлу жоқ қой, тірі адам тірлігін жасайды, бірер күннен кейін сүйретіліп далаға шықты. Меруертті аяйды, он жетіге жаңа ғана толған бойжеткен дейтіндей емес, жан дегендегі жалғыз бауырынан айырылып қалғанына бірде сенсе, бірде сене алмай жүрген сияқты, құр сұлдері, үйден екі адым ұзап шықпайды. Осылай сүренсіз күндер өтіп жатты. Мұнын да баласының енді қайтып оралмайтынына сенгісі жоқ, “Көрші ауылдағы бәленшешін баласынан да ”кара қағаз“ келген екен, әке-шешесі, ағайын-туғаны улап-шулап жатқанда өзі де жетіпті” деген сияқты талай алып қашпа әнгімені құлағы шалған. “Бір күні менің де құлыным келіп қалар...” Осылай өзін-өзін демеп кояды.

Күз келді, қыс өтті, тағы да дала гүлге оранып, көктемнің шуағы төгілді. Осылай жан жарасы жазыла бастағандай еді, ойламаған жерден Қажыбай келіп, көнілін бұзып кетті. Ертең келеді, бұл сонда не айтады? Жалғыз қызын қаусаған шалға жетектетіп коя бере ме, әлде?.. Ақыл қосатын да адам жоқ. Меруертке айтпақ болып еді, ол ойынан тез айныды. “Қайтемін, жай да бордай үгіліп жүрген бала бұған не айтады? Не болса да өзім көрейін”.

Төрт жылға созылған қырғында елде қалған жетімжесірді билеп-төстеп өктем сөйлеуге үрреніп қалған Қажыбай өзінен басқаларды адам деп санамайды.

— Ал, Ұмсын, не шешімге келдіндер, — деп әңгімені төтесінен бастады.

— Қажеке, “тен-тенімен, тезек қабымен” деген бар емес пе, біздің бала тым жас кой.

— Не былшылда отырсын, өз жайынды ойласайшы, ертең мойындарына дорба іліп ел аралап кетесіндер ғой. Байғұс-ау, мынадай киын кезенде көйлектің көктігін, тамактың тоқтығын ойласайшы. Қызын да, өзін де кор болмайсындар. Қожахметтің жиған-тергені бәріне жетеді.

— Қайдан білейін, оның үстіне бұл баланы бесікте жатқанда айттырып қойған үй бар, тым болмаса солардың алдынан өтуіміз керек кой.

— Ол ана Бәйкеншенің бокмұрын баласы ма, әлі мектепті де бітірген жоқ кой. Сол қолынды жылы суға малады дейсін бе, өздері құндерін өзер көріп отырған жоқ па?!

— Қайдан білейін...

— Сен кемпір бұлтакты кой, берсен қолынан, бермесен жолынан, айтқанымды іstemедің бар ғой, көзінے көк шыбын үймелетемін, қызынды ертең-ақ ФЗО-ға айдатамын, күнде кісі сұрап жатыр. Сосын көрейін әуселенді!

Манадан булығып өзер отырған Ұмсын жылап жіберді.

— Құдай-ау, құдай, осынша зарлататындай ненди алып едім?!

— Құдайға тіл тигізбе, ақылға кел, ертенінді ойла! Қыз деген немене, тәйірі, ол да бір, шіріген жұмыртқа да бір. Үлкендер “Қыз жат жұрттық” демеуші ме еді?

Манадан жабылмай қалған есіктің саңылауынан осы әңгіменің бәрін тындалп түрған Меруерт анасынан мұндаид қайсаңлықты күткен жоқ еді, Қажыбайға қарсы шығу, бұл ауылдағылар үшін өліммен парал-пар. Бірак колхоздың бастығы женістік берер емес. “Киратамын, жоямын” деп неше түрлі былапты сөздерді сапырып жатыр. Анасы үнсіз қалды, соған қарағанда, жеңіле бастаған секілді. Меруерт бұдан әрі шыдай алмады, анысының қасына жетіп барып, екі көзін төрде отырған Қажыбайға тіктей кадап:

- Қайсыңа қатын керек? – деді.
- Астапыр-алла! Манадан біресе қызырып, біресе бозарып үнсіз отырған Қожахмет бүрісе қалды.
- Саған керек пе?!
- Жетім қыздың мына қылышы Қожахмет тұгілі, Қажы-байды да естен тандырғандай, аузын аша алмай қалды.
- Неге үндеңейсіндер, қайсыңа қатын керек?! Дәмелерін зор екен, жесір кемпір мен жетім баланы басынғыларын келген екен! Қатын керек болса, мына кемпірді алышндар, өздерінмен түйдей құрдас, басы да бос! Әйтпесе, басты қатырмай үйден шығындар!!!

Түкке түсінбей қалған Ұмсын есік сарт етіп жабылғандағана есін жиды.

- Құлыным-ау, енді не болдық, құрыдық қой?!
- Жылама, апа, құдайдың бізді жылатқаны аз ба, не көрсек те бірге көреміз!

“ІШТЕГІ” ҚАЗАҚТАР

Светлое біздің ауылдың арасы турасынан асса отыз-ақ шакырым. Ана кездері әкелеріміз таңертең шығып кетсе, кешкі шайын үйден ішетін. Қазір көлігін жүйткіп тұрса да таяқ тастам жердегі Светлоеға барып келу үшін кем дегенде екі күнің кетеді. Әйткені баяғы Кенестер одағы деп аталатын алып мемлекеттің алба-жұлбасы шыққаннан бері ол – біз үшін басқа ел. Екі ортаны шекара бөліп жатыр. Бүгінде баяғыдай төтелей тарту жок, Ресейге ат басын бұрсан, үлкен тас жолдың бойындағы Елсау арқылы өтесін. Елсауға жетуің де бір қиямет-қайым, жолда кеден деген бәле бар. Оның басында бері салғанда төртбес сағат сарыласың. Содан да болуы керек, соңғы кездері “Іштегі” ағайындармен қарым-қатынас шамалы. Той-томалақ, өлім-жітімде болмаса ат ізін салып жатқандар о жақтан да, бұл жақтан да некен-саяк.

Қазіргі жастар “Іш” дегеннің не екенін де білмейді. “Ішке бардық, Іштен келдік” десен, “Не айтып отырысың?!” дегендей, аузын ашып қарайды. Қайдан шыққан сөз екенін кім білсін, біздің жактағылар Ресейдін Қазақстанмен шекаралас – Корған, Тұмен облыстарын “Іш” деп кеткен. Сол “Ішке” бала кезімде әкеме еріп талай барғам. Ол жакта әкемнің әкесінің қарындасы, одан тараған жұрағат, бір сөзben айтқанда, асырасса ел болмайтын жиендер тұрады. Ол кезде қатынас үзілмейтін. Қолігіміз – көк бие. “Ішке” баарда әкем ағасының талдан тоқыған шалқайма қорабы бар женіл арбасын сұрап алады. Содан анамның сәлем-сауқытын салып алып, әкем екеуіміз “Ішке” тартамыз. Бүгінгідей ағылып жатқан машина жок, төнірек тым-тырыс, былай шыға әкем әңгіме тиегін ағытады.

– Эр жерде отырғандары болмаса өздері бір ауыл – дейді.

– Жер жетпегендей ол жаққа неге шығып кетті екен?

– Шығайын деп шықты дейсің бе, Қазан төңкерісінен кейін елдің ауқаттылары кудалауға түсті ғой. Бала болсақ та білеміз, кәмпеске басталды, одан кейін “колхозға кір” деп қиғылықты салды. Үрейленіп ұdere көшкен ел қалың орманды панарап, бас сауғалаған заман болды ғой. Одан беріде аштық та халықты біраз титықтатты. Өмір бойы малдан басқаны білмеген казақ тігерге тұяқ калмаған соң қайда барады, ол уақытта қазіргідей жайқалған егін жок, қолда барын орыстардың картобына айырбастап күн көріпті.

– Енді заман өзгерді ғой, елге көшіп келмей ме?

– Ол жакта елім деп еміреніп отырған ешкім жок. Шетінен шіріген бай, балалары орысша оқиды, қазір орысша білмегендегер далада қалып жатыр ғой, елден не алады олар, арқандап сүйресен де келмейді.

Әкем айтса айтқандай, барған сайын біз ат басын тіреятін Мәліктің үйі біздің ауылдағы клубтан да үлкен. Қара-

ғайдан бұрап салған бәлен бөлмелі үй, ішіне кірсөн адасып каласын. Мәлік бізге жиен, өзі де, балалары да жарытып жұмыс істеген емес. Бірақ кора толы мал, бір қыста бірнеше соғым сояды, қашан барсан да сарайында сүр сіресіп тұрады. Қашанғы сүр екенін бір алла біледі, тісін батпайды, жарты сағат шайнаң әзәр жұтасын. Тағы бір байқағаным, кілемдері көп, төсек-орын, көрпе-жастықты төбеге дейін үйетіндері де маған қызық қөрінген. Жазда үлкендер далада болады екен. Дала дегендері – қалын қарағайдын арасы. Жалғыз үй, жарық жок. Білте шамның жарығы бұрышқа да түспейді. Оның үстіне жылан деген көп екен. Бірде конып қалғанымыз бар, өзім шамалас Есләм: “Қорықпа, шақпайды” дегенмен, тұні бойы көз ілгем жок. “Құрсын бүйткен өмірі, байлығы да бар болсын”. Бәрінен де Есләмді аямын, танертеннен кешке дейін масага жем болып, мал сонында жүргені. Ойын баласына ол онай ма? Бір барғанымызда Мәліктің әкеме жата қалып жабыскасы бар емес пе: “Қазір балалардың окудан қолы бос қой, Сәкенді осында қалдырып кет, Есләмға серік болсын”. Әкемде үн жок, көзінің астымен маған қарайды. “Тастап кететін де ойы барма, қалай?” Қалмаймынға басып, үйді басыма көтердім. Әкем жуастауда адам еді, тіс жарған жок. Өлтірсе де қалайын деп тұрған мен жок, шайымды шала-шарпы ішіп, жегулі тұрған арбаға отырып алды.

Содан бері де зымырап талай жылдар өтті. Бұл күнде менің әкем де, Мәлік те жок. “Сүйек қой, араласып тұру керек” дегенді жиі қайталайтын әке сөзі санама сініп қалғандықтан ба, ондағылар іздей қоймаса да ара-тұра өзім ат ізін салып тұрамын. Ол жақта өзгерген ештене жок, сол баяғы тірлік, жалғыз үй. Қазақстандағыларды былай қойғанда, өздері де бір-бірімен жиі араласа бермейді. Бағдары тойларда, болмаса баталарда ғана қосылады. Мұндайда олар үйимшыл, жердің шалғайлығына қарамайды. Бұл үлкендерден қалған дәстүр. Олар алпыс-жетпіс шакырым жерден атпен катынай беретін. Біз де талай

барғамыз. Аттары кандай, біздің көк бие сияқты емес, ауыздықтарымен алысады. Құміспен құптелген қамыт-саймандары да мен көрмеген дүниелер, көз қызықтырады. Өздері маңғаз, бір-бірімен салқын амандасады, көп сейлемейді. Соның бәрі маған бір түрлі қызық көрінеді. Үйге келе жатқанда әкемді сұрақтың астына аламын:

— Шетінен қатты ма, құрақ ұшып жатқан бірі жок.
— Баяғы байлардың балалары ғой, осындайда ғана кездеседі, жайшылықта бірін-бірі ізdemейді, қараспайды, сенбейді...

— Сенбегендері қалай?
— Неге дейтіні бар ма, кезінде кеңес үкіметінен көп қорлық қөрді. Бұл жақтағылар да оларды қайбір құшак жайып қарсы ала қойды дейсін, әйтеуір, баар жер, басар таулары болмаған соң, осы жақта тұрақтап қалды ғой. Бір шайлықкан жүрек жуыр манды орынына түсе кояма, қайтсін?..

— Өздерінің малдары көп екен, біз неге осылай ұстамаймыз?

— Олардың басқа кәсібі бар ма, біз сияқты тұрақты жұмыс істемейді. Бірен-сараны болмаса, балаларын да оқытып жатқандары шамалы. Күн-көріс керек, басқа не істейді, мал ұстайды.

Одақ тарағаннан кейін бұлардың да өміріне өзгеріс ене басталғандай ма, қалай? Бертін бір барғанда Есләм: “Қаладан үй сатып алдық, балалар сонда тұрады” – деген. Кейбіреулері жазда далага шығудан да қалыпты. “Балаларды оқыту керек, бәрі білімге қарап қалды ғой” – деседі. Тағы бір байқағаным, жалшы ұстайтын болыпты. Қай үйге барсан да, бетін жұн басып кеткен, сақалы қауғадай біреулер жүреді. Жас екенін, шал екенін айыра алмайсын. Түздің бүкіл шаруасын тындыратындар солар: мал бағады, шөп шабады, қысқа отын дайындейды. Әйтеуір, өздерінің айтуларына қарағанда, алты ай жаз бел шешіп, тізе бүкпейді. “Бұлар кімдер?” Десен, “Мына нарық деген

пәлен, ала-құйын заман талайларға соккы болып тиіп жа-тыр ғой, екі қолға бір жұмыс таба алмай, үйсіз-күйсіз жүр-гендер көп, өздері сұранып маза бермейді, аяйсын, әйт-теуір, қарындарының аш болмағандарына риза” – дейді. “Іш” дегенін осы. Міне, сол “Ішке” тағы жол түсіп тұр, былтыр жол апатынан қайтыс болған жиеннің жылына баруымыз керек.

Бұл жолы кенжеміз Елеместі рөлге отырғызып, кем-піріміз екеуміз шықтық. Әупірімдеп межелі жерге де жеттік-ау! Халық әлі жинала қоймапты. “Жолдан келдін-дер ғой, сусаған шығарсыздар” деп Есләм “шыдаймыз ғой, әуре болмай-ақ қойындар” дегенімізге қарамастан дастарқан жайғызды. Шай деген аты болмаса, бәрін үйіп тастайды: неше түрлі жеміс-жидек, құрт-май, қант-кәм-пит, әйтеуір дастарқанда бос орын болмайды. “Жемесе алдынан қайтысын” дейме екен, бұл жақтағылар етті де үйіп-төгіп асады. Біздең сияқты темір табак дегенді біл-мейді, астau тартады. Омыртқа, белдеме, қазы дейсін бе, бәрі қос-қостан. Іштей сезем, бір бәсеке бар сиякты.

Шай ішіліп болғаннан кейін “Жұрт жиналғанша бел жазайық” деп есік алдына шықтық. Қонақтардың алды келе бастапты. Жұздерін шырамытқаным болмаса, еш-қайсысын жыға танымаймын. Амандық-саулыққа кел-генде бұрынғылар қалай сараң болса, бұлар да солай “Ассалаумагалейкүмнан” аспайды. Әнгімелесіп те жа-рытпайды, сұрайтындары мал бағасы, жалпы елде не бо-лып жатыр, бұлардың онда шаруалары жоқ. Лезде жиен ағамның үйінің маңы машинаға толып кетті. Кілең шетел-дік көліктер, бірінен бірі өтеді.

Басқаларға қарағанда жасы кекселеу қырма-сақалға сәлем бердім. Сірә, танитын болуы керек, амандық-сау-лық сұрасканнан кейін:

– Қазақстанында не жаңалық, – деп бір қойды.

Қазақстаным демей, Қазақстаның дегені көңіліме дын ете қалса да, сыр бермей:

- Тыныштық, бәрі жақсы, — дедім.
- Биыл егін керемет шыкты деп жатыр ма?
- Иә, орташа алғанда 20 центнерден айналды ғой, ауа райы да қолайлыш болды, жауын-шашынға ұрынбаған бидайдың сапасы да жақсы. Өздеріңіз қалайсыздар?
- Отырмыз ғой, сол баяғы тірлік, мал ұстаймыз, аздала сауда-саттық жасаймыз.

— Ел жаққа көшу ойларыныңда жоқ па?

— Біз енді өмірімізді осы жақта өткіздік қой, қазір көшіп-кону да онай емес. Балалар атамекендерінен ажырап калмаса екен дейміз. Бірақ елді айлап жатқан олар жоқ. Бірен-сарап үй барған, көп тұрактай алмай қайта оралды ғой. “Алла сақтасын, бәрі аш қасқырдай жалақтап отыр екен, аз ғана малымызды ұрлап-жырлап маза бермеді, бәрі серендең көшеде жүр, жұмыс жоқ, тұрмыс қызын екен” дейді.

— Ол енді ертеректе болған шығар, қазір жағдай өзгерді ғой. Құдайға шукір, қолы қимылдағаның аузы қыбырлайды.

Әңгімемізді “үйге кірініздер” деген жиеннің дауысы бөліп жіберді. Бұл жақта биік ұстел деген жоқ бәрі малдас құрып, төсеніш үстіне жайғасып жатыр. Эйелдер көрінбейді, олар ерлер отырған жерге кірмейді.

Кешікпей астаяулар тартылып, жастар жағы қалталарынан бәкілерін шығара бастады. Содан ет желініп, дәм кайтарылғанға дейін бір адам бір жұмған аузын ашқан жоқ. Тіпті бірін-бірі танымайтын сияқты.

Қонақтар тарағаннан кейін жиенге “Алла-ау, әлгілердің іштері қалай жарылып кетпейді?” — деп едім. “Оған несіне таң қаласың, аннан-мұннан жиналған қырық руказак емес пе” — деді. Ру демекші, бұлар танысқанда өз атынды немесе әкеңнің атын сұрамайды, “Қай елдің баласысың?” — дейді. Ар жағы белгілі ғой.

Мен билетін “Іштегі” қазактар осындағы. Өздерін аяймын. “Не боламыз дейді екен?!” Дауысым шығынқырап кетті білем, кемпірім:

— Кімді айтып отырсын, — деп маған қарады.
— Элгі “Іштің” қазактарын айтамын да.
— Оларды қайтесін, әйтеуір аман болсын, жат жерде тұрып, өмір сұру онай дейсін бе?!

— Қын болса елге көшпей ме, сонау Монголия мен Қытайдан да, жердің түбінен келіп жатқан жоқ па? Бұлар дәл іргемізде отырып, Қазақстаниң деп сөйлейді, ел десе, елім десе бірденелері кете ме?!

Мектепте бәлен жыл мұғалім болған, зейнет демалысына шыққаннан бері колынан газеті түспейтін кемпірім саясатқа келгенде қара жаяу емес, керек десен, өзінді жаңылдырып жібереді.

— Айтуынның бәрі орынды, ұлттық рухы жоқ, атамекен, Отан дегеннің не екенін білмейтін балалардың болашағы бұлынғыр ғой. Жана шай үстінде әйелдер сөз қылып отырды, ана Сорокинода тұратын жиеннің құдалары бар еді ғой, соның ортанышы қызы негрге тиіп, мұхит асып кетіпті.

— Міне, міне, көр де тұр, осылай отыра берсе азып-тозып бітеді.

— Оған енді кімді кінәлайсын, бүгінгі жастарды ма, әлде зобалаңы зор болған заманда тарыдай шашырап, қара орманды панаған олардың ата-бабаларын ба?..

— ...

Міне, шекарадан, кеденіңнен де өттік. Ішім бір түрлі удай ашиды. Артта қалып бара жатқан қалың қазакты қимаймын.

ҚОШ, МАМАНАЙ!

Сірә де, ол Гүлтөбеле өмірінде дәл бүгінгідей сұқтана қарамаған шығар. Табиғат-Ана тіршіліктің осы бір бұрышын мұсіндеңедей, өнерін аямаған секілді. Әсіресе, жазда Гүлтөбе құлпырып сала береді. Міне, қазір де жағалай

ақ қайындар қаумалаған төбенін етегі гүлге тұнып тұр. Үп еткен жел жок. Жарастында айдыны жаркырап Бұқпа жатыр. Тұс-тұстан қиқулаған құстар үні естіледі. Осының бәрі оның қимасына айналғалы қашан. Бектас: “Сегізбой тасалай тұрсын, сонынан шықкан құғыншы бар”, – деп сәлем айтыпты. Сонда бұл қайда барып бас сауғаламақ? Горчаковтың құрығы ұзын, бір амалын таппаса, құтыла алмасы анық. Нияз неге кешігіп жатыр?” Ол жүрек тұсы шымырлап, қос шекесі шынылдап, манадан мазасыз күй кешіп отыр.

*Гұлтөбе-Маманайым, тұған жерім,
Кіндік кесін, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жар басында,
Көйлең шешіп, көбелек құған жерім...*

Ат тұяғының дүрсілі еріксіз ойға оралған жолдарды үзіп жіберді. Бірақ ол бұрылып қараған да жок, бұл араға бейсаут ешкім келмейді. Нияз шығар, таңертен бала жүгіртіп, өзінің Гүлтөбеде болатынын хабарлаған.

Бала кезінен тай-құландай тебісіп бірге өскен досының көніл-күйін қабағынан танитын Нияз:

– Көңілсіздің ғой, Мұқәраманы сағынып қалғаннан саумысын, шыда, сәрсенбіге де көп қалған жок, – деді.

– Мұқәрамадан енді бізге бұлт жақын ба деймін, кеше Қырғыз қажының баласы Бектастан хабар адым. Омбыдан оралған көрінеді, Горчаков сонынан сексен солдат шығарыпты.

Осылай өзіне ғана мәлім жайсыз хабарды жайып салған Сегіз: “Сенің не ақылын бар” дегендегі досына қарады. Мына хабар Ниязға да қатты әсер еткен сияқты, үні шықпай, томағай-тұйық отырып қалды.

– Горчаковтан онай құтылмасымды өзім де сезgem. Күшпен көндірмек болған ғой. Әу баста-ақ соның айтқанына көнбей, іргемді аулақ салып, елге қайтып кетүйм

керек еді. Баянауылға баруымның өзі бекер болды. Сол жақта айлап жүрмегенде, Мұкәрамадан да көз жазып қалмайтын едім ғой.

Мұкәрама – Омбының іргесінде тұратын Ахметқали деген сол өнірге белгілі байдын бойжеткен қызы. Онымен Серіз Сібір казак-орыс әскери училищесінде оқып жүргендеге танысқан. Бір көргенде-ақ жүрегіне шоқ салған сол құрбысына деген сезімін Серіз құндақтаулы құйінде сақтамай, орайы келгенде жырмен жеткізген. Бұла өскен нас сұлу Мұкәрама да бұдан бойын аулак салған жок. Бірақ екеуі бір-бірінен ойламаған жерден көз жазып қалды. Бір іздең келгенінде қыздың шешесі Серізге Мұкәраманың туыстарына қонақтап кеткенін, жуырманда орала қоймайтынын айтқан. Бұл қызын патша әпісеріне бергісі келмеген әкенің қулығы екенін Серіз күндердің күнінде Мұкәрамның өзінің сенімді женгесі арқылы жолдаған сәлемін алғанда бір-ақ сезген.

– Нияз, әү, Нияз!

– Құлағым сенде, сегіз ойдың түбіне жеттің бе, әлде киялыңмен Омбы өнірін шарлап кеттің бе?!

– Дәп бастың, атам айтқандай, “Жазмыштан озмыш жок”, Горчаков кол жіберді екен деп қоянша бұғып отырамыз ба, уайымнан бір сәт сейілейік, домбыранды алып “Назқонырды” шырқап жіберші.

Нияз жай да көнілі пәс тартып отырған Серізді жалын-дырған жок.

*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін?!
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім?—*

деп шырқап қоя берді. Қайырмасына Серіздің өзі де қосылып кетті.

*Үйрек үшіп, қаз қонса,
Көлде самал, жел соқса.
Мұкәрама шақырған,
Оңашада кез болса.*

Бұл әнді ол Мұкәраманы іздең бара жатқанда жол ұстінде шығарған. Алайда сол күні де ол сүйгенін жолықтыра алмады. Ал ертеңіне генерал-губернатор оны Баян-ауылға баратын қызметкерлеріне тілмәш ретінде ертіп жіберген. Араға айлар салып оралған оны Горчаков бірден өзіне шакыртып, жазалау жасағын басқаруды ұсынды. Бұл жасақтың немен айналысатының, алым жинау кезінде өз ауылының адамдарын да талай рет қан-қақсатып кеткенін жақсы білетін Сегіз сөзбүйдаға салмай, генерал ұсынған қызметтен үзілді-кесілді бас тартып, ертеңіне жедел-ғабыл елге жүріп кеткен. Горчаков іле бес сарбазын жалға шығарып, Сегізді байлап-матап алып келуді тапсырады. Жастайынан ат құлағында ойнап, найза түйреуді алдына жан салмаған Сегіз өзін қуып кетіп, күш көрсетпек болған құғыншыларды допша домалатты. Енді Горчаков сексен сарбазын шығарып отырса қаһарына мықтап мінгені ғой.

*Сен айтты деп, Горчаков,
Халқымды мен жылыштан.
Момын елді қапа қып
Жүргендерді ұнаттан!*

— Сегіз, сөзің серттей есілді ғой, қандай шешімге келдің?

— Менде тандау жок, патша әкімінің сойылын соқтайтыным анық.

— Болған жайды атаң айтып па едің?

— Орысша білім ал деп төрт жыл бойы ұстаз жалдап оқытқан атам: “Күш кімде, сол женеді, калың колға кар-

сы шабар қайрат кайда?!” – деп қынжылған. Ендігі жерде өткенге өкінгенмен болмайды, қолдар жаң болса жасақ күрып, Горчаковтың қолшоқпарларымен щайқасып көрем. Ол бәрібір мені аямайды, қоштасарда: “Байқа сенің сыртынан арыз айтушылар көп, жарлы-жақыбайларды жарылқаймын деп, керуе жолын торитын көрінесін, айтканыма көңбесен, айыбынды мойныңа салу түк емес” деп зілденген.

*Болған соң қырсық шалған заманымғыз,
Қалайша босқа езіліп жүре аламыз?!*

– Солай, солай-ау, бірақ сексен сарбазды Горчаков осы жаққа қарай тектен-текке саблтып отырған жок кой.

– Иә, губернатор бүгін сексенін жіберсө, ертең тағы сексенін осылай қарай айдауға бар.

– Ендеше, уақытты босқа өткізбейік, бір амалын қарастыруымыз керек. Мүмкін Бектасқа барып қайтармыз.

Сары уайымға салынбағанмен, салбыранқырап отырған Серіз Бектастың аты аталғанда басын қөтеріп алды. Бектас та – оның қимас достарының бірі, қысылғанда кол ұшын берері сөзсіз. Бектастың әкесі Қырғыз қажымен мұнын атасы Шақшақ досжар жандару, Ашамайлы Керейдін бәйбіше Көшебе руынан шыққан. Қырғыз Майдыбайұлы – осы өнірдегі ірі билердің бірі, он жеті жасында Меккеге барып қажы атанған ада м. Батыс-Сібірге генерал-губернаторы жаңындағы шеқаралық комиссияның мүшесі ретінде ол Омбыға жиі барып тұрады. Сондай сапарларда қасынан Бектасты тастамайды. Омбыдағы Азия мектебін бітірген Бектас та орысша, мұсылманша сауатты. Өз байқауынша ол да әділдікті колдайды. Ел арасында “бала би” атанған Бектастың сәтті шешкен даулы мәселелері аз емес. Соңғы кездескеңде ол өзінің үшінші сот болып сайланғанын айткан. Бектас бірнеше

жас үлкен болса да, өзін шет қаққан емес, қайта қайда барса да қасынан калдырмайды.

Олардың арасындағы қарым-қатынастың осылай қалыптасуын атасы да құп көрген. “Ат аунаған жерінде түк қалады” деген, Қырғыздың осы баласы тубінде ел билейді, көркіне ақылы сай, жақсымен жолдас болсан жара-сарсың” деп, реті келген жерде немересін Бектастан айырмайтын. Былтыр Бектас екеуі Кіші жүзге де бірге барып келген. Қырғыз қажы шекаралық комиссияның мәжілістеріне барып жүргендегі Кіші жүз он екі ата Байұлынан шыққан Тайманның Исатайымен танысып кейін екеуі жақсы жолдас болып кетеді. Кейін достығымыз осымен үзілмесін деген ниетін білдіріп, Бектасқа Исатайдын ең кіші қарындасты Патшайымды айттырады. Сол Патшайымды әкелуге барғанда атасы мұны жер көрсін, ел танысын деп Бектасқа ертіп жіберген.

Той болған соң, неше түрлі сайдыстар өткізілетіні белгілі ғой, бұл да соның біразына қатысып, жиналғандарды өзөнеріне тәнті етті. Соңда Исатай оған: “Ғұлама бала халқының ұлы боласың ба, әлде патша ағзамың құлы боласың ба?” – деп сауал тастаған еді. “Батыр құда, тірі жүрсем, халқымның қорғаны боламың”, – деп мұдірмей жауап берген ол. “Болайын деп тұрған бала екенсің, бағын жансың”, – деп батырдың көптің алдында алақан жайып, өзіне бата арнағаны да есінде. Бектастың аты аталғанда, ойға оралған осы жайлар оны бір шешімге итермелегендей еді. Сегіз орнынан тұрып үстін қаға бастады.

– Нияз, дұрыс айтасың, ағамдай болып кеткен Бектастың бір білгені бар шығар, ерте күнді кеш қылмай, соған жетейік.

Екі дос атқа қонғанда күннің көзі едәуір көтеріліп қалған еді.

*Өзімнің қазағымнан мал алмаймын,
Алам деп обалына қала алмаймын.*

*Жұрттымның өле-өлгениш қорғанымын,
Халқыма жәбір-жаса қыла алмаймын...*

Сегіз тіл ұшына келіп қалған жаңа шумактарды шұбырта жәнелгенде, Нияз:

— Бір сәт ауыр ойдан бойымызды аулақ салсақ қалай болады, осы Баянауылға бардым дедің де қойдың, сол сапарың жайлы айтсайшы, елі, жері қандай екен? — деп тосын сауалды көлденең тартты. Сегіз досының сауалын естімегендей, Бозшұбардың тізгінін босатыңқырап озып кетті де, Ниязды анадайдан қайта тосып алды.

— Эй, Нияз-ай, сенен бүгер сырым жоқ екенін блесін ғой, уақыты келер деп іштей тынып жүр едім, тағы бір жараның ауызын тырнағандай болдың ғой, тыңда ендеше:

*Еркесі Баянтаудың Ақбет деген,
Көрініп аққу құстай көлбендеңген.
Арышын төс, алма мойын есіл гөзел,
Шатманып ел жүрттына еркелеген.
Бүркібай — әкең аты, ағаң — Омар,
Ауылдың айдын шалқар көлге қонар.
Жазмыштың ақ бүйрүғы жолықтырып,
Ақбет қыз, жузіне сенің болдым құмар.*

Өзінен кіші інісі Дәуітбайды үйге жүгірткен Бектас Сегізді бауырына басып:

— Батырым-ау, көрмегелі біраз болып еді, сокталдай жігіт қатарына қосылыпсын ғой, — деді.

— Бектас аға, Сегіздің бойы ғана емес, ойы да өсіп келеді!

— Құрдастарға қалжың жарасқан, Нияз досынан өзін де қалысатын емессін ғой.

Амандық-саулықтан кейін меймандарын үйге шақырған Бектас шай үстінде Сегізге қарап:

— Ауыл арасы алым болмаса да, көптен өзінді көре алмай сағынып жүр едім, жақсы келдіндер, асықпай, ат суытып, дем алындар, — деді.

— Айтуың орында, балалық шактан тай-құлындаған таби-сіп өскен достармен бірге өткізген күндерге не жетсін?! Бірақ өмірдің ірімі кейде еркіне қоймай үйірінен бөліп әкетеді екен. Елге оралғалы бір аптадай ғана уақыт болды.

— Оқуынды бітірдің ғой?

— Эпісер боламын деп басыма бәле сатып алған сияктымын. Бұл жай сөз реті келген сон айтып жатқаным ғой, өзін Омбыдан деп естідім, ол жакта не жаңалық бар екен?

— Экеймен шекара мәселесіне арналған мәжіліске ба-рып қайтық. Кіші жүзден де өкілдер келген екен, ол кіслердің айтуына қарағанда, Иsecен ұлықтармен келісе алмай, қол жинап жатқан көрінеді. Омбыдан бергі жұрт та үрейлі. Горчаковтың сексен солдаты тәменгі елді түгел сүзіп келеді.

— Тағы да сол халықтан алым жинап жүрген шығар?

— Алымы өз алдына, Горчаков мәжілісте Шақшақов теріс жолға түсіп, ел арасына ірікті салатын түрі бар, патша-ағзамға қызмет етуден бас тартты, соны тезірек ұстал тәубесіне кетіру керек, сексен солдат шығарып отырмын, солардын біреуінін бір тал шашы түссе, бастьарынмен жауап бересіндер! — деп зіркілдепті. Экейдің айтуына қарағанда, ниеті жаман көрінеді. Елге келе сала, інімді шаптырған себебім сол еді. Сақтанбасан, болмайды.

— Сонымен жолын таба алмай өзіне келіп отырмын.

Талай даудың түйініне шешіп, елдің тыныштығын, ағайынның татулығын сақтап қалған едің, басқа түскен мына бәледен қалай құтыламын?

— Өзіннін не ойлағаның бар, атан не дейді?

— Атам “оқуын оқып, шенін тақкан сон, қайда барасын, ұсынған қызметке келіскеңін жөн ғой” дегенге келтіреді. Ал өзім Горчаковқа айтартымды айтып кеткен. Содан қайтпақ ойын жок. Экімдердің сойылын соғып, елдің

обалына кала алмаймын. Маған таңдау қалдырмаған сиякты. Қол жинап, солдаттарын ел сыртынан қарсы алсам ба деймін!

— Сегіз-ау, олар көп кой!

Манадан алдындағы шайын сораптап үнсіз отырған Нияз досының соңғы сөзін қолдамайтынын сездірді.

— Нияз дұрыс айтады, бүкіл елді уысында ұстағысы келіп аласұрып отырған губернатор ешкімді аямайды. Ол қажет болса, сансызқолды сапқа коя алады. Алысқанында алып ұратынынды, өжеттігінді, айла-тәсіліннің мол екенин білемін, соныңа ерер жігіттер де табылар-ау, бірақ Горчаков осал жау емес. Сондыктан менің тілімді алсан, бой тасалай тұрғаның жөн.

— Бой тасалағанда, қайда барамын, өз жерімде коян құсап бұта-бұтаны панарап жүрсем, сүйекке танба түспей ме, одан да жауыммен алсып өлгенім жақсы емес пе?!

— Сенің жайың елге жеткенше маған да маза берген жок, әкейден де сыр тартып көріп едім: “Көнесің, көнбейсің, көз көрмес жерге кетесің” дегенді айтады. Расында да Горчаковтың құрығы ұзын. Менінше, Иsekендерге карай, Кіші жүзге асып кеткенің жөн сиякты. Көрмеген, баспаған елің емес, батыр да жайынды түсініп, қажет болғанда, кол ұшын береді деп ойлаймын.

Осы арада әңгіме жібі кілт үзілді. Сөзімнің түйіні осы, ендігісін өзін біл дегендей Бектас Сегізге қарады. Сегіз үнсіз. Мұндай сөзді Нияз да күтпеген сиякты.

Сол күні Қырғыз қажынын ауылында қонып қалған Сегіз бен Нияз таңертең атқа қонарда да дос көніліне медет боларлық ойдын ұшығын шығара алмады, Бектас кол алсып тұрып:

— Сегіз шешіміннен кешігіп калма, қуғыншылар Қызылжардан бері шықкалы да біраз болып қалды, — деді.

— Бектас, бауырым, көніліне ризамын, қабырғаммен ақылдасайын, жағдай қалай болған қүнде де өзінмен хабарласуға тырысамын.


... Маманайдан тұс кезінде шыққан үш салт атты шағалалы қөлдің жағасына жеткенше ат басын тежеген жоқ. Осы арада Сегіз Бозшұбардың тізгінің тартып, Бектас серіктеріне:

— Алла өздеріңе жар болсын, амандықпен көрісуге жазсын! Тезірек Обағаннан өтіп кетуге тырысындар, ар жағында қалың ел пана болар. Аман-есен Иsekен ауылына жетсендер, сәлем айтындар, — деді.


— Қос тұлпарымның тұяғы бүтін болса, талай жердің дәм-тұзын татармын. Нияз, сен тағы да ойлансан қайтеді, мен үшін елден безіп, басынды оққа байладап қайтесін?! Тірі жүрсек, ертең-ак кездеспейміз бе, Горчаков мені қашанғы күғындей берер дейсін.

— Сегіз, тағдыр қосқан дос едік, мені қинама, орта жолдан қайта алмаймын, — деп Нияз осыған дейін әлдеше рет айтқан сөздерін қайталады. Сегіздің де сөзі таусылғандай.

Аттарынан түсіп төс түістірген үш дос енді көп бөгелген жоқ. Артына тағы бір бұрылышп қараған Сегіз “Қош Маманай!” деді де, Бозшұбарды тебініп қалды.



СКЕТЧТЕР



ЕКІНШІ АЙНАЛЫМ

Қатысушылар:
Серіктестік директоры
Бас мал дәрігері
Бас зоотехник
Бірінші көрініс

Серіктестік директорының кабинетіне бас мал дәрігері мен бас зоотехник имене кірді. Директордың тосын шақыруынан екеуі де сезік алған секілді, табалдырықтан аттағанмен төрге озбай тұрып қалды. Шынында да директордың қабағы қатулы екен.

Директор: Осы екеуін не бітіріп жүрсіндер?! (Бас мал дәрігері мен бас зоотехник ан-тан. Не бітіргені қалай? Мал мамандарының міндегі белгілі емес пе, жатса-тұrsa ойлайтыны мал жайы).

Бас мал дәрігері: Басеке, не бітіріп жүргені қалай?!

Бас зоотехник: Сауалыныздың төркінін мен де түсініңкіремей тұрғаным...

Директор: Түсінбесендер түсіндірейін. Жұмыстарында еш бәтуа жок. Жұрт сияқты не сүт, не ет өндіре алмай отырмыз. Қашанғы осылай көш соңында сүйретіле бермекпіз. Кәне, айтындаршы өздерін?

Бас зоотехник: (күмілжіп) Ол енді рас қой.

Бас мал дәрігері: Тырысып жатырмыз. Таяуда тығырықтан шығып та қалармыз.

Директор: (көңілденіп) Е, бәсе өзім де ойлап едім, бір амалы бар шығар деп. Кәне, ірікпей ойларынды ортаға салындар, тез осы жерде шешіп тастайық.

Бас мал дәрігері: Ол үшін табындарды сауыктыру керек! Қаржыны аямай асыл тұқымды малдарды жан-жақтан топырлатып сатып алу керек.

Бас зоотехник: Төкен, дұрыс айтады. Құнарсыз малда құн бола ма, құтылу керек бәрінен! Сонда сүттің де, еттің де астында қаламыз.

Директор: Онда ойымыз бір жерден шықты. Алыстан арбалап қайтеміз, мына көрші ауданнан бір табын мал алайық. Бакташыларды бүгін жіберсен, ертең-ақ айдап әкеледі.

Бас мал дәрігері: (күмілжіп) Алтай Сайлауұлы, мұнымыз жоғары органдардың нұскауына томпактау болып шықпай ма? Ең алдымен сол малдың ауру-сырқаудан ада екеніне көз жеткізіп алсақ қайтеді?

Директор: Айттым, бітті! Ұырғалып-жырғалып жүретін уақыт жок.

Бас мал дәрігері: Онда біз кеттік.

Бас зоотехник: Бүгін-ақ айдап әкелеміз. Кеттік! Кеттік!

Екінші көрініс

Совхоз директорының кабинеті. Директордың алдында бас зоотехник пен бас мал дәрігері отыр. Екеуінің де басы салбырап кеткен.

Директор: Ал, кәне, енді не айтасындар? Мал табының сауыктырамыз дедіндер. Қолдарынан қакқам жок. Та-бынның тен жартысын үқит-сукит қылып, құрттындар. Сонда тапқандарың не? Айтпақшы әлгі сырттан әкелінген 215 бас қашардың жайы қалай?

Бас мал дәрігері: (күмілжіп) Күйі төмен, біразы ауру болып шыкты.

Бас зоотехник: №2 бөлімшеге әкелінген 404 бас асыл тұқымды қашарлардың жайы да мәз емес. Олардың да қырық шактысы туберкулез, бруцеллезben ауыратын болып шыкты. Қазірдің өзінде он бірі шетінеді, он бесі пышаққа ілікті.

Директор: Не дейді, сендердің тамактарынан асыл тұқымды малдан басқа малдың еті өтпей ме?! Мыналарын сұмдық қой!

Бас зоотехник: Енді қайтейік. Арам өлмесін дегеніміз ғой.

Директор: Балтабай Сейсенұлы, сен өзін серіктестіктің малы қырылып жатқандай сөйлейсің ғой.

Бас зоотехник: Жасыратыны жоқ, өткен мал қыстату науқанына қарағанда биыл шығын көп болып отыр.

Директор: Сонда қанша? Айтсайшы бұқпаламай. Қазіргі жариялыштық кезеңінде кемшілігімізді жүрттан жасырсақ та өзімізден өзіміз жасырмайық.

Бас зоотехник: Өткен мал қыстату науқанының осы кезеңінде 100 сиыр шығын болса, биыл ол 116-ға жетті. Сол сияқты етте өткен жылға қарағанда 730 центнер кем өндірілді. Жұз сиырдан небәрі 55 бұзау алдық. Сөйтіп 154миллион тенге сом құмға сінгендей жоқ болды...

Директор: Тоқта, тоқта! Сен өзін үдетіп баrasын ғой.

Бас зоотехник: Қайдан білейін, жариялыштық деген соң жілке тізіп жатқаным ғой. Айта берсем толып жатыр...

Директор: Жә, жә, жетеді.

Шілінші көрініс

Директор: Ертең аудандық әкімдіктің мәжілісіне баратынымызды білесіндер ғой. Ал, ендігі әнгіме былай болсын. Ертең сұрайды ғой, сонда мал қыстатудың бүгінгі жайы туралы не айтамыз?

(Екі маманда үн жоқ).

Директор: Неге үндеңейсіндер. Тілдерін байланып қалғаннан сау ма?

Бас зоотехник: Жариялыштық, жариялыштық деп сізді ренжітіп аламыз ба деп жүрексініп отырғанымыз ғой.

Директор: Эр нәрсені өз атымен атаяу керек деп неше рет айтам мен сендерге, кәне, қайсысын ғастайсын?

Бас мал дәрігері: Басеке, жалпы жағдайымыз мәз емес. №2 бөлімшеде қоралар әлі жөнделіп біткен жоқ. Сонда

да жұз бұзаудың орнына екі жұз бұзауды қамап, жан сақтап жатқан жайымыз бар. №1 бөлімшедегі өткен жылы туған 350 төл көтерем десе болады.

Директор: Ақырын, ақырын, осы арада санырау адам жоқ. Фактілерді күр жіпке тізе бермей себебін айтсайшы, дұрыстап.

Бас мал дәрігері: Себебі көп қой, қайсыбірін айтып тауысасын. Жемшөп жетіспейді. Мәселен №2 бөлімшедегі кашарлар ку сабанмен тұр. Жемазық цехи бір күн істесе, екі күн токтап тұрады.

Директор: Эй, онын бәрін маған несіне айтасың? Тоқтап тұрса, жүргізбейсіндер ме? Әлде мен барып жүргізіп берейін бе? Осы екеуін не істеп жүрсіндер?

(Сәлден сон директор тағы да сөз бастады).

Директор: Ал, кәне, уакытты босқа өткізбейік, енді не істейміз?

Бас мал дәрігері: Мал табынын сауықтыру керек!

Директор: Бұл қай сөзін, сауықтырамыз деп саубызыға сақина тілеп алғып отырғамыз жоқ па?

Бас зоотехник: Сауықтыру да керек шығар, бірақ ен алдымен қоражай, жемшөп мәселелерін шешіп алуымыз керек.

Директор: Сөйтіп жүргенде қалған малдан айырылып қалмайык.

Бас зоотехник: Айырылсақ, екінші айналымға көшеміз. Бәрін қайта сауықтырамыз. Сауықтыра береміз, сауықтыра береміз?! Сонда қайда барады дейсіз?!

Бас мал дәрігері: Мынау табылған ақыл ғой. Көш құлаш кылып шаралар жасайық. Ақша сұрайық. Сонда бізге карап отыр деп кім кінә таға алар екен?

Директор: Екінші айналым дегендерін дұрыс екен. Эй, кулар-ай, тауып кетесіндер-ay!

Бас зоотехник: Енді... Қазір іздениссіз бола ма?

Директор: Онда не тұрыс, кеттік, екінші айналым басталды!

Бас зоотехник: Кеттік, кеттік!

Бас малдәрігері: Ура, екінші айналым жасасын! Кеттік!

“ДЫМЫҢ ІШІНДЕ БОЛСЫН...”

Катысушылар:

Бригадир және бір топ малишалар.

Тұскі үзіліс кезінде мал өсірушілер кешегі құні көрген-білгендерін, естігендерін ортаға салып кеу-кеулесіп отыр.

I малши: Кеше теледидарды тамашаладыныздар ма, сиқыршының кереметін-ай! Тіпті істемейтіні жок.

II малши: Туа біткен касиет кой, сірә, біздің балалар да бір мәре-сәре болып қалды.

Әңгімеге манадан үнсіз отырған бригадир Сәлимәш араласты.

Бригадир: Туу, жокқа таң қалып, тамсанады екенсіндер. Көзбояу фой оның бәрі. Нағыз сиқыршылар некен-саяк. Ал енді мына мен кезінде солардың жолын күтанды бар ғой, алдыма жан салмаған болар едім. Сахнадағы сиқыршылардың сыры белгілі. Көбіне олар қолдың ептілігіне сенеді. Ал ойдаң ұшқырлығына не жетсін! Бөсіп кетті демессіздер, менде осы жағы басым ба деймін.

“Аузы кисық болса да байдың ұлы сөйлесін” деген емес пе, ешкім уәж қайтарған жок. Бұдан кейін бригадир көп бөгелмеді.

I малши: Бастығымыз не деп кетті осы?! Түкке түсінсем бұйырмасын, шыны ма әлі әзілі ме?! Жұрт таныған сиқыршылардың сыры маған мәлім. Қолдарынан түк келмейді деген жоқ па?!

II малши: Түсінбесен, мен саған түсіндірейін. Бірақ дымың ішінде болсын. Шынында да сахна шеберлері біздің Сәлимәшпен өнер салыстыра алмайды.